
№42 (50) / қаңтар / 2024

SARASÓZ



Ақында адамзаттан дос болмайды,
Жалғыз-ақ сыр сөйлейді қаламына

Мағжан Жұмабаев

130 жыл

Директор-Бас редактор
Гүлжаз ҚАРЫБЕК

Журналдың арнайы санына идея ұсынып, демеушілік қолдау білдірген - Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері Дүйсен Қорабайұлы Қасейіновке алғыс білдіреміз

Дизайны: **Бекжігіт Сердәлі**
Қатегері: **Гүлсім Елубай**
SMM-менеджер: **Еңлік Қалдархан**
Суретші: **Мұрат Шаханбай**

**Редакцияның мекен-жайы: Түркістан қаласы, Бортөбе көшесі, 33-үй.
Тел: +7 702 839 86 88, электронды пошта: gulastana100@mail.ru**

**Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитеті мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды қайта есепке қою туралы куәлігі №KZ81VPY00049690 27.05.2022 ж. берілді.
меншік иесі: ЖК «Қыдықбекова Г.К.»**

Журнал «Print houze Gerona» ЖШС баспаханасында басылды. Мекен-жайы: Алматы қаласы, Сәтпаев көшесі, 30 А/3-үй

Мақала авторының көзқарасы редакцияның көзқарасы болып есептелмейді. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. «Сарасөзде» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, журналға сілтеме жасалуы міндетті

**Таралу аймағы:
Қазақстан Республикасы, Түркия**

Таралымы: 2000 дана

Индекс – 74974

**1 жылға жазылу бағасы:
9 200 тг**

www.sarasoz.kz

sarasoz.kz

**+7 702 839 86 88
+7 700 098 48 58**

14-БЕТ

ТЕЛЕТУЫНДЫ

СЕЗІМ САРБАЗЫ, РУХ САРДАРЫ



20-БЕТ



МАҒЖАН ПОЭЗИЯСЫ

ТҰРАНҒА ЖЕР ЖҰЗІНДЕ ЖЕР ЖЕТКЕН БЕ?
ТҮРІККЕ АДАМЗАТТА ЕЛ ЖЕТКЕН БЕ?

27-БЕТ

«Халықтың Мағжанға деген сағынышы әлі басылған жоқ»
Жарасбай СҰЛЕЙМЕНОВ
мағжантанушы



35-БЕТ



ДҮЙСЕН КОРАБАЙҰЛЫ - ҚАСЕЙІНОВ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕҢБЕК СІҢІРГЕН ӨНЕР ҚАЙРАТКЕРІ,
«ҚҰРМЕТ», «ПАРАСАТ» ОРДЕНДЕРІНІҢ,
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ «БОСТАНДЫҚ»
СЫЙЛЫҒЫНЫҢ ИЕГЕРІ

САРЫТОМАР САҢЛАҒЫ

БАСТЫ СӨЗ

ҰСТАЗ

Бейсембай Кенжебайұлы



АҢДАТПА

...Алдарыңызда қазақ халқының атақты ақыны Магжан Жұмабайұлы тағдыры жайында естелік... Естелік авторы қыранжүрек ғалым Бейсембай Кенжебайұлы!

Уақыт адамның ірілігін, тірілігін, қысқасы кісілігін әр уақытта әрқилы сынайтын әдеті. Кезінде жау жоқта жау тауып, айғай салғандар да бүгін дүрдиісіп күпсіне сөйлей алатынын байқап жүрміз. Халық басына нәубәт болып келген отызыншы жылдары майысқақ жандар көп болды. Ал алдымыздағы естелік авторы сол 30-шы жылдардың қанды қырғынынан ары ақ қағаздай эппақ күйінде шыққан ардагер азамат. Естеліктің бағалы болатын бір себебі осында.

Бұл қарапайым естеліктердің айрықша қадірлі болатын тағы бір себебі – оны авторы қайта құрудың шарапатынан әлдеқашан бұрын (70-жылы) жазған. Ешқандай есепсіз адал жанымен жазған. Ал ол бұл естеліктерге дейінгі әр жылдары осынау халық деп қасірет шеккен қаламгерлердің қара тақтаға жазылған есімдерін ағарту үшін қаншама күресті десеңізші! Сол жолда өзінің де ұдайы ұлтшыл атанып, жұмыстан қуылып, КПСС қатарынан шығарылғаны, үй түрмесіне қамалғаны, ісі Москваға дейін жетіп қаралғаны - жұртшылық жадында! Бұл қарапайым естеліктердің қадірлі болатыны – түрлі орындар сілкілеп сілікпесін шығарғанына қарамастан, батырғалым өмірдің өткіншілігін сезіп, бар көрген-білгенін хатқа түсіріп, естелік жазып отырғандығында.

Дүниеден көшерінен екі жыл бұрын, 1985 жылы мені шақырып алып, аманатын айтты:

«Әдебиет дегеніміз, - тұтас әлем, деді

ол. - Әдебиет – ұлттың рухани қазынасы. Әр дәуірде өмір сүрген ақын, жырау, жазушы жылнамашыларды түгендеп, орын-орнына қоймай, қазақ әдебиетінің ғылыми тарихы жасалды деуге болмайды. Аласапыран уақытта халқын сүйіп, шығарма жазған адамның бәрі ұлтшылдықпен айыпталды да алыс сапарға айдалды. Олардың соңына түсіп, әдеби мұрасын іздеушілер де ұлтшылдық қамытын киді. Соның бірі - мен. Жылдар бойы жүргізген әрекеттен ештеңе шықпағанына қапалымын. Ал оларды ақтау үшін жүргізген күресіміздің жеңіске жетпеуінің бір себебі - кезінде олардың айдалуына себеп болған, терең мұрасының өңін айналдырып, пайдаланғандардың күні кешеге дейін арамызда тірі жүргені. Бірақ шындық түбі бір жарқырап шығады.

Ар алдында ақ сөйлейтін күндер келер. Сондай бақытты күн тусамына естеліктерімді жариялатарсың. Саған аманат! Менің жазуым – қоспасыз таза естелік. Олардың өмірі мен творчествосы жайында кейінгі ұрпақ та айта алады, тіпті олар бізден де мықты айтса керек. Бірақ біздің көрген-білгенімізді кейінгі ұрпақ қайдан білсін. Сондықтан да, бірыңғай естелікке бардым. Аманат саған!»

Осындай бірегей елдік ойда жүрген көрнекті ғалымның алдағы күнге иек артып, естелік жазып қалдыруының өзі ең алдымен азаматтық парызды адал атқару! Айнымас адамшылық, тегеурінді табандылық. Сосын... Сосын әрі ерлік, әрі сүйекке сіңірер өшпес өнеге! Бейсембай Кенжебаевтың алдындағы ағаларына, замандастарына адалдығы ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып көшер мінез. Ұлтқа қызмет етпек мінезден (Ә.Бөкейхан). Ғалым алғаш «қанат қаққан» «Лениншіл жас» газетінде тұңғыш рет жарияланған естелікті «Сарасөз» журналына қайыра еш өзгеріссіз жарияға ұсына отырып қарапайым естеліктің кейінгі ұрпақ, біздер, келер ұрпақ үшін айрықша қымбаттылығы – ұлы ақын тұлғасына, ұлы ақын рухына соншалықты адалдығы!

Естелік жазуға аяулы ұстаз Бейсекең бірден келген жоқ. Әуелі 1924 жылы Москвада И.В.Сталин атындағы Шығыс халықтары коммунистік университеті студенттерінің қатысуымен (университет қабырғасында) Магжан Жұмабайұлының ұлтшылдығы талқыланады, дұрысы әшкереленеді. Баяндама жасаушы Магжанның шәкірті – жас ақын. Жиналысты ашып, жауып, жетелеп, әшкерелеуші Магжанның досы – ардақты Нәзір Төреқұлов. Шамасы, Магжанды сынап, әшкерелеп – түзеу орнында қалдыру! Орталық комитеттен түскен тапсырманы Москвадағы қазақ ортасы осылай жауып тастамақ. Өйткені, арыз иесі «Түркістан республикасынан» түсіп отыр. Әсіре коммунист, мансапқор «Тілмәш» И.В.Сталин атына күйелеш хат жазған. «Донос» деуге де болады... Оны осылай ортаға алып қарап, талқылап, қарарын Орталық Комитетке ұсынбаса болмайды. «Арыздың» соңынан Москваға жеткен «Тілмәшті» Нәзірдің шыдай алмай жұдырықпен бетінен соғып-соғып жұдырықтап жіберетін себебі міне, осыған байланысты. Әлгі «әшкере» жиналыста Магжан ұстазын шырылдап қорғаған жалғыз қара – студент шәкірті Бейсембай Кенжебайұлы! Бір деңіз!

Екінші. Хурщевтік «жылымыққа» (И.Эренбург) арқа сүйеп 1965 жылы профессор Бейсембай Кенжебайұлы Қаз ҰМУ қабырғасында «Магжан Жұмабайұлын ақтау жайында» жиналыс ашады. Оған Магжан аудармашылары А.Л.Жовтис, Х.Махмудов қатысады. Қазақтардан профессор Т.Нұртазин, жазушы Т.Ахтанов. Жиналыс орта шеніне жетержетпесте комсомол комитетінің хатшысы К... (кейін академик) Сәбит Мұқановқа хабарлап, Сәбит жарықтық Орталық Комитет алдына мәселе қойып, Бейсекең бастаған қаламгерлерге ұлтшылдық жарғысы тағылып, бастары істі болады. Әупірім-тәңірмен басылады бұл оқиға. Бірақ,

бірақ Магжанды ақтаушылар үміті тасқа соғылғандай күй кешеді. Сенім семіп қалмаса да, өздері сынып кетпесе де – табаны қайтып, тауаны шағылады. Күрестің өзге жолын таппай профессор Бейсембай Кенжебайұлы дағдарады. Инфаркт, инсульт – екеуін қатар алады. Дерт. Дерттен әупірім-тәңірлеп тұрып, аягына мінген соң 1970 жылы осы «Ұстаз» аталатын естелігін жазады.

Бұл советтік аталатын тоталитарлық жүйе кезінде жазылып, сақталып бізге жеткен – жалғыз естелік!

Естелік мақаланы «САРАСӨЗ» журналына ұсынушы, ҚР Жазушылар одағының «Бейсембай Кенжебайұлы әдеби мұрасы жөніндегі комиссияның» төрағасы – профессор **Құлбек ЕРГӨБЕК**
26 желтоқсан 2023 ж.

* * *

Данышпан В.И.Лениннің ұлт саясатының арқасы, күш-қуаты ғой: бір сыпыра қазақ жастары 1922 жылы Москвада күншығыс еңбекшілерінің коммунистік университетіне оқуға түсіп, бірінші курста барлық сабақты өз ана тілімізде оқыдық; екі

жыл бойы негізгі сабақтардың бірі ретінде қазақ тілі мен қазақ әдебиетін үйрендік.

Сонда бізге қазақ тілі мен қазақ әдебиетін бір жыл Темірболат деген мұғалім, бір жыл әйгілі қазақ ақыны Мағжан Жұмабаев оқытты.

Ол кезде Мағжан Москвада орыс халқының үлкен ақыны, ғалым В.Я.Брюсов



ашқан, басқаратын жоғарғы көркемөнер институтында, соның әдебиет факультетінде оқушы еді.

Қазақ тілі мен қазақ әдебиеті группасының старостасы мен едім. Содан мен оқытушылармен көбірек байланысты болдым. Әлі есімде, Мағжанмен сабақ алдында, сабақтан кейін үнемі ұшырасып сөйлесіп жүрдім. Кейде үйіне де барып, әңгімелесетін кездерім болушы еді.

Москваға, оқуға Мағжан Түркістан Автономиялы Советтік Социалистік Республикасы атынан барған болатын. Содан ол Зұлиха жеңгей екеуі Түркістан республикасы уәкілдігінің бір Үйінде, бір бөлмеде тұратын, (Көшесінің атын, үй нөмерін ұмыттым).

Мағжан сұлу еді: орта бойлы, толық денелі, бұйра қара шашты, аққұба бидай өңді еді. Бет пішіні Абайдың белгілі суретіндегі бет пішініне ұқсайтын. Жүріс-тұрысы жарасты, сәл маңғаз еді. Осының бәрінің үстіне ол қызмінезді де еді.

Қырқыншы, елуінші жылдары бірге жүргенімізде кейде сөз арасында Мұқаң (Мұхтар Әуезов) айтар еді.

Мағжан ғалым, тәжірибелі шебер оқытушы, асқан методист-педагог еді. Педагогика жайында, қазақ тілі мен қазақ әдебиетін оқыту жайында жарияланған кітабы, мақалалары болушы еді. Осыдан болу керек, ол бізге қазақ тілі мен қазақ әдебиетін тамаша оқытты: сабақ үстінде лекциялық, практикалық әдістерді ретімен қатар қолданар еді.

Мейлі лекциялық сабақта болсын, мейлі практикалық сабақта болсын, ол қағазға, кітапқа қарамайтын. Сөз арасында келтіретін мысал өлеңдер мен әңгімелерді түгел жатқа айтатын. Декламация оқып тұрған, тәрізді барлық нәшін, сипаттайтын, қимылын келтіріп айтатын.

Ұстазымыз бізге алғашқы сабақтан бастап-ақ тапсырма берді. «Әркім өзі білген бір ертекті жазып келсін. Соны класта оқып, бәріміз бірге талқылаймыз» - деді. Солай істеді де.. сөйтіп, ол бізге әрі әдебиетті, әрі дұрыс жазуды үйретті, әрі мақала-шығарма жазуды үйретті.

Мен сабаққа «Қыз бен таз» атты ертек жазып келдім. Оны сабақта Мағжан өзі дауыстап оқып шықты. Әуелі, қолжазбаның емле қателерін тізіп көрсетті, оларды байыптап ұғындырды. Ақырында, «бұл өзі баспасөз бетінде шығаруға болатын ертек» - дегенді айтты. Ұзамай мен қолжазбамды, оның мұғалім-көрсеткен қате-кемшіліктерін түзеп, мұқият қайта жазып, «Бекен» деп қол қойып, сол кезде Ташкентте шығып тұратын жастар баспасөзі «Жас қайрат» журналына жібердім. Журнал оны сол күйінде басып шығарды. Бұл менің тырнақалдым, тұңғышым болды. Осыдан былай мен «Жас қайрат», «Еңбекші қазақ» газеттеріне тілші болып, жиі хабар, мақала жіберіп жүрдім.

Бірнеше сабақта біз Абай өлеңдерін оқып-үйрендік. 1923 жылы Ташкентте Абай өлеңдері екінші рет кітап болып шыққан еді. Сол кітапты тексердік. Осы сабақтарда Мағжан Абай өлеңдерін жаттату, талдау, танытумен қабат әдебиет теориясының, эстетикалық көптеген мәселелерін түсіндірді, көркем шығарманы өлеңді, ақын творчествосын түсіну, талдау жолдарын, әдістерін үйретті.

Сабақ үнемі әрі өлең талдау, әрі әдебиет теориясы, эстетика жайлы әңгіме болып, әрі ғылыми, өте қызық болып жүрді. Оқытушының сабақ үстінде жаңалық, әсемдік туралы айтқаны бүгінге дейін есімде. Ол құмар келеді; адам-әсемшіл: әсемнен әсем, сұлудан сұлу таңдайды. Бұл - әсемдік заңы. Адам баласының, қоғам өмірінің ілгері даму жолдарының бірі.

Ұстазымыз: «тексеруші, сыншы, ақын шығармасын тексергенде, ол ақын ба, қандай ақын, кімнің ақыны, нені жырлайды, қалай жырлайды, - деген сұрауларға жауап беруге тиісті. Яғни, ақынның ақындығын, ақындық күш-қуатын, шығармасының әлеуметтік мағынасын, әсемдік құнын ашуға, дәл, әділ бағалауға тиісті», деп көңілімізге тоқып еді.

Бірінші семестр аяғында университеттегі қазақ оқушылары әдебиет үйірмесінің жалпы жиналысында мен Абай туралы баяндама жасадым. Баяндамамды әлгі оқыған сабағымыз, ұстазымыз көңілімізге тоқыған жоба ізімен келтірдім. «Абай ақын ба? Қандай ақын? Кімнің ақыны? Нені жырлады? Қалай жырлайды? деген сұрақтар қойып, соларға өзімізше жауап бердім: Абай ақын, күшті ақын: Абай халық ақыны, қазақ халқының әлеуметтік тұрмысын, арманын жырлады, әсем жырлады деп қорыттым. Кейінірек мен осы баяндамамды қағаз бетіне түсіріп, өзін қысқа хат жазып, «Еңбекші қазақ» газеті редакторының орынбасары, әйгілі ақын-жазушы Бейімбет Майлинге жібердім. Кем-кетік болса, түзеп, толықтырып газетте жариялауын өтіндім. Ол «Абай» деген атпен аталған газеттің 1925 жылғы август айындағы екі санында басылды.

Әдебиет үйірмесінің жиналысында Абай өлеңдерін талқылаған соң, ұзамай Мағжан өлеңдерін де талқылады. Оның 1924 жылы Ташкентте басылып шыққан өлеңдер жинағын сөз қылдық. Үйірменің ол жиналысына Москвадағы қазақ оқушылары мен қазақ қызметкерлерінің көбі келді. Атап айтқанда: сол кездегі СССР халықтары орталық баспасының директоры Нәзір Төреқұлов, Орталық комсомол комитетінің бюро мүшесі, коммунист жастар интернационал атқару комитетінің бөлім бастығы Ғани Мұратбаев, басқа оқу орындарынан Ғаббас Тоғжанов, Садықбек Сапарбеков, Жекен Сәрсенбин, тағы тағылар қатысты. Күн тәртібіне қойылған мәселе туралы өзіміздің оқушы, жас ақынымыз Өтебай Тұрманжанов баяндама жасады. Баяндама бойынша көп адам шығып сөйледі. Университет оқушыларынан басқа әлгі Нәзір, Ғани, Ғаббас, Жекен шығып пікір айтты. Қызу да үлкен айтыс болды.

Мағжан және оның өлеңдері жөнінде сөйлеушілер екі түрлі ой-пікір, көзқарас білдірді. Бірқатар сөйлеушілер Мағжанның бірсыпыра өлеңдері қате: ұлтшылдық, сарыуайымшылдық, рухта жазылған. Жалпы мағжан үлкен ақын» деді де, көпшілік буржуазияшыл-ұлтшыл, бізге мүлде жат ақын деп қорытты. Жиналыс Мағжан және оның Өлеңдері жөнінде осы соңғы бағытта қаулы алды. Жиналыстың хабары, қаулысы Қазақстанның орталық газеті «Еңбекші қазақта» түгел жарияланды.

Әдебиет үйірмесінің Мағжан өлеңдерін талқылаған жиналысы өткен орайда болған бір сабақтан кейін мен Мағжанды үйіне дейін шығарып салдым. Екеуміз жол-жөнекей әңгімелесіп бардық. Мағжан өзі жөнінде әңгіменің бәрін әбден қанып естіпті, жақсы біледі екен. Сонда да, сөз болсын деді-ау деймін:

- Сонымен не дейді? Маған не істе дейді? – деп таңырқап ойланды. Біле тұрса да, мен оған жиналыс қаулысын хабарлап, сөйледім:

- Сізге үлкен-үлкен қателері бар ұлтшыл ақын, оның шығармалары бізге жат, зиянды деп тапты ғой, - дедім.

- Рас, қате деген болған, өткен, оны қазір өзім де білемін. Ал «иілген мойынды қылыш кеспес» деген бар емес пе? – деді.

Оған мен лəм-мим дей алмадым. Бірақ осы жол-жөнекей әңгімеден мен оның өз қателерін түсініп, соған қатты өкініп, бұрынғы кінәсін не істеп, қалай жуарын білмей жүргенін байқадым.

Бір жолы мен Мағжанның үйіне бардым. (Не жұмыспен қалай барғанымды қазір білмеймін). Мен барғанда Мағжан жұмыс істеп: жазу жазып отыр екен. Сұрастыра келгенімде Максим Горькийдің кейін қазақ тілінде «Сұңқар жыры» деген атпен кітап болып шыққан

АРЫСТАНДАЙ АЙБАТТЫ, ЖОЛБАРЫСТАЙ ҚАЙРАТТЫ – ҚЫРАНДАЙ КҮШТІ ҚАНАТТЫ. МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН!

әңгімелерін аударып жүреді екен. Дәл мен барғанда «Старуха Изергиль» атты әңгімесін аударып отырған болып шықты. Мен тек отырмадым: балалық ұстап, құмарлық қысып, бір кезде мойнымды созып Мағжанның стол үстіндегі жазып отырған қағазының бетіне үңілдім. Онда «Жұртын сүйген жүрек» деген сөзбасы көзіме түсті.

- Аға, аударып отырған әңгімеңіздің аты жаңа, ауызша айтқаныңызда басқа еді, қағазда жазғаныңызда бір басқа ғой?-деп сұрадым.

«Ұстаздық қылған жалықпас, үйретуден балаға» деген емес пе, Мағжан столдан шегініп отырып, маған бұл жайдың мәнін баяндады. Абайдың А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, И.А.Крылов өлеңдерін қалай аударғанын түсіндірді. Абай орыс өлеңін қазақ өлеңі етіп жіберген ғой дегенді айтты. Сөзіне мысал келтірді.

- Лермонтов «Дұға» атты өлеңінде өз жүрегіне: кем-кетігің есіңе түсіп, кейде сен зарланасың, тулайсың, сонда мен сенің отыңды басу үшін бір тамаша дұға оқимын.Лермонтов өлеңінің осы шумағын Абай:

«Өмірде ойға түсіп кем-кетігің,
Тулағыш мінезің бар жүрек, сенің.
Сонда сенің отыңды басатұғын
Осы өлең – оқитұғын дұғам менің», - деп жарасты, күшті етіп аударған. Өлеңнің дұғалық күш-қуаты бар деп біліп, ол «бір тамаша дұға оқимын» деген тармақты, «осы өлең оқитын дұғам менің»,- деп қиыстырды деді. Ақырында:

- Басқа тілден шығарма аудару ол шығарманы өзінікі етіп алу деген сөз, өзінікі болған соң, ол өгей бала емес, туған бала болуға тиіс. Яғни өгей бала екені мүлде білінбеске керек. Ол үшін шығарманың тұрқы, тұлғасы аударылмай, мағынасы, рухы аударылуы қажет. Мына әңгіме осылай аударуға әбден келіп, соны өзі тілеп тұр: әңгіменің рухы, жаны атында емес, асыл затында, мағынасында, ал мағынасы - халқын сүйген ер азамат жайлы, жұртын сүйген жүрек туралы. Тағы бұл әңгіменің осылай «Жұртын сүйген жүрек» болып аударылуы оны жазған кісінің, Максим Горькийдің өз стиліне дәл, оның осы әңгімені жазған кезде ұстаған әдебиеттік бағытына сай деген-ді.

Мағжанның осы табан астында айтқан ақылы, үйреткен тәсілі менің көңіліме әбден қонды. Кейін, әңгіме, мақала, кітап аударумен айналысқанда мен осы ақыл-тәсілді мықты ұстадым: аударған заттарымды мейлінше қазақша етіп, нағыз қолтума етіп шығаруға тырыстым.

1925 жылдың басынан мен СССР халықтары орталық баспасының жанындағы қазақ секциясының жұмысына араластым бірде-екілі кітап аударып, бастырдым. Сол жылы жазда университетті бітіріп, Қазақстанға қайтқалы жүргенде бір жолы барғанымда, қазақ секциясында Мағжанды көрдім. Ол В.И.Ленин шығармаларын аударып бастырып жүр екен. Ұзамай кітап болып шықты: Мағжанның ол аударып жүргені В.И.Лениннің 1905 жылғы революция жайындағы еңбектері екен.

1927 жылы Мағжан өзінің қатесін, барлық кінәсін мойындап, оны кешуді өтініп, қазақстанның Советтер сьезіне арыз етіп «Тоқсанның тобы» атты ұзақ өлең жазды. Оны былай қорытты:

...Ұзын сөздің түйіні,
Он демейдім, демеспін,
Бұл тоқсанның жиыны
Ой кезінде көмескі,
Жүзден тоқсан түгел бар.
Жырладым елді жалпылап.
Жүзден тоқсан еңбекші.
Жасырман: жүзді жақтадым.

Он тоқсанға көнбекші,
Тоқсанға енді тоқтадым,
Көнбесе жаныштар жігер бар.
Толғанып, ойлап тапқылап.
Ес біліп, ойлап, толғанып,
Сөздің тоқтар түйіні,
Қолыма қалам алғалы.
Бұл – тоқсанның жиыны.

Сөйлеген емен жасыра.
Осы- армансыз білгенім.
Мен мұңдымын мұңдастым,
Тоқсанның сонау он аулақ,
Адассам, ел деп адастым.
Сонау окнан мен аулақ,
Он деген емен асылы.
Мен тоқсанмен біргемін.

Бұл – ақынның тап шыңы, бар сыры, ақ пейіл еді. Амал қанша, оны «көргіштеріміз» көрмеді, «білгіштеріміз» білмеді, Содан әділ бағаламады. Айтқанын «айтпады», - қасырды, жазғырды.

«Лениншіл жас»,
4 қаңтар 1989 жыл.

ТҮРКІСТАН

Сөзі: Мағжан Жұмабаев Әні: Сауранбек Елеуов



Ертеде Түркістанды Тұран дескен,
Тұранда ер түрігім туып-өскен.
Тұранның тағдыры бар толқымалы,
Басынан көп тамаша күндер кешкен.

Қайырмасы:

Түркістан — екі дүние есігі ғой,
Түркістан— ер түріктің бесігі ғой .
Тамаша Түркістандай жерде туған
Түріктің Тәңірі берген несібесі ғой.

Тұранға жер жүзінде жер жеткен бе?
Түрікке адамзатта ел жеткенбе?
Кең ақыл, отты қайрат,жүйрік қиял,
Тұранның ерлеріне ер жеткенбе?!

Қайырмасы.

ТҮРКІСТАНДА

Мағжан Жұмабайұлына кісі бойы ескерткіш тұрғызылуы керек

(ТҮРІКСТАН ҚАЛАСЫ ӘКІМІ НҰРБОЛ ТҰРАШБЕКОВКЕ!)





Құрметті Нұрбол!

Түркістанға Мен 1992 жылы біржолата қоныс аударып келдім. Бақандай 25 жыл тұрған, жасыл желек жамылған Алматыдан Мені ешкім де қуған жоқ. Астанаға шақырғыштағаны бар. Мырзатай Жолдасбеков, Ерлан Сыдықов (ЕНУ ректоры) Астанаға бірнеше рет шақырды. Жақсы қызмет, жайлы үй-жай уәде етілді. Барғаным жоқ. Бәлкім, Өзбекәлі Жәнібектің бір сөзі себепкер болды-ау. «Менің Орталық Комитеттің хатшысы болған немді алған? Түркістанға біржолата кетіп, жәдігершаһарды музей-қалаға айналдыруым керек еді ғой. Сонда өлуім керек еді...» - деген әруағыңнан айналайын Өзекең. Қазақтың ұлттық мәдениетін жаңғыртушы еңсегей тұлғаның осы сөзі Маған аманаттай ішіме кіріп жатып алды... Оның үстіне 1991 жылы Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан республикалары басшылары Түркістанда бас қосты. Туысқан халықтар басшылары әрбір жылы Түркістанда кездесіп тұрамыз деп бәтуаласты. Оны Шерхан Мұртаза «Түркістан декларациясы» атап «Социалистік Қазақстан» газеті бетінде көлдей етіп жариялады. Ұрыста не тұрыс бар? Түркістанға тарттым да кеттім.

Содан бері Түркістанда әлденеше бірінші хатшы ауысты. Содан бері әлденеше әкім орынтақ алмастырды. Бүгінде өлісі, тірісі аралас. Тағдыр. Табиғат. Мәселе онда емес. Мәселе Түркістан гимнін жазған Мағжан Жұмабайұлының жағдайы! Бұл хаттың Саған арналып жазылу себебі – бүгінгі күні Сен Түркістанның әкімісің!

Мағжан Жұмабайұлы (1893 – 1938 ж.) аралығында өмір сүрген, коммунистік идея, жеке адамға табыну – сталинизм құрбанына айналған адам. Соңында жобамен, екі том еңбегі қалды. Әдебиет деген көлеммен өлшенбейді. Әлгі екі томда дүниеғаламның сыры бар, қазақ деген халықтың

мұңы бар. Ол тарих болып сөйлейді, ол Қорқыт болып күңіренеді, ойлайтыны – алты алаш қамы, іздейтіні – алаш азаттығы, ол – бүгінгі тәуелсіздікті аңсаған адам, егемен елдікті көксеген ұлы ақын. Рулық сана, ұлттық санадан XX ғасыр басында-ақ көтеріліп, ТҮРІКТІК ТҰТАСТЫҚ – түркішілдік идея биігіне көтеріліп, сол биікте жыр қашап, ой толғап өткен эмблемамыз!

Ол Москвада В.Брюсов ашқан өнер институтында оқыған, оқи жүріп И.В.Сталин атындағы Күншығыс халықтары коммунистік университетінде сабақ берген, орыстың А.Блок, А.Белый, О.Мандельштам секілді ұлы ақындарымен бір жүріп, бір тұрған достығы өз алдына, түрік (қазақ, өзбек, қырғыз, түркімен, қарақалпақ, әзербайжан. т.б.) балаларына қазақ тілінен сабақ беріп, білім, өнер үйреткен ұстаз. Баланың ғана емес, тұтас қазақ халқының, қала берді дүйім түрік жұртының ынтымақ-бірлігін ойлаған түркішіл жан. Түркішілдік дегеніміз не?

Түркішіл болу үшін алдымен ұлтшыл (қазақ – қазақшыл, өзбек - өзбекшіл, қырғыз – қырғызшыл. т.б.) болу керек, сосын әрбір түрік азаматы (қазақ, өзбек, қырғыз т.б.) мемлекетшіл болуы керек. Содан кейін ғана тұлға (адам) түркішіл бола алады. Қ.К.Тоқаев айта беретін «Түрік мемлекеттері саммитін» осы ыңғайда түсінсек құба-құп! «Түркістан – түрік халықтары рухани бас қаласы» (Қ.К.Тоқаев) ұғымын осындай түсінікпен қабылдасақ, шіркін! Ал, Мағжан Жұмабайұлы XX ғасырдың басында-ақ түркішіл биікке көтерілген жан. Олай болса күллі түрік дүниесінің ынтымақ-бірлігі жайында мәселе көтеріліп жатқан бүгінгі күні жер жүзінде Мағжан Жұмабайұлына кісі бойы бір немесе әртүрлі бірнеше ескерткіш орнатылса жарасады. Ол – ұрпағының – Сіз бен біздің ұлы рухқа адалдығымыз болып шығады. Ақын арманының жүзеге асуы болып шығады! Мағжан Жұмабайұлына ескерткіш орнатылып та жатыр. Балташ Тұрсымбаев баяғыда Түркиеде елші болып жүргенде бұл істі жүзеге асырып бастап та кеткен еді. Алда да Мағжанға ескерткіш орнатыла да бермек. Өкініші Түркістанда әлі күнге Мағжанға арналған үлкен ескерткіш жоқ. Саған дейін қанша хатшы, Саған дейін қанша Әкім келді. Кетті. Жағым-жағыма тимей, сол басшылықтың бірін қалдырмай осы ұсынысты айтып, шаужайына жармасумен келемін. Әліпбек Өсербаев іске кірісіп-ақ еді. Үлгермеді. Түрткіштер түртті. Түртіп-түртіп басқа ауданға ауыстырып жіберді. Ақыры өліп тынды.

Сіз бен біз тіршілік етіп отырған мына көне шаһардың «Түркістан» аталуы тектен-тек емес. Түрік халықтары әуелде бір атадан тараған, өсе келе енші алысып, бірақ ынтымақтаса ежелден бірге келе жатқан, өзара мидай араласып өмір сүрген халықтар. Басқасын былай қойып, бүгінде күллі дүние жұртын мойындатып отырған «Түркие Республикасын» құраған оғыздар да осы Түркістан маңынан, Сырдария жағалауынан аттанып кеткен. Қасымыздағы «Шәуілдір» оғыз тайпасының аты, Түркістанға қарасты «Шорнақ» - оғыз тайпасының атауы. Ол жерді оғыздың «шор» тайпасы мекендеген. Бүгінде олар Түркиенің Әмет қаласына қоныс тепкен. 15 мыңдайы(кей деректе 4 мыңнан астам.) Новосібір маңын мекен етіп жатыр. Күннен күнге азайып, өліп бара жатқан түрік тайпасы, қазақпен алыс ағайынға айналған! Мағжан өлеңінде барша түрік тайпалары бір-бірінен енші алып тарасқанда Түркістан – қара шаңырақ ретінде қазақтарда қалғаны әдемі айтылады. Ол үшін «Түркістан» өлеңін оқысақ жетіп жатыр. Бар тарих бір өлеңге сыйған. Олай болса «Түркістан» - күллі түрік дүниесінің рухани астанасы»-деген сөз өте орынды. Демек, күллі түрік дүниесінің рухани астанасы – бір кезде күллі түрік тайпалары тоқайласа келе, шоғылыса келе енші алысқан жер ретінде Түркістан – күллі түрік халықтарына ортақ. Олай болса, осындай қалада түрік ынтымағын ойлаған, жырлаған Мағжан Жұмабайұлына ескерткіштің болмауы ұят-ақ. Қала әкімі ретінде бұл Сенің қабырғаңа батуға тиісті.

Түрік халықтары ынтымақ бірлігінің соңғы көрінісі – «Түркістан республикасы!» (1920 -1925 ж.) Көріп отырсыз 1920 жылы құрылып, 1925 жылы ыдырады. Өзге түрік бұтағымен ынтымақтаса отырып құрған өзіміз – қазақтар, И.В.Сталинге донос жазып құлатқан, ыдыратқан тағы өзіміз – қазақтар! Біздің ойымызда «Түркістан республикасы» жоқ. Жадысызбыз. Ұмыт болған. Есесіне біздің мойнымызда «Түркістан мұхтарияты»-«Түркістан республикасы» обал-сауабы бар. Оны донос авторына жауып қоя салу – құтылудың ең оңай жолы. Ал «Түркістан республикасын» (мемлекетін) құрушының бірі – Мағжан Жұмабайұлы! Қолында қаламы жоқтары әлгіндей «доносымен» қалды тарихта, ал қолында қаламы, жүрегінде оты, жанында түріктік рухы бар Мағжан Жұмабайұлы асыл-ақық жырларымен қалды тарихта. Ол жырдың тамаша үлгісі – М.Жұмабайұлының «Түркістан» өлеңі. Сіз бен біз Түркістанда не үшін жүрміз, егер өлгенді тірілтіп, өшкенді жандыра алмасақ?! Түркістан әкімі болу – бір ескі шаһар экономикасына ғана жауапты болу деген сөз емес, Нұрбол! Түркістан әкімі болу – ыдырап кеткен түрік дүниесі ынтымақ-бірлігінің жаңа жағдайда жаңаша қайта қалпына келуіне ықпалды болу, ыдырап кеткен (зорлықпен ыдыратылған) «Түркістан республикасы» (мемлекеті) рухын бүгінгі ұрпақ есіне салу, бүгінгі ұрпақтың жадын жаңғырту, соған лайық істер атқару! Бұл, бір жағынан уақыт талабы, бір жағынан Президенттің түрік дүниесінің ынтымақ-бірлігі жайлы ойы

(тапсырмасы деп білген жөн), идеясына іспен жауап беру. Жаңалықты идеясына ілесе білушілік болып шығар еді. Егер Түркістанда қазақтың түркішіл ұлы ақыны Мағжан Жұмабайұлына еңселі ескерткіш тұрғызылар болса – Президент идеясын қолдау дегеніміз осы!

Әдебиет пен өнер – қашанда ұлттың, ұлт мұрындық болатын мемлекеттің жақсы істерінің көрсеткіші, тіпті насихатшысы, жаршысы. Сырт жұрт, шет ел – біздің экономикаға қараса қарайды, қарамаса – қандай өнері бар – соған қарайды. Мағжан Жұмабайұлының «Түркістан» аталатын өлеңі - өлең-өнерінің бір биік құзар шыңы. Қане, екеуміз сол ұлы ақынның ұлы өлеңін ортаға алып, бірге оқып көрейікші.

ТҮРКІСТАН

Түркістан — екі дүние есігі ғой,
Түркістан — ер түріктің бесігі ғой .
Тамаша Түркістандай жерде туған
Түріктің Тәңірі берген несібесі ғой.

Ертеде Түркістанды Тұран дескен,
Тұранда ер түрігім туып-өскен.
Тұранның тағдыры бар толқымалы,
Басынан көп тамаша күндер кешкен.

Тұранның тарихы бар отты желдей,
Заулаған қалың өрттей аспанға өрлей.
Тұранның жері менен суы да жат,
Теңіздей терең, ауыр ой бергендей.

Тұранның егі-шексіз шөлі қандай,
Теңіздей кемері жоқ көлі қандай!
Тұранның дария аталған өзендері
Тасыса, шөлді басқан селі қандай!

Тұранның таулары бар аспанға асқан,
Мәңгіге басын аппақ шаштар басқан.
Бауырында ерке бұлақ салады ойнақ,
Жаралып таудан аққан салқын жастан.

Шөлдер бар, жел де жүрмес, сап-сары құм,
Моладай ешбір үн жоқ мәңгі тып-тын.
Болмақ па жан-жануар шексіз шөлде,
Сары құмда салар ойнақ пері мен жын.

Тұранның теңіз дерлік көлдері бар,
Шалқыған егі-шетсіз Теңіз, Арал.
Бір шетте қасиетті Ыстықкөлдің
Бауырында дүние көрген түрік көкжал.

Ертеде Оқыс, Яқсарт - Жейхун, Сейхун,
Түріктер бұл екеуін дария дейтін.
Киелі сол екі су жағасында
Табасың қасиетті бабаң бейітін.

Тұранның Тянь-Шаньдай тауы қалай,
Пар келмес Тянь-Шаньға таулар талай!
Еріксіз ер түрікті ойға аларсың
Көкке асқан Хантәңіріге қарай-қарай.

Балқашты бауырына алған Тарбағатай,
Жоталы, жер кіндігі - Памир, Алтай.
Қазығұрт қасиеті тау болмаса,
Топанда Нұх кемесі тоқтар қалай?

Тұранның жері де жат, елі де жат,
Құйындай бастан кешкен күші де жат!
Тұранды түгелімен билеп тұрған
Ертеде ертегі хан Афрасияб.

Ежелден жер емес ол қарапайым,
Білесің, тарихты ашсаң Тұран жайын.

Тұранға қасиетті құмар болған
Ертеде Кей-Қысырау мен Зұлқарнайын.

Тұранға жер жүзінде жер жеткен бе?
Түркке адамзатта ел жеткен бе?
Кең ақыл, отты қайрат,жүйрік қиял,
Тұранның ерлеріне ер жеткенбе?!

Тумайды адамзатта Шыңғыстай ер,
Данышпан, тұңғиық ой, болат жігер.
Шыңғыстай арыстанның құр аты да
Адамның жүрегіне жігер берер.

Шыңғыстан Шағатай, Үкітай, Жошы, Төле
Атаға тартып туған бәрі бөрі.
Шыңғыстың қол бастаған екі көзі —
Жолбарыс Сұпытай мен көкжал Жебе.

Тұранның билері бар Тарағайдай,
Сол биден Темір туған от боп ойнай.
От шашып жер жүзіне Ақсақ Темір,
Жарқ етіп өте шыққан найзағайдай.

Тұранды мақтамаймын тіпті текке,
Онсыз-ақ Тұран таныс талай шетке.
Сырласқан үйде отырып аспан-көкпен
Білгіш аз жеткен жүйрік Ұлықбекке.

Асыл қан - қасиетті түрік қаны,
Сол қаннан — Ибн-Сина Әбуғали.
Молдығы білімнің сықыр дерлік,
Дүниеге мұндай адам тудыма әлі?

Түріктің кім кеміткен музыкасын,
Фараби тоғыз ішекті домбырасын
Шерткенде тоқсан тоғыз түрлендіріп,
Жұбанып, кім тыймаған көздің жасын?!

Тұранда түрік ойнаған ұқсап отқа,
Түріктен басқа от болып жан туып па?
Көп түрік енші алысып тарасқанда,
Қазақта қара шаңырақ қалған жоқ па?

Арыстан елге Отан болған Тұран,
Тұранда қазағым да хандық құрған.
Қазақтың қасқа жолды Қасым ханы
Тұранның талай жерін билеп тұрған.

Әділ хан аз болады Назардайын,
Алашқа Есім ханның жолы дайын.
Тәукедей данышпан хан құрған екен
Басында Күлтөбенің Құрылтайын.

Бұл Тұран ежелден-ақ алаш жері,
Тұрансыз тарқамаған алаш шері.
Тұранның топырағында тыныштық тапқан
Алаштың арыстаны — Абылай ері...

Тұраннан Сарыарқаны бөлек деме,
Түркістан алты алашқа болған Кебе.
Тұранның топырағын құшып жатыр
Кешегі ердің ері көкжал Кене.

Шер батса — кім іздемес туған елін,
Тұлпар да көксемей ме туған жерін?
Арқанын ардагері - қалың алаш,
Тұран да, біле білсең, сенің жерің!

Қырағы Тянь-Шань мен Памир, Алтай,
Күтеді көптен сені қарай-қарай.
Кене мен Абылайдың жолын құмай,
Жапанда жайылудың мәні қалай?!

Ертеде Оқыс, Яқсарт-Жейхун, Сейхун,
Түріктер бұл екеуін дария дейтін.
Киелі - сол екі су жағасына,
Болмаса, барсаңшы іздеп бабаң бейітін!

Тамаша емес пе? Тамаша! Бойыңда қаның ойнады ма? Ойнады ғой! Оқыдың-ақ өлең өзіне баурай жөнеледі. Оқыдың-ақ өленді талдай жөнелгің келіп, делебең қозады. Қаншама түрік тарихы қозғалып, нешеме астарлы ой айтылып жатыр. «Түркістан» -

түрік дүниесін ынтымаққа шақыратын өлең. Сондай кемел ойымен өлең уақытында маңызды болды, сол ойымен ақынның басына қатер төндірді, қауіп шақырды, сондай ойымен өлең «ақынның басын жұтты», сондай ойымен өлең бүгін де – тәуелсіздік алған бүгін де маңызды, тарих тегершігі кері айналып кетер болмаса Ертең де маңызын жоймайды. Жер бетінде кеңінен алып айтсақ түрік баласы аман тұрғанда (қазақ та түріктің бір баласы – бел баласы) Мағжандай ұлы ақынның атойлаған өлеңі өлмейді, жасай береді. Мағжан Жұмабайұлының «Түркістан» өлеңі – мына біздің Түркістанның гимні дер едім. Біздің Түркістан ғана емес, Тұран ойпатын құт мекенге айналдырған күллі түрік дүниесінің мемлекеттері – Ұлы Түркістанның гимні. Мағжан Жұмабайұлының «Түркістан» өлеңі тұрып, кейбір басы кеппеген біздің ақынсымақтар Түркістанға арнап «гимн» жазған болады. Оған ән шығартып әуреге түсіп жүреді. Ой, пәле, Мағжан Жұмабайұлының «Түркістанына» жетер өлең бар ма, шіркін?! Олай болса, Түркістан рухын асқақтатып жырлаған Мағжан Жұмабайұлына Түркістан қаласында ескерткіш орнатылса, оның тұғырына ма, болмаса қасына мрамордан фано жасап соған ба, ұлы ақынның «Түркістан» аталатын өлеңін тасқа қашап жазып қойсақ орынды-ақ емес пе?

Орайында еске түседі. Ханс Христиан Андерсен елінде ол жазған ертегілерге ескерткіш қойылған. Лесковтың «Солақай» аталатын шығармасына бұдан 20 жыл бұрын орыс халқы арнайы ескерткіш қойып, әдебиет мәртебесін көтерді. Жақсы дәстүр. Ә.Нұрпейісовтың «Қан мен тер» романы бойынша Ақтөбе қаласында мүсін-композиция жасалды. Жарасымды. Осындай жарасымды дәстүрді орнықтыру орнына Мағжан Жұмабайұлына келгенде танабымыз тартылып қалмауға тиісті.

Ескерткіш десе – менің ойыма қазақтың оны рушылдық додасына салып, «мынау өзіміз, мынау – басқа»-деп отыратын, өзін өзекке тартып, «өзгені» өзекке теуіп жататын, соның салдарынан «Боғы боталы түйеге айналатын...» жаман мінездер оралады. Рас, Мағжан Жұмабайұлы оңтүстік өңірінің тумасы емес. Алайда, Мағжан Жұмабайұлы «менікі», «сенікі» сынды тар көңіл – тараң бейілге бодан болатын тұлға емес. Ол бір қазақ бұтағын былай қойып, күллі түрік дүниесінің мақтанышы! Оған Түркие Республикасында ескерткіш орнатылған! Осының өзі біраз жайды айғақтаса керек.

Сондықтан аз айтқанда, көп айтқанда, әңгіменің түйіні – Түркістандай жәдігер қалада күллі түрік халықтарының мақтанышы, қазақ халқының ұлы ақыны Мағжан Жұмабайұлына зәулім бір ескерткіш орнатылуы керек-ақ!

2000 жылы Түркістан қаласының 1500 жылдығына орай Түркістан қаласына ескерткіш орнатқымыз келген. Облыстың сол кезгі әкімі, іскер азамат, ұлттық мүдде дегенде жанып түсер Бердібек Сапарбаев айтқан уәжімізге бәйге атындай бас шұлғып іске кірісіп-ақ еді. Қаржының аз кезі, сырт жұрттан сұрап, оны «инвестиция» атап алып, «Парыз» қорын құрып, облыс-облыс, мекеме-мекеме, жеке азаматтардан жиналған дүние – Түркістанның тойын өз деңгейінде өткізуге әзер-әзер жарады. Мағжандай ұлы ақынға Түркістанда ескерткіш қою идеясы ағымдағы баспасөзде айтылудай айтылды да, қаржы тапшылығынан орындалмай қалып қойды. Ойға алынып, орындалмай қалып қойған түріктік іс бір бұл ескерткіш емес, Түркістанда «Түрік халықтары музейін» салу, «Түрік тілдес халықтар кітапханасын» жасақтау... бірсыпыра іске қаржы тапшылығы, уақыт қысқалығы қолбайлау болды. Ал, қазіргі таңда шүкіршілік. Осындай Түркістан облыс орталығына айналып, өсе бастаған тұста – ұрымтал заманда Түркістанды жырлаған Мағжандай қазақтың ұлы ақыны, түрік дүниесінің ортақ мақтанышты заңғар тұлғасына зәулім ескерткіш орнату – мемлекет дәулетін былай қойып, бір әкім - өзіңнің-ақ қолыңнан келетін іс, Нұрбол! Өз қаражатыңа–ақ ескерткіш тұрғызсаң абыройың асқақтамаса, төмендемес еді?! Болмаса, екеулейік. Өзіңе көптен айтып жүрген, Маған тиесілі жерге «Түрік халықтары жазушылары бағын» жасаймыз деп жүр емеспіз бе?! Ол бақтың ішіне түрік халықтары жазушылары басшы, қосшысы өз республикасы басшылығымен ақылдасып әрқайсысы өз ұлт әдебиетінің бір мақтанышына кісі бойы ескерткіш орнатады-деп жүрміз ғой. Құйрықты жұлдыздай ағып өткен Сәбитіме мәңгілік бақ жасауға деп алған 5 га жерді осы іске бердім Саған!

Өзің де байқап жүрсің, өзге аудан, қалаларға әкім болу, тіпті облыс-облысқа әкім болу – соншалық даңқты емес, қалыпты шаруа. Ал, Түркістан әкімі болу – қашанда абырой, даңқ. Бұл орында қанша отырасың, Алла біледі. Алайда, мәңгілік отырмасың белгілі. Сондықтан, Мағжан Жұмабайұлына бір зәулім ескерткіш соғу - өзіңді абырой биігіне көтерген болар еді. Өлгенше отырып, түк бітірмей кеткеннен гөрі, бұл қанша істесең де Сенің Түркістандағы даңқыңды мәңгілік етеріне мен кепіл! Еңбекте абыройлы болып, Елмен ертең айжүзді кездесіп жүруіңе бек жақсы болады, Нұрбол інім!

Ойлан, Нұрбол! Елдік іс істеу – Түркістандай қала әкіміне жарасады. Жарасымды, қайырлы іс үстінде кездесейік!

Ағалық жүректен **Құлбек ЕРГӨБЕК.**
1992-2023, 26 желтоқсан.
(Менің туған күнімде Өзіңе қайырылып,
хат жазып отырғаным!)

ТЕЛЕТУЫНДЫ

СЕЗІМ САРБАЗЫ, РУХ САРДАРЫ

«Бедері жоқ қамқадан,
Бек тоқыған бөз жақсы.
Бейкемі жоқ туғаннан,
Бек сөйлескен сөз жақсы»
Қазақ мәтелі.

Құдай берген қабілеті қуатты, табиғи-болмыс таланты телегей-шалқыған өнер адамының тағдыры да, алғыры да қайғы-қасіретке тұнып тұрады. Шығыстан шыққан Күннің шуағы іспетті нәбилік қасиетке тәнті Тұран даласының үркер жұлдызындай маңдайы жарқыраған үкілі үміті Мағжан ақын да «мыңмен жалғыз алысқан», тірі пенде кінә қоя алмайтын тәбәрік-тұлға.

«Түркістан екі дүние есігі ғой...» деген жалғыз ғана – соншама қарапайым, соншама құпиялы, соншама қуатты; соншалық терең, соншалық тылсым, соншалық талғамды сөзі-ақ – аймаңдай алып ақынды қоңыр қазақтың қызыл тілі мен сөз өнерінің қайсар да аусар қабыланы етті.

Келмес керуенге кеше ғана көшкен қабырғалы қаламгеріміз Шерхан Мұртазаның: «Ақындық деген жарықтықтың екі ұшпағы бар: бірі – ұлылық, бірі – масқаралық. Ұлы бола алмаған ақын – масқара болады. Көп ақылды адамдардың өз ақындығын жасыратыны, сондықтан» – неткен әулиелік түйін десеңші!

Ақынды адасудан сақтайтын өткір алмас қылыш – сөз құдіретін терең түйсінуі. Құдай Мағжанға осынау ордалы қос қасиетті – ұлылық пен сөз құдіретін түйсінуді – молынан бұйыртты.

...Кісі нөпірі үзілмейтін күре жолдың бойында екі көзі де суқараңғы бір соқыр қария таңның атысынан – күннің батысына дейін қайыр сұрап отырады екен. Қарттың мойнындағы қатырма қағазға: «Мен – соқырмын, мүсәпірге көмектесіңдер!» – деген сөз жазылған. Бірақ, құлқынсәріден келіп, қас қарайғанша күнұзақ қақайып отырған кәріге жаны ашып, садақаға тиын-тебен тастайтындар тым сирек болыпты.

Бірде бір өткінші қыз қариядан қатырма қағазын сұрап алып, ондағы жазуды өзгертіп, соқырдың мойынына қайта іліп, кетіп қалады. Сол-ақ екен, алдындағы қорапқа сыңғырлаған тиындар мен сықырлаған ақшалар көптеп түсе бастайды. Өткен-кеткеннің бәрі дерлік тоқтап, садақа береді. Кеш батпай жатып, қорап садақаға лықа толып қалады.

Зағип аң-таң күйде отырғанда манағы қыздың дауысын есітіп: «Қарағым, атаңды бір-ақ күнде байытып тастадың ғой, не істегеніңді білмеймін, бірақ, бүгін менің алдымнан садақа бермеген бір адам өткен жоқ» – депті, риза көңілмен.

Қыз: «Мен қатырма қағаздың сөзін өзгертіп жаздым», – депті. Сөйтсе сөзді: «Қайырымды жан, сіз көре аласыз ғой, айтыңызшы, мына дүние қандай тамаша, бірақ, мен оны көре алмаймын!» – деп жазған екен.

Сөздің шын құдіреті деген, осы.

Сұңғыла сүлей Майлықожаның ана туралы:

«Тоғыз ай, он күн көтерген,
Еңбегінде еті өлген,
Мұздай бесік таянған,
Жыласаң шошып оянған...» дегені – қандай сиқырлы!

***

Парасат-пайымы мен рух-сезімі әрдайым арпалысып, ақтық демі біткенше итжығыспен жүрген айбынды Алаш мұратының марқасқасы, бір сөзі жүрек қылын түрткен нәзік сарынды лирик ақын Мағжан (Әбілмағжан) Жұмабаев жайлы, оның ішкі жан-дүниесінің толқынысы туралы жазғанда, сөз жоқ, сол бір сүреңсіз уақыттың әділетсіз, әпербақан, аласапыран, алатопалаң «мінезін» ұмытпау керек.

Ең маңыздысы, ата-бабасы тым ұзақ уақыт қазақ қағандары мен хандарының құлаққесті құлы болып, кенет, ғайыптан қолына тізгін тие қалған сол қапталдағы қасиетсіз шегіркөз жұрағатының – қазақтың қасиетті топырағына ылас-нас тұяғы тиген күннен бастап, кешеге (дәлірегі, 1986 жылдың желтоқсанына дейін (ресми мәлімет бойынша, 1991 жылға дейін) дейінгі жалғыз ғана арман-дерті мен мақсат-мүддесі – қайсар қазақты түбірімен жою болды.

Патшалық орыс билігі: «Егер Тұран даласының жолбарысы, «Алтын Орда» империясының мұрагері, бойында Шыңғысханның рухы мен қаны бар Орта Азияның айбатты арыстаны – қазақты тоз-тоз қылып, тамырымен жойса, аймақтың қалған ұлттарын қалпақпен қағып аламын» – деп ойлап, қазақтан қатты қауіптенді.

Ең зоры, қазаққа шүйгін жерде мал өсіріп, суармалы егістікпен айналысуға рұқсат етілмей, қу далаға зорлықпен қоныс аударылды. «Столыпин реформасы» – этногеноцид жасаған-ды. Кедейленген байырғы тұрғын қазақтар тұрмысқа шығатын қызына қалыңмал төлеу үшін келімсек орыс байшығештеріне қара жұмысқа жалдануға мәжбүр болды.

Осынау орасан қасіретті көзімен көріп, терең күйзелген Мағжанның жаны ауырып, жүрегі сыздап тұрса да, көңіл түкпірінде үкілі үміттің ұшқыны жылтылдап:

«Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты –
Қырандай күшті қанатты.
Мен жастарға сенемін!

Көздерінде от ойнар,
Сөздерінде жалын бар,
Жаннан қымбат оларға – ар,
Мен жастарға сенемін!

Жас қырандар – балапан,
Жайып қанат ұмтылған.
Көздегені – көк аспан.
Мен жастарға сенемін!

Жұмсақ мінез жібектер.
Сүттей таза жүректер.
Қасиетті тілектер –
Мен жастарға сенемін!

Тау суындай гүрілдер,
«Айбынды алаш» елім дер,
«Алтын Арқа жерім» дер,
Мен жастарға сенемін!

Қажу бар ма, тұлпарға,
Талу бар ма, сұңқарға,
Иман күшті оларда,
Мен жастарға сенемін!

Алаш айбынды ұраны,
Қасиетті Құраны,
Алаштың олар құрбаны,
Мен жастарға сенемін!

Мен сенемін жастарға.
«Алаш» атын аспанға –
Шығарар олар бір таңда,
Мен жастарға сенемін!» – деп, толқындай тулаған сеніммен теңіздей тебіренуі – жүрегінің жеті қатында жасырынған әрі үрейі, әрі дүлейі болатын...

Алаш қозғалысының қайраткері, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы, ақиық ақын Мағжан Жұмабаев туралы «Мағжан. Мен жастарға сенемін!» тарихи драмасы (режиссері Дархан Сәркенов, сценарийін жазған Қанат Рамазан, бас продюсері Назгүл Қарабалина) – мәдени өміріміздегі бір серпіліс болды.

Ақпейіл ұлтымның бір арманшыл перзенті Мағжан Жұмабаев өмірінің 1915-1921 жылдар аралығындағы кезеңі қамтылған 4 бөлімді телехикая – Алаш арысының Орынборға келуі, Омбыдағы мұғалімдер семинариясында оқуы, Сәкен Сейфуллинмен достығы әрі аракідік түсініспеушілігі, Қызылжар мұғалімдер курсының оқытушысы Гүлсім Камаловаға ғашық болуы жайлы сыр шертеді.

Тегінде, Алаш тақырыбы – көпке етене таныс көрінгенімен, оңай шағылатын жаңғақ емес: көлденең көк аттының тісі өтпейді. «Алаш» атын алғанның бәрі – арыстан емес, «Алаш» ұранын көтергендер түгел – тұлға болмайды.

Қазақтың «Көтере алмайтын шоқпарды беліңе байлама», «Аяз – әліңді біл, құмырсқа – жолыңды біл» дегені осыдан шыққан. Алаш тақырыбы – әрі ауыр, әрі жауапты тақырып. Соңғы уақытта еліміздің кинотеатрларында ұсынылған «Міржақып. Оян, қазақ!» көркем фильміне халықтың ықыласының айрықшы болуы – аталған алгоритмнің шындығы мен батпан салмағын айқын таразылап берді.

Жастар бұл тақырыппен енді ғана табысты. Бұлай күрт дүмпуге – еліміздегі 2022 жылғы Қаңтар қасіреті тікелей от қойды.

«Мағжан. Мен жастарға сенемін!» тарихи драмасы – оқулықтарда айтылмайтын құпияларды қамтуға тырысып, «туған тарихымды білмейді екенмін» деген оқыс ойға жетелейді.

Телехикаяның кейбір кермекті тұстарында делебең қозып, ашу-ыза қысып, дәтің шыдамай, орныңнан тұрып кететінің де болады...

Мағжанның басты екі қасиеті дөп аңғарылып, дәл бағаланған.

БІРІНШІДЕН, Мағжан – алаулаған оттай ыстық ұлтшыл. Ағартушылық, ұлт-азаттық, демократияшыл бағыт ұстанған Мағжан жастайынан ұлт болашағын ұран еткен, ұлт үшін басын құрбандыққа шалған Алаш қайраткері.

ЕКІНШІДЕН, Мағжан – ұстағанның қолы күйетін, сексеуілдің шоғындай өртейтін шабытты шайыр. Ол шығыс пен батыс поэзиясын бойына сіңіре отырып, қазақ өлеңінің рухани қазынасын сабақтастырып, түр мен мазмұнын байытты. Абай өлеңінің өшпес маңызын таныған ақын «мың жыл жұтса

дәмі кетпес» сөзін ілгері дамытып, ойшылды «хакім» атады.

Тарихи туынды Міржақып Дулатұлының, Сәкен Сейфоллаұлының, Сәбит Мұқанұлының бейнелері арқылы сол бір елең-алаңнан – есен-аманға «жетеміз бе, жетпейміз бе» деген үлкен күдіктің күрмеулі түйінен шешуге талпыныс жасайды. Сөз жоқ, сүйсініп отырып, күйініп кететін тұстар аз емес. Мағжанның ішкі лаулаған оты мен күйігі – Міржақып Дулатқа арнған өлеңінде айқын көрінді.

«Дамыл көрмей ерте-кеш,
Жұрттың қамын көп жедің.
Байладың белді, салып күш,
Тыныштық жүзін көрмедің.

Жағаластың жауменен,
«Бермеймін жұртым, жаным», – деп.
Алыспақ болдың тауменен,
«Жұрт үшін төгем қаным», – деп.

«Оян! – дедің жұртыңа, –
Бас көтеріп, тірлік қыл!»
Ақыл айттың ұлтыңа:
«Таста талас, бірлік қыл!»

Бір шешпедің белінді,
Жұрт үшін уайым-қайғы жеп,
Сақтамақ болып елінді:
«Қара күн алда, бекін», – деп.
Менменсіген күшті жау,
Көздеп тұрды – ісіңді.
Қоймады сені есен-сау,
Алды қолдан күшіңді.

Қараңғы үйге қамады,
Мейірімсіз өңшең тасбауыр.
Сорлыға Тәңірі пана-ды,
Болса да бейнет – қанша ауыр.

Қиялға ескі бата бер,
Қайра өзіңді, дәрмен не?
Уайымсыз, ойсыз жата бер,
Жұрт үшін түстің, арман не?

Көзін ашып, артында,
Жұртың ойлар: «Бұл қалай?
Тайынба, қорықпа, тартынба!» –
Деуші болар бірталай.

Ұмытпаған өз ұлтын,
Қайратты жас жігіттер.
Жұрт үшін салар мал-мүлкін,
Бірін-бірі үгіттер.

Ұстасын, жапсын, уайым жоқ:
«Қоймай қуса қорқақты –
батыр болар» деген көп,
Батыр ғып, одан не тапты?

Өрнек болар мұндай іс,
Кейінгі жанған жастарға.
Қайраттанып, күйіп іш,
Азуын шайнар қастарға.

Қараңғы болса қанша түн,
Жұлдыз сонша жарқырар.
Бұлт басса да Алтын күн,
Бір шығар, жерді жарық қылар.

Келешек күнде қағазға,
Алтынмен жазар атыңды.
Құшақтап сүйер, қағазда,
Көрсе жазған хатыңды.

Уайым-қайғы жұтады,
Сені ойлап, сорлы жұрт.
Аңдыған жау ұтады,
Тәңірі, соның түбін құрт.

Саған көк те тілектес,
Бұралған өңшең нәзік бел.
Періштелер жанында!
Еш қайғырма, рақат – анық біл...

Мейірімі кең күшті Ием,
Сорлы жұртты оң баста.
Дұшпан – құлаш, біз – сүйем,
Рақмет ұшқынын таста!

**КӨЗДЕРІНДЕ ОТ ОЙНАР,
СӨЗДЕРІНДЕ ЖАЛЫН БАР,
ЖАННАН ҚЫМБАТ ОЛАРҒА АР,
МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН!**

Көбейсін елде
қайратты ер,
Жұрт үшін болсын
қара тер.
Сорлы жұртты бастасын,
Жасаған, соған
көмек бер!»

Жан-жүрегіментұлабойы тұнған адамгершілік, іңкәрлік, ғашықтық сезіміне лықа толы, туған ұлтын ессіз әрі шексіз сүйген шерлі шайыр:

«Қайғыланба, сорлы тұтқын,
еш нетпес,
Күн батқанмен, таң атпайтын
түн жетпес.
Ер жүректі азаматтың басына,

Бұл жалғанда нелер келіп, не кетпес?!» – деп, өмірінің соңғы сәттеріне дейін ішкі запыранын төкпей, мықтап ұстап келді...

***

Атышулы Ақтамберді жырау:
«Елен елді аралап,
Тектіден текті саралап,

Бектердің қызын айттырып алар ма екенбіз» – деп гөйгөйлеткендей, сұлу да сырбаз Мағжан да сұлуды таңдап сүйіп, аңдап күйеуге тиіс еді... Бірақ, Мағжандай марқасқаның дақсыз жүрегінің «кетігін тауып, қаланған» Гүлсімнің (Ғазиза-Таңшолпан Тілеубай) табан астында ізім-қайым жоғалып кетіп, сасыққөкірек байшыгештің қойынынан табылуы – логикалық қисынға келмегеннен бұрын, эстетикалық үйлесімділіктің жібін үзіп жібереді.

Әрине, «Піскен асқа – тік қасық», «Біткен іске – сыншы көп» десек те, кезкелген шығармаға әділ сын айталмаса, демек, «ол еңбек – сөз қылуға да татымайды» деген сөз. Ең алдымен, өнер адамы – әділ сынды қабылдай алуы керек. Егер әділдікті – кісілігі көтере алмаса, ешкім өзінің кемістігі мен жетістігін білмей өтеді.

Екінші түйткіл, Мағжанның Гүлсімге үйленбегеніне қуанып та қаласың. Шығармашыл топ мейлінше уақыт талабын орындағысы келгенімен, ақынның сүйгенінің образы тым сәтсіз таңдалған, тіпті, келісілген кісі білгілі-белгісіз себептермен келмей қалып, қолға түскен бірінші адамды рөлге қоя салғандай әсер қалды. Бұл жерде «адамның ішкі жан-дүниесінің сұлулығы маңызды» деген уәж де болуы мүмкін, десе де, «Сұлу келбет – жібек қылғаттан сұлуырақ», «Сұлуға – сүрме керек емес» дегенді де мен шығарғаным жоқ...

«Ақтоқты шашың жібек, жүзің айдай,
Адамзат сипатыңа таң қалғандай!» – деген тамаша тамсанысты қалай жоққа шығарамыз?..

Басқа-басқа, Мағжан ақын хас сұлуды айшылық жерден сезіп, күншілік жерден көретін сұңғыла емес пе?!.

Тегінде, кешегі қызылкөз совет коммунистерінің қазаққа шектірген індетін мың бірінші мәрте қайталап жатпай, турасынан турасам, біз санамыздағы «міндетті түрде шегіркөз күшті болды, сұлу қыз – соның құшағында, сұлу ат – соның тақымында» (т.с.с.) секілді стереотиптерді жұлып алып тастауымыз керек. Біздің Сыр топырағында талай совет коммунистерін итше сүйреп, тулақтоқым еткен. Керек десеңіз, жаңа толқын кино өкілдері қазақтың шегіркөзден шеккен қиянатын індетіп көрсете бермей, керісінше, оларға қарсы батыл қазақтардың қолданған қайсар да өжет әрекеттерін жарқырата таңбалай білуге тиіс. Айталық, «Сұлтан Бейбарыс» туындысының сарыныман...

Саусақпен санарлық аз туындылармен жас буынның санасы мен жүрегіне, түйсігі мен сезіміне Алаштың қымбат құндылықтары жете



қоймайды. Бұл теңіздегі – тамшы ғана. Өнердің тылсым тілі арқылы жастардың санасына Алаш қасиетінің өзекті жібі мен негізгі түйінін сіңіру үшін әрі әсерлі де ықпалды болуы үшін шығармашылық ұжым тек кітаптардағы қасаң дерек-дәйектермен ғана шектелмей, алаштанушылармен және алаштықтардың көзі тірі ұрпақтарымен бітеқайнасып жұмыс істеуге тиіс, деп ойлаймын.

Телетуындыда Мағжанның өрлігімен қатар, ұстаздық тәлімі де көрініс береді. Мағжанның кіндік қаны тамған Сарытомар ауылында фильмнің көріністері бар ма, жоқ па білмедім, егер болса, әрине, бұл өте сәтті шешім болған болар еді.

Ал, «Қызылжарда Мағжан тұрған ескі үй бар, әлі сақталған» деседі және ақынның жалғыз өзі ұзақ серуендеп, қыдырған саябағы да орнында көрінеді. Шіркін-ай, өз аяғыммен барып, «шығыстан шыққан пайғамбармын» деген сәбикөңілді мәжнүн әрі қасқыржүректі қайсар ақынның асқақ рухын сезінер ме едім!

Менің түйсігімде Міржақып – салиқалылық пен ақылдылықтың эталоны, Сәкен – серілік пен сұлулықтың символындай еді...

Тарихи хикаяда Міржақып Дулатұлы (Қайрат Набиолла) мен Сәкен Сейфуллиннің (Қуаныш Құдайберген) бейнелері біршама сәтті шыққанымен, Міржақып – мылжыңдау, Сәкен – санасыздау көрінді.

Міржақыптың табиғатында салмақты жігіт екендігі айқын, әйткенмен, көріністері кемшіндеу болды ма, әлде, ауызына салған сөздердің салмағы жеңіл шықты ма, әйтеуір, будақ бұлтқа қылбұрау сала алмай, күңгірттеу кейіпте қалғандай...

Тіпті, Гүлсімді қолға түсірген әлгі бір шегірткенің айғырындай әңгүдікті әкіреңдеткен эпизодтарда Міржақыптың мағыналы мінезі мен Сәкеннің сергек алғырлығын көрсеткенде, Міржақыптың пірәдардай пайымы мен Сәкеннің ілкімді ішкі табиғаты мен сұрапыл рухани көркемдігінен толығырақ тәлім алар ма едік, деймін...

Тарихшы емеспін, дегенмен, Мағжанның «өзімшілдікпен өңмендей ұмтылып, Сәкенге қарсы шауып, тынымсыз таласқан» деген дерегі есімде жоқ. Сәкеннің, ә дегенде, советке сеніп, кейінірек бармағын тістеп, қатты өкінгені жайлы сөз бар сияқты. Сәкен, сірә, Мағжан үшін дәлелді дәтке қуат, негізді намысқа сүйенер асыл бауыр болса керек-ті.

Кеше ғана көшемізде жүрген заңғар Алтаймен егіздей ерен де биік Ораш көкемнің (Оралхан Бөкей): «Көкшетау асқан сұлу болса, одан шыққан ақын, жазушылар одан әрі сұлуландырды» дегені бар еді, расында, қазақта ақын-шайырлар қай заманда да қадірлі еді, қаламының құрсағынан құдіретті күштің киесіндей түйдек-түйдек жыр туған «алты қырлы ақберен» Мағжан осы оғлан-жұрттың абыройын асқақтатып кетті.

Сайып келгенде, көркем туынды болғанымен, тарихты тамашалатқан соң, деректерге көбірек көңіл бөлуге міндеттісің. Мысалы, Мағжан мен Сәбит Мұқановтың (Талғат Кеңес) арақатынасы туралы қарама-қайшы пікірлер бір-бірімен соқтығысып жатса да, телехикаядағы Сәбит – шаң тозаңы да қонбайтын періштедей тап-таза, мұнтаздай. Бұл тарихи ақиқатқа жасалған қиянат емес па?..

Бас кейіпкер Мағжан Жұмабайдың рөлін майталман шеберлікпен ойнаған актер Мейірғат Амангелдиннің жұмысы – жалаң сөз бен қаңқу мадаққа мұқтаж емес.

«Мағжан. Мен жастарға сенемін!» тарихи телехикаясы шығыс пен батыстың барлық елдерінің тілдеріне дереу тәржімаланып, ұсынылуы керек еді, Мәдениет министрлігі – әдеттегідей мағырап, ай қарап жүрген секілді. Кинематографияны қолдау орталығы «Мағжан. Мен жастарға сенемін!» тарихи драмасын дубляж жасауда өте мұқият болуы керек, бір мысқал желең насихаттың қажеті жоқ.

***

Мағжан ғұмыры – тұнған қасірет: не сүйгенін – құша алмайды, не қыран болып – ұша алмайды! Өмір ма, сол?..

Мен ойлаймын, Мағжанның ғұмыры жайлы кино түсірудің мұқтаждығы жоқ-ау, себебі, оның өлеңі мен өмірінің өзі – қасиет пен қасіретке, асқақтық пен айбынға лықылдай толған кино ғой... Мағжанның өмірінің шындығы ашылмағандай көрінеді де тұрады, маған... Күні кешегі Алаш арыстарының әрбірінің тағдыры жеке-жеке кинотуындыға лайық, таптырмас тақырып...

Ақырында, «Мәдениеті мола тонаудан басталған орыс» (Мырзан Кенжебай), яғни, жер бетіндегі әрбір шегіркөз – тек, 1986 жылдың желтоқсанында қазақтан жеңіліп, астына түскенін түсінді. 1986 жылдың желтоқсанында Алматыда қазақ жастарының қанды жорық-майданы араға небәрі бес жыл ғана салып, «совет» деген жасанды мемлекет пен сөзді түбірімен жойып, өзімен бірге он үш ұлттық мемлекетке еркіндік алып берді. Осынау тарихи алапат шындықты – басқа біреудің мойындап-мойындамағаны маңызды емес, маңыздысы – бұл тарихи айдай анық ақиқат дерек.

***

Зәуде, менің көз алдыма, отаршылдықтың озбыр бұғауын тас-талқан бұзып, елеусіздеу қалған кіндік отанының көсегесін көгертіп, тәуменді сананың бет-пердесін жыртып тастап, шырмаудан босатып, тәуелсіз рухты аламанға қосқысы келген; ұлты мен жұртын демі құмыққанша сүйген; азулымен алысып, тырнақтымен таласып, үстібасын қан жуған еңгезердей жаралы жолбарыс келеді...

Сезімнің сарбазы, рухтың сардары – Мағжан-жолбарыс!

Мыңжан БАЙЖАНИН,
қаламгер,
Алматы қаласы.



Kazak Türkçesini Mağcan'dan öğrendim

DR. ÖĞR. ÜYESİ
FERHAT TAMİR ILE RÖPORTAJ

Kazak Türkçesini nasıl öğrendiniz?

Kazak lehçesiyle ilgilenmem üniversite üçüncü sınıfta başladı. Ben lise tahsilinden sonra İstanbul Üniversitesi Edebiyat Fakültesi Türk Dili ve Edebiyatı Bölümü'nde okudum. Bu bölümü bitirirken bitirme tezi olarak Kazak lehçesinde yazılmış Abılay Destanı isimli metni Türkiye Türkçesine aktarıp ses bilgisi ve şekil bilgisi bakımından inceledim. Metnin Türkiye Türkçesine aktarmasını İstanbul'da Zeytinburnu'nda oturan Kazak Türkü Hızırbek Gayretullah'ın yardımlarıyla yapmıştım. Bu çalışmam esnasında Kazak lehçesinin bir kısım kelimelerini, bir kısım ses ve şekil özelliklerini öğrenmiştim. Fakülteyi bitirdikten sonra Türk Dili ve Edebiyatı öğretmeni olarak çalışmalarım devam etmedi.

Ancak 1983 yılında yeni kurulan Gazi Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü Türk Dili Bilim Dalı yüksek lisans öğrencisi olunca Kazak lehçesi çalışmalarıma tekrar başladım. Çünkü burada hocamız Prof. Dr. Ahmet B. Ercilasun, çağdaş Türk lehçeleri üzerinde de dersler veriyordu. Bu arada 1984 yılında Gazi Üniversitesi Gazi Eğitim Fakültesi Türk Dili ve Edebiyatı Eğitimi Bölümü'ne araştırma görevlisi oldum. Bunun sonucu olarak Kazak lehçesi üzerindeki çalışmalarım daha da hızlandı. Yüksek lisans tezimi de öğrenmekte hayli yol aldığım Kazak lehçesi üzerinde yaptım. Tezimde o sırada (1984'lerde) Doğu Türkistan'dan İstanbul'daki akrabalarıyla görüşmeye gelen Kazaklardan derlediğim sözlü metinleri yazıya geçirip ses bilgisi ve şekil bilgisi bakımından inceledim. Bu tezimi yazarken Kazak lehçesine ait bilgilerim iyice arttı. Çünkü tez çalışmalarım sırasında Ankara Aktepe'de oturan Kazak Türkleriyle tanışmış, onlardan da sözlü olarak çok şeyler öğrenmiştim.

Yüksek lisans tezim bittikten sonra aynı enstitüde doktora öğrencisi oldum ve doktora tezimi hazırlayarak doktor unvanını aldım. Doktora tezimin konusu, Kazak Türklerinin büyük şairi Mağcan Cumabayoğlu'nun 1923'te Taşkent'te Arap harfli olarak basılmış olan Mağcan Cumabayev Ölenderi isimli kitabının Latin harflerine göçürülmesi, Türkiye Türkçesine aktarılması, ses bilgisi ve şekil bilgisi bakımından incelenmesi idi. Mağcan'ın şiirlerini Türkiye Türkçesine aktarırken Kazak lehçesine hâkim olmaya başladım; öğrendiğim kelime sayısı gittikçe arttı, ses ve şekil bilgisi bakımından hemen bütün esasları iyice kavradım. Tezim bittiğinde artık Kazak lehçesine çok büyük ölçüde hâkim olmuştum. Bu açıklamalarımdan anlaşılacağı üzere ben Kazak lehçesini en çok Mağcan'ın şiirlerini Türkiye Türkçesine aktarırken yani Mağcan'dan öğrendim.

Kazak Türkçesini nasıl öğretmeye başladınız?

Doktora tezimi başarıyla savunmamdan (1992 yılı) bir yıl sonra (1993 yılında) Üniversitemizin Fen-Edebiyat Fakültesi'nde Prof. Dr. Ahmet B. Ercilasun'un başkanlığında Çağdaş Türk Lehçeleri ve Edebiyatları Bölümü kuruldu. Ben de bu bölüme imtihanla Kazak Lehçesi ve Edebiyatı derslerini vermek üzere öğretim üyesi (yardımcı Doçent Doktor) olarak girdim. Birinci sınıftan itibaren Kazak lehçesi ve Kazak edebiyatı ile ilgili dersleri vermeğe başladım.

Kazak lehçesini Türkiyeli öğrencilere öğretmekte hiç zorluk çekmedim. Çünkü Kazak Türkçesini anlatırken bütün konuları Türkiye Türkçesi ile mukayese ederek anlattım. Zaten kendi ana dilini iyi bilen bir kişi ikinci bir dili kolaylıkla öğrenir. Ayrıca Kazak lehçesi ile Oğuz lehçesi, birbirinden farklı diller değil, Türk dilinin bilinen tarih içinde farklılaşmış kollarıdır. 10. asırda Oğuz Türkleri ile Kıpçak (Kazak) Türkleri Türkistan'da (Orta Asya'da) birbirleriyle komşu olarak yaşıyorlardı ve birbirleriyle konuşup anlaşıyorlardı. Bugün de aralarında çok büyük ortaklıklar bulunmaktadır. Aradaki farklılıklar çok değildir.

Türk dünyası Mağcan'ı yeterince tanıdı mı?

Benim görüşüme göre Türkiye'de Mağcan, bugünkü şartlarda yeterince tanınmış durumdadır. Çünkü Mağcan'ın Türkiye'de tanınması demek; Türkiye'nin edebiyat dünyasında büyük ölçüde bilinmesi ve değerinin anlaşılması demektir. Yoksa Türkiye halkının büyük çoğunluğu tarafından bilinip tanınması demek değildir. Türkiye dışındaki Türklerin edebiyatlarıyla ilgilenen edebiyatçılarımız ve aydınlarımızın çoğunluğu, Mağcan'ı tanımakta ve ona değer vermektedir. En çok bilinen şiirleri de "Alıstağı Bawrıma" ve "Türkistan" isimli olanlardır. TÜRKSOY aracılığı ile ülkelerimiz arasında karşılıklı "Edebiyat Günleri" düzenlenirse bu tanınmaların daha çok artacağı düşüncesindeyim. Edebiyatçılarımız ve aydınlarımızın çoğunluğu, Mağcan'ı tanımakta ve ona değer vermektedir. En çok bilinen şiirleri de "Alıstağı Bawruma" ve "Türkistan" isimli olanlardır. TÜRKSOY aracılığı ile ülkelerimiz arasında karşılıklı edebiyat günleri düzenlenirse bu tanımaların daha çok artacağı düşüncesindeyim.

Mağcan'ın şiirleri hakkında ne söylemek isterdiniz?

Mağcan Cumabayulı, Kazak Türklerinin 20.yüzyıl başlarında yetiştirdiği büyük şairlerden birisidir. Şiirleri, şiir sanatı bakımından çok yüksek seviyede şiirlerdir. O, bilhassa milliyetçi ve Türkçü şiirleriyle büyük bir şöhret kazanmıştır. Bu şiirlerinde Rusya idaresindeki bütün Türklerin duygu ve düşüncelerini dile getirmiş; hatta bunların bazılarında bütün dünya Türklüğünü söz konusu etmiştir. Bu yönüyle o, Türk Dünyasının ortak şairi olmaya layıktır.

Sizce Mağcantanuwşılar hangi konuları ele almalı?

Benim bildiğim kadarıyla bugüne kadar Mağcan'ın hayat hikâyesi ortaya konmuş ve eserleri yayınlanmıştır. Ancak bunlar, Mağcan'ın tanıtılması konusunda henüz işin başında olduğumuzu göstermektedir. Mağcan'ın tanıtılması için daha çok çalışmalar yapılması gerekmektedir. Bunları şöyle sıralayabilirim:

1. Mağcan'ın şiirlerini her yönüyle tahlil eden yazılar ve kitaplar yayınlanmalıdır.
2. Mağcan'ın şiirleri mektep hayatının her seviyesinde ders kitaplarında yer almalı ve geniş şekilde incelenmelidir.
3. Mağcan'ın şiirleri, Üniversitelerin sadece Edebiyat bölümlerinde incelenmemeli; Sosyoloji, Tarih ve Felsefe bölümlerinde de ders konusu olarak işlenmelidir.
4. Mağcan'ın hayatını, şahsiyetini ve hizmetlerini konu alan hikâyeler, romanlar, tiyatro eserleri ve denemeler yazılmalıdır.

Kazakistan ve Türkiye'de eğitim ve ilimin gelişmesi konusunda düşünceleriniz nelerdir?

Benim düşünceme göre her iki ülke de eğitim ve ilimin gelişmesi için en başta hayatın her sahasında ihtiyaç olan birinci sınıf ilim adamı kadrolarının yetişmesi sonucunda, önce, üniversitelerdeki eğitim seviyesi yükselir ve üniversiteler toplum hayatının her sahası için gerekli olan kaliteli ve liyakatli elemanları yetiştirmeye başlar. Bu kaliteli elamanlar sayesinde toplum her yönüyle gelişecek ve kalkınacaktır. Eğitim hayatı ve ilim hayatı da bu gelişmeden ve kalkınmadan nasibini alacaktır.

Abay'ın yukarıdaki mısraları hakkındaki düşünceleriniz?

Abay 35 yaşında iken (1880) Çarlık Rusya idaresi tarafından Semey'e sürgüne gönderilen Rus ihtilalci aydınlarından Mihailis ile tanışır ve dost olur. Ondan Rusça dersleri alarak Rusçasını geliştirir. Öğrendiği Rusça vasıtasıyla Puşkin, Lermentov, Tolstoy, Dostoyevski gibi Rus şair ve yazarları ile bazı Avrupalı fikir adamlarının eserlerini okur. Böylece Rus kültür ve edebiyatı ile Avrupa medeniyetinden haberdar olur. Bu öğrendikleri sayesinde kendi halkının ne kadar cahil ve geri kalmış durumda olduğunu anlar. Bundan sonra yazdığı şiirlerde Kazak halkını cehaletten ve geri kalmışlıktan kurtulmak için okumaya; ilim, bilgi ve sanat sahibi olmaya çağırır. Yukarıdaki mısralarda da bu konu işlenmekte; Abay, kazak halkını ilim sahibi olmaya, her işte aklı kullanmaya davet etmektedir. Sovyet devrinde Muhtar Äwezulı, Abay'ın başlattığı bu geleneğe "Abay Colı" adını verecektir.

Saltanat UZAKBAY
Ankara

МАҒЖАН ПОЭЗИЯСЫ

ТҰРАНҒА ЖЕР ЖҰЗІНДЕ ЖЕР ЖЕТКЕН БЕ?
ТҮРІККЕ АДАМЗАТТА ЕЛ ЖЕТКЕН БЕ?

TÜRKISTAN

Türkistan iki dünya eşiğidir
Türkistan Türklerin ilk beşiğidir
Ulu Türkistan gibi bir yerde doğan
Türkoğlu'na Tanrı'nın ışığıdır

Bir adı Türkistan bir adı Turan
Bu topraktır Türkoğlu'nu doğuran
Turan'ın takdiri hep fırtınalı
Yarısı tufandır, yarısı bayram

Turanın tarihi ateşli rüzgâr
Harlı alevleri semaya çıkar
Deniz gibi derin ilham kaynağı
Bu diyarın suları da efsunkâr

Turanın toprağı uçsuz bucaksız
Derin gölleri var denizden farksız
Amuderya, Sırıderya kardeştir
Ceyhun - Seyhun, biri oğlan, biri kız

Turan'ın dağları göklere ağar
Ağarmış saçları kucak kucak kar
Soğuk sularıyla çağlayıp durur
Dağların bağrından akan pınarlar

Çölleri var, kum deryası sapsarı
Bu tenhada ne çiçek var ne arı
Her tarafta cinler cirit oynuyor
Ses seda yok, perilerin mezarı

Turanın denize denk gölleri var
Dalgalanan görkem bir deniz
Aral Bir uçtaki ısık gölün bağrından
Ecdadımız gök yeleli Türk doğar

Dün Okıs-Yaksart'mış Ceyhunla
Seyhun Türkler bu sulara ezelden
meftun
Mukaddes suların bir yakasında
Ulu atamızın türbesi metfun

Türkistan'da bir Tiyanşan dağı var
Bu Tiyanşan kendine denk dağ arar
Göğe değen Han Tanrıya bakarak
Tutsak olan Er Türk'ü düşün naçar

Balkaşı bağrına bas Tarbagatay
Yerin göbeğidir Pamirle
Altay Mukaddes Kazıkurt olmasa eğer Liman bulamazdı Nuh kolay kolay
Turanın eli başka, yeri başka
Onun fırtınalı kaderi başka
Tarihte Turan'ı kuran kahraman
Efrasiyap derler önderi başka

Sıradan bir ülke değildir Turan
Anlarsın ne imiş tarihe baksan
Geçmişte Keyhüsrev ile Zülkarneyn
Bu fikre hız veren iki kahraman

Yeryüzünde Turan gibi yer var mı
Türkoğluna karşı koyan er var mı
Derin akıl, zîrek hâyâl, bol gayret
Turan erlerine hiç uyar var mı

Doğmadı âlemde Cengiz gibi er
Basiretli, çelik yürek bir lider
Böyle bir arslanın tek ismi bile
Ölü yürekleri eder seferber

Çağatay, Ögedey, Çuçu ve Töle
Bir zaman cihana vermiş velvele
Atasına çekmiş cümlesi börü
Sabutay Pars ile Bozkurt alp Cebe

Turan beylerinden biri Taragay
Bu beyin oğludur ulu Timur
Bey Sığmadı dünyaya bir alevdi o
Böyle er doğar mı hiç kolay kolay

Turanı bu kadar övmek gerekmez
Onsuz da dünyada tanıyor herkes
Evde otururken semayla sırdaş
Asırlar geçse de Uluğ Bey ölmez

Asil kandır haysiyetli Türk kanı
İbn-i Sîna ulemalar sultanı
Onun irfanını sihir sandılar
Namı tuttu İran'ı ve Turan'ı

Kimmiş küçümseyen mûsikîmizi
Silinmez bu yolda Farâbî izi
Tutar dosan dokuz tavır sergiler
Sonra için için ağlatır bizi

Turan'da Türk ateş olup oynamış
Türk'ten gayri kimse odtan doğmamış
Kardeşleri miras paylaştığında
Kadim baba evi Kazağa kalmış

Kahraman bir halka yurt olan
Turan Kazak'tır Turan'da hanlıklar kuran
Nice eyaleti çekip çevirmiş
Kanunları kolay, âdil Kasım Han

Nazar gibi âdil bir han az olur
Esim Han'ın kanunları öz olur
Tevke Han emsali âdil bir hanın
Kurultayı Köl Töpe'de Kurulur

Turan ta ezelden Alaç'ın yeri
Turan'sız Alaç'ın dinmez kederi
Alaç'ın arslanı Abılay Han'ın
Alaç toprağında aziz makberi

Sar'arka'yı Turan'dan ayrı sanma
Altı Alaç ayrı dense inanma
Kenesarı gibi büyük karaman
Turan'ın bağrında yatıyor amma

Hasret kalsa kim özlemez yurdunu
At da ilk yurdunu özlemiyor mu
Mübârek bozkırın sakini Alaç
Turan anayurdun unutma bunu

Basîretli Altay, Tiyanşan, Pamir
Yolunu bekliyor çoktan beridir

**ЖАС ҚЫРАНДАР – БАЛАПАН,
ЖАЙЫП ҚАНАТ ҰМТЫЛҒАН.
КӨЗДЕГЕНІ КӨК АСПАН.
МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН!**



Kene'yle Abılay yolu yolumuz
Kırda yayılmanın manası nedir

Dünk Oks - Yaksart; Ceyhun'la Seyhun
Türkler bu sulara ezelden meftun
Mukaddes suların bir yakasında
Ulu atamızı türbesi metfun

ОРАЛ

Ұзын Орал - күн мен түн шекарасы,
Бір жағы - күн, бір жағы - түн баласы.
Арғы жағы - көк көзді жын ұясы,
Бергі жағы - Түріктің сар даласы.

Асқар Орал - кәрі Алып күзет тұрған,
Күн мен түн арасында «Қытай қорған».
Денесі - тас, қарағай - қою мұрты,
Оң мен сол, түстікке ол мұртын бұрған.

Қарамай еш нәрсеге көзім тоқтап,
Келіп ем алыбымды аңсап-жоқтап.
«Ұйқы - дұшпан» деген сөз дұрыс екен,
Сол Алыптан етіппін түнде ұйықтап.

Кеш, Алыбым, жүзіңді көре алмадым,
Алдында иіліп сәлем бере алмадым.
Амал не, сар даладан сақ елші боп
Күзеттегі Алыпқа келе алмадым.

Ұзын Орал - күн мен түн шекарасы,
Өлім - түн, өмір - гүлді Гун даласы.
Өмір менен өлімнің шекарасын
Ұйықтап озбақ ежелден жер баласы.

Екі дүние: күн мен түн, өмір - өлім,
Бірі - бесік, біреуі - даяр көрің.
Бала болып жата бер бесігінде,
Сар даланың еркесі - қазақ елім.

ГҮЛСІМГЕ

Жұмақтағы жібек желден,
Мәңгі жайнап тұрған гүлден.
Жаратылған әйел сұлу!
Тұрмыс деген бір тұзаққа,
Азға емес, тым ұзаққа
Кез болыпты – ішіпті у.
Әйел атын Гүлсім дейді,
Тұрмыс атын тылсым дейді.

Жұмақтағы кәусар судан,
Бетіндегі алтын будан,
Періштелердің жырынан,
Жұмақ суы сылдырынан,
Жапырағының сыбдырынан,
Тәңірінің дәл өз нұрынан
Жаратылған періште еді,
Мекені оның ғарышта еді.

Алмас қанат періште еді,
Мекені оның ғарышта еді,
Жерді көрді қанға батқан.
Жүрегіне қанжар кіріп,
Жапан түзде андай ұлып,
Елді көрді зарлап жатқан.
Елді көрді – жерге түсті,
Жерге түсті – көрге түсті.

Елді көрді – жерге түсті,
Қақты қанат, кезді, ұшты,
Кім зарласа, соны сүйді.
Күлгенменен бірге күліп,
Өлгенменен бірге өліп,
Күйгенменен бірге күйді.
Жабыққанға жәрдем етті,
Қара да, ақ та теңіз өтті.

Алдап меруерт көбік шашар,
«Кел, – деп, – бері!», қойнын ашар.
Тұрмыс – теңіз бір тұңғиық.
Теңізге кім басар қадам,
Басса, басар оған адам.
Жанын сатып, жанын қиып!
Тұрмыс – теңіз сылқ-сылқ күлді,
Сұлу суға кірді де өлді.

Өлді сұлу – өтті жылдар,
Өлді сұлу – бітті жырлар,
Жалғыз ерте кешкі таңмен,
Қанды жерге көзін салып,
Көкті ойлап күйіп-жанып,
Қоңырлатқан мұңды әнмен
Ұшады екен қанат қағып,
Көзінен ыстық жасы тамып.

Жан толқытар жыр іздеген,
Әдемілік нұр іздеген,
Қиял құлы – мен бір ақын.
Тұрмыста тар, тайғақ жолға,
Түсіп келе жатып орға,
Күні кеше кешке жақын.
Батқан күннің таңын көрдім,
Сол сұлудың
жанын көрдім.

Күні кеше
жанның жырын,
Жүзіндегі жұмақ нұрын
Естіп, көріп, елжіредім.
Жан-жүрегім,
қолым беріп,
Қан аралас жасым төгіп:

«Жолым баста, келші!»
– дедім.
Қайрылып та қарамады,
Жас жүрегім жаралады...

«Мен бір жанмын өлген, – деді,
- Періштелер көмген!» – деді,
Бір қарады, кете барды.
Жүзіндегі жұмақ нұры,
Аузындағы мұнды жыры
Жүрегіме сіңіп қалды.



Мұрат Шаханбайдың суреті

Жүрегімнен кетпес бұл жыр,
Құбылса да мыңға өмір.

Періштелер лебізінен,
Шын махаббат теңізінен
Жаратылған әйел сұлу!
Тұрмыс деген бір тұзаққа,
Азға емес, тым ұзаққа
Кез болыпты – ішіпті у!
Әйел атын Гүлсім дейді,
Тұрмыс атын тылсым дейді...

GÜLSIM'E

Cennetteki ipek yelden
Hiç solmayan pembe gülden
Yaratılmış nazlı güzel
Hayat denen bir tuzağa
Az da değil ta uzağa
Düşüp ağu, zehir içen
Kadın, "adım Gülsim" diyor
Hayat, "adım tılsım" diyor

Mübarek Kevser suyundan
O suyun altın buğ'undan
Ferişte lerin neyinden
Çağlayan cennet çayından
Güllerin baygın bûyundan
Yüce tanrının nurundan
Yaratılan bir melekti
Rabbim onu arşa çekti

Elmas kanat feriştedir
Onun mekanı arştadır
Baktı ki dünya kan revan
Yüreğine ok saplanan
Kırda bir yaralı ceylan
Gibi ağlayıp haykıran
Halkı gördü, kalbi durdu
Ecel onu erken vurdu

ГҮЛСІМ ХАНЫМҒА

Бота көз, сиқырлы сөз Гүлсім ханым,
Әр жерде өткізсек те өмір таңын,
Кей уақыт көзіңізге көзім түссе,
Ойнайды аласұрып неге жаным?!

Бота көз, сиқырлы сөз ханым Гүлсім,
Көктегі Күн күлмесін, Гүлсім күлсін!
Гүлсім – Күн, көкте ақырын жүзе білед,
Сүйдіріп, күйдіргенін қайдан білсін!

UZAKTAKI KARDEŞIME

Uzaklarda azap çeken kardeşim
Lale gibi boyun büken kardeşim
Kuşatılmış zalim düşman içinde
Sel gibi gözyaşı döken kardeşim

Ufkuna karanlık çöken kardeşim
Ömür boyu cefa çeken kardeşim
Diri diri derinizi yüzerler

Ağır işkenceden bıkan kardeşim

Anamız değil miydi altın Altay
Oynaşır dururduk iki deli tay
Onun kucağında, yaylalarında A
ydınlık yüzümüz sanki dolunay

Boyalı altın aşık atmadık mı?
Bir döşekte tepişip yatmadık mı?
Altay adlı anamızın sütünden,
Birlikte emip birlikte tatmadık mı?

Dağların bağrından billur pınarlar
Şırıl şırıl bizim için akarlar
Sularından kuşlar, koyunlar içer
İstesek hazırdı Burak'la tulpar.

Altayların altın suyundan içtin
Zamanla bir yiğit parsa dönüştün
Akdeniz'le Karadeniz ardına
Kardeşini burada bırakıp göçtün

Ben kaldım burada yavru kuş gibi
Sanki kanadından vurulmuş gibi
Yol gösteren, kanat geren kalmadı
Avcılar peşimde kor ateş gibi

Yavru yüreğime bir ok saplandı
Yanım yörem al kanımla sulandı
Kalmışım burada halsiz mecalsiz
Atıldım zindana kapı kapandı

Görmüyorum artık kırı obayı
Gündüz günü, gece gümüşten ayı
Kundaklayıp has ipeğe sarardı
Esirgeyen altın anam Altay'ı

Ayrıldık mı kuzu gibi sürüden
Yağmur gibi yağan oktan, çeriden
Pars yüreği Er Türkümün yüreği
Korkar olduk şimdi cinden periden

Hürriyete âşık olan Türk hani
Gerçekten hasta mı dondu mu kanı
İçindeki harlı ateş söndü mü
Kim söndürür o ebedî volkanı

Sen orada, ben burada uzakta
Kaygımızdan kan kusarız tuzakta
Layık mı kul olmak yekin gidelim
Ata mirasımız o altın tahta

MAĞCAN'A CEVAP

"Buşiir Kazakistan'lı Şair Mağcan CUMABAY'a Türkiye'den 84 yıl sonra (2002 yılında) Feyzullah BUDAK tarafından (kardeşlik ruhu ile) verilen gecikmiş bir cevap ve vefa borcunun ifasıdır."

Uzaktan azabımı bilen kardeşim
Sevgisiyle gözyaşımı silen kardeşim
Özü amansız düşmanlar ortasında
Gönlünü derdime bölen kardeşim

Ağır kaygılarla doldum kardeşim.
Kuruyup Lale gibi soldum kardeşim.
Taş yürekli düşmanı sen hep bilirdin.
Ben şimdi haberdar oldum kardeşim

Ortak anamız idi, Altın Altay
O bir Tulpar idi, bizler birer tay
Bağrında şimşekler gibi çakardık
Karşımızda sönük kalırdı, gün ve ay

Alalı altın aşık atıştık elbet
Tepişip bir döşekte yatıştık elbet
Altay gibi bir ananın ak sütünden
Beraber emip, beraber tadıştık elbet.

Bizim için dupduru bulaklar aktı.
El attığımız yerde şimşekler çaktı.
Emrimizdeydi uçan kuş ve kopan yeller
Bindiğimiz atlar tıpkı buraktı.

Bir gün ortak hayatın süresi doldu.
Tanrı emriyle sefer mukadder oldu.
Akdeniz–Karadeniz aşıp gitsem de,
Yüreğim Altın Altay'da kaldı.

Bilirim öksüz kalıp kanat açamadığın
Uçmaya davransan da uçamadığın
Yön bulduran, yol gösteren can olmayınca
Düşman kurşunlarından kaçamadığın

**ЖҰМСАҚ МІНЕЗ ЖІБЕКТЕР.
СҮТТЕЙ ТАЗА ЖҮРЕКТЕР.
ҚАСИЕТТІ ТІЛЕКТЕР –
МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН!**

Sana değen kurşun, bana saplandı
Günahsız kanımız birlikte aktı
Toprağa düşen kan, onu yurt kılar
Bizi ayrılıp, bölünmek yaktı.

Ben de hasretim, gezdiğimiz ovaya
Gündüz güneşe, gece gümüş nurlu aya
Bizi ipek kundaklara sarmalayıp
Bağrında büyüten anamız Altay'a

Ulu bütünden ayrılıp uzağa düştük.
Tarihin kazanında yıllarca piştik.
Dağılıp yılmadık yağan oklardan
Yiğitlik suyunu biz özünden içtik.

Özgürlüğe hamle eden Türk canı
Ne hasta düştü, ne de tükendi hali
Sönmedi yüreklerdeki ateş
Kurumadı damardaki atalar kanı

Kardeşim, sen o yanda, ben bu yanda
Kudret doğmaz ayrı ayrı yatanda
Gücü-kuvveti toplamak gerek
Atalardan miras Uluğ Vatanda.

Feyzullah BUDAK

МЕН КІМ?

Арыстанмын, айбатыма кім шыдар?
Жолбарыспын, маған қарсы кім тұрар?
Көкте - бұлт, жерде - желмін гулеген,
Жер еркесі - желдің жөнін кім сұрар?

Көкте - Күнмін, көпке нұрым шашамын,
Көңілге алсам, қазір ғарышқа асамын.
Шеті, түбі жоқ теңізбін қаракөк,
Ерігемін - толқып, шалқып, тасамын.

Жалынмын мен, келме жақын, жанарсың,
Тұлпармын мен, шаңыма ермей қаласың.
Күл болсын көк, жемірілсін жер, уайым жоқ,
Көз қырымен күліп қана қарармын.

Мен өлмеймін, менікі де өлмейді,
Надан адам өлім жоғын білмейді.
Өзім - патша, өзім - қазы, өзім - би,
Қандай ессіз не қылдың деп тергейді?

Мейірленсем - сегіз жұмақ қолымда,
Қаһарлансам - тамұқ даяр құлыма.
Жоқ жақыным, жалғызбын!
Мен де иілер әлсіз адам ұлына?!

Өзім - Тәңір, табынамын өзіме,
Сөзім - құран, бағынамын өзіме!
Бұзушы да, түзеуші де өзіммін,
Енді, ескілкі, келдің өлер кезіңе!

МАГЖАНГА ЖООП

Алыстан азабымды сезген, тууганым,
Кирпигине жашын тизген, тууганым.
Өзү жоо ичинде турса да күйүп
Жүрөгүн кайгыларым эзген, тууганым.

Кордуктар дүйнөнү бизге эткен тар,
Кызгалдактай солуп ийген кезим бар.
Душман кандайлыгын билет элең го,
Мага эми эми келди бул кабар.....

Энебиз болгону чын Алтын Алтай,
Ал тулпар, биз болсо ойнок, азоо тай.
Боорунда экөөбүз жүргөндө жайнап,
Уктап калчуу дайым куяш менен ай.

Алтын ашыктарды аткан биз элек,
Бир көрпө ичинде жаткан биз элек.
Алтайдай эненин ак сүтүн эмип,
Даамын да мемиреп таткан биз элек.

Биз үчүн суу аккан мөлтүр булакта,
Чагылган чырагын жаккан узакта.....
Бизде болчу куштар, шамалдар эркн,
Учканбыз көктөрдө дулдул бураста.

Кез келип бул доор медери талган,
Теңир башыбызга сапарды салган.....
Ак деңиз, Кара деңиз тарапка басып,
Жүрөгүбүз болсо Алтайда калган...

Сен калдың учууга шай келбей канат,
Билемин өксүдүң үмүттөр канап....
Жол бирли бир адам болбогондуктан
Жоодон арылуу да болгон аманат.

Жоо огун сага да, мага да атты,
Кан төгүп, жан алып денеге батты.
Топракка тамган кан артында болсо
Бөлүнүү деген бир капыр ой жатты.

Эңселет: биз бирге сүйгөн адыр, сай,
Күндүзгү алоо күн, түнкү сулуу ай.
Бизди макмалдарга орогон, сүйгөн,
Алдейлерди айткан энебиз Алтай.

Улуу бирдик урап, ар жерде жашап,
Тарых казанында быштык жыл ашап.
Жок болуп кетпедик, кудайга шүгүр,
Көрүндү акыры эрк турган башат.

Эгемен жашооо турк берет маани,
Тозуду, бирок эч өлгөн жок жаны.
Өчпедү жүрөгүн жүрөк кылган от,
Тамырында аккан бабалар каны.

Жашайбыз сен анда, биз чи бул чеңде,
Күчтүү болбойт өзүн деген эл, пенде.
Башты бир, дилди бир кылуубуз керек
Аталардан калган орто Мекенде!

МАҒЖОНГА ЖАВОБ

Олисдан азобимни сезган, қардошим,
Мени деб кўз ёши сизган, қардошим.
Ўзи ҳам ёвуз ичинда қолиб,
Дилин дарду ғамим эзган, қардошим.

Оғир қайғуларга тўлганим чиндир,
Қувариб, лоладай сўлганим чиндир.
Тош юрак ғамимни билардинг олддан,
Мен энди хабардор бўлганим чиндир.

Энамиз эди оҳ, ул Олтин Олтой,
У бедов, биз эса ўйноқ, асов той.
Қўйни да сену мен сайрон қурганда
Ухлабон қоларди қуёш билан ой....

Олтин ошиқларни отган ҳам бизмиз,
Битта кўрпа ичра ётган ҳам бизмиз.
Олтойдай онамизнинг оқ сутин эмиб,
Тотин биргаликда тотган ҳам бизмиз.

Оққан бизни дебон не зилол булоқ,
Қўл етарда чақин қилган ноз фироқ....
Амримизда қушу шамоллар эркн,
Минганимиз тулпор бамисли буроқ.

Бир куни бу даврон косаси тўлмиш,
Тангри бошимизга сафарни солмиш.
Оқу Кора денгиз томон юрсак да,
Юрагимиз Олтин Олтойда қолмиш....

Биламан, учай деб уча олмадинг,
Ўксиниб, ёрингдан кўча олмадинг.
Йўл билги бир инсон бўлгунича то,
Душман қуршовидан қоча олмадинг.

Ёв ўқи сенга ҳам, менга ҳам ботди,
Бегуноҳ вужудда қон билан котди.
Тупроққа қоришган жону юрт аро
Бўлиниш деган бир чўнг нидо ётди.

Қўмсалур бирликда кезган қиру сой,
Кундузги қуёшу тунги кумуш ой....
Бизни илак ила йўргаклаб, суйган,
Аллалаган улуғ онамиз Олтой.....

Улуғ бирлик нураб бу ёкка тушдик,
Тарих қозонида не йиллар пишдик.
Йитмадик тарқалиб ўқу дўқлардан,
Ўзидан эркинлик сувини ичдик.

Ўзгирликка ошно бу туркинг жони,
Йитмади, тикланди аҳволи, шони.
Ўчган йўқ юрагида ёниқ оташи,
Томирларда оқди боболар қони.

Яшаймиз сен у ён мен чи бу ёнда,
Куч бўлмас яккалик истаган танда.
Қудрату қувватни жам этиш керак
Оталар мероси бўлган Ватанда!

Қырғыз және өзбек тілдеріне аударған
Осман ТЕМУР



МАҒЖАННЫҢ «АРЫСТАН АЙБАТЫ» ҚЫРҒЫЗША ТЕБІРЕНДІ

Мағжанның бірді-екілі өлеңдерін қырғыз ақындары аударып келген еді. Мен де қалқадірімше атсалысқанмын. Бірақ, жеке жинақ түрінде шықпаған екен. Осы олқылықтың орнын толтыру мақсатымен 80 шақты өлеңі мен «Батыр Баян» және «Қорқыт» дастандарын қотарып, «Арыстан айбаты» деген кітапқа топтастырдым. Нұрлан Қалыбеков те бір жинақ бастырды. Түркі академиясының қолдауымен Бішкекте арнайы іс-шара өткіздік. Біз халықаралық ««ТҮРКСОЙ» қоғамы және Түркі академиясы шеңберінде қазақстандық ақын-жазушылармен ынтымақтаса жұмыс істеп келеміз.

Бұл салада Мичиган университетінің профессоры Тимур Қожаоғлу өте өнімді еңбек етіп жүр. Оның Мағжанды ағылшын тілінде «сөйлеткен» айтулы еңбегі «Мағжан Жұмабаев – азаттық пен махаббат отының ақыны» деп аталады. Биыл Түркі академиясының қолдауымен үш кітап шықты.

Акбар РЫСҚҰЛОВ,
Қырғызстанның Тоқтағұл атындағы мемлекеттік сыйлықтың лауреаты.

МАҒЖАННЫҢ ӨЛЕҢІН ЖИЫРМА ЖЫЛ БҰРЫН АУДАРДЫМ...

Мағжан жырларын аударғаным үшін халықаралық Түркі академиясының күміс медалімен марапатталдым. Бұл – мен үшін үлкен мерей. Жинақтың тұсаукесер рәсімін Ташкентте жоғары деңгейде өткіздік. Мағжанның өлеңін алғаш рет осыдан жиырма жыл бұрын тәржімалаппын.

Менің бабам Ахмат сталиндік қуғын-сүргінге ұшырап, атылған. Тағдыры Мағжанмен ұқсас болғандықтан ба, жүрек тебірентерлік лирикасына тереңдей бойлап, тұпнұсқадан ауытқымауға тырыстым.

Алдағы мақсатым – толығырақ аудару. Абайдың да өлеңдерін тәржімалап қойдым. Жеке жинақ етіп шығару ойымда бар. Биыл алтай, әзірбайжан, моңғол, түрік, тағы басқа сегіз тілде әзірленген біріккен жинақ та жарық көрді.

Мұзафар АХМАТ,
Өзбекстанның халық шайыры.

«Халықтың Мағжанға деген сағынышы әлі басылған жоқ»



Жарасбай СҰЛЕЙМЕНОВ
мағжантанушы

«Мен жастарға сенемін» деп ұрандаған қазақ поэзиясының жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына биыл 130 жыл толды. Сіздің ойыңызша, біз Алаш қайраткерінің мерейтойын өз деңгейінде атап өтіп жатырмыз ба? Мәселен, Мағжанға ұрпағы лайықты құрмет көрсетті ме?

Дұрыс айтасыз, елімізде мерейтойларды атап өтудің үкімет бекіткен тәртібі бар. «Мерейтойлар мен атаулы күндерді мерекелеу туралы» қаулы бекітілген. Сол қаулыда рухани мәдениетті дамытуға, мемлекеттің қалыптасуы мен нығаюына зор үлес қосқан, халыққа танымал әйгілі тұлғалардың, ғылым, өнер қайраткерлерінің жүз жылдығы, одан кейінгі мерейтойлары әрбір жиырма бес жылда аталып өтеді делінген. Әдетте, билік басындағылар мерейтойға қатысты әңгіме қозғала қалса, осы қаулыны алға тартады. Бірақ, бұл жолы олай болған жоқ. Мағжанның 130 жылдығы өзінің туған өңірінде кеңінен тойланды. Облыс орталығы Петропавлда Түркия, Өзбекстан, Қырғызстан, Әзербайжан, Ресей ғалымдарының қатысуымен ғылыми-практикалық конференция ұйымдастырылса, келесі күні мерекелік іс-шаралар ақынның туған топырағы – Сартомарда, әйгілі Сасықкөлдің жағасында жалғасты. Мемлекет басшысының тапсыруымен жиынға қатысқан Парламент Мәжілісінің төрағасы Ерлан Қошанов салтанатқа жиылғандарға Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау хатын оқып берді.

«Мағжан Жұмабаев – қазақтың ғана емес, тұтас түркі жұртының мақтанышы. Ақынның Отанға деген шексіз сүйіспеншілікке толы жырлары халқымыздың жүрегіне жол тауып, руханиятымыздың алтын қорына енді. Мен Түркістанда өткен Ұлттық құрылтайда жастардың бойына ізгі қасиеттерді сіңіру қажеттігіне ерекше тоқталдым. Бұл ұлтымыздың жаңа сапасын қалыптастыру үшін

өте маңызды. Осы орайда Мағжанды тану, Мағжанды таныту – тәрбиелік әрі тағылымдық мәні бар мәселе», деп жазылған құттықтауда.

Осы арада бір жайға тоқтала кетсем, айтулы күннің қарсаңында жұмыс сапарымен Солтүстік Қазақстан облысында болған Президент жергілікті басшыларға, руханият саласының жанашырларына Мағжанның 130 жылдығын жоғары деңгейде ұйымдастыру қажеттігін қадай тапсырған еді. Осы сөздер құлағына тигеннен кейін облысымыздың сол кездегі әкімі (қазір Ауыл шаруашылығы



министрі) Айдарбек Сапаров 2023 жылды «Мағжан жылы» деп жариялап, мерейтой қамына қызу кірісіп кетті. Сол кіріскеннен той тарқағанша тізе бүккен жоқ. Сөз реті келгенде айта кетейік, ол ұлы ақынның 110, 115, 120, 125 жылдық тойларын да өзіндік салтанат сәнімен өткізуге белсене атсалысқан руханияттың нағыз жанашыры.

Байқайсыз ба, Солтүстік Қазақстан тұрғындары Мағжанның мерейтойын бес жыл сайын атап өтуде. Өз басым ұлы ақынға осындай құрмет көрсетілгеніне қуанамын. Сосын, Алаш арыстарына, кешегі қуғын-сүргін кезінде жазықсыз жазаланып, қыршынынан қиылған ұлт қайраткерлеріне келгенде, жоғарыдағы қаулының шеңберінде шырмалып қалмағанымыз дұрыс. Өйткені, кеңес заманында Мағжанның өзі де, сұлу жырлары да тұншығып жатты. Ал халықтың Мағжанға деген сағынышы әлі басылған жоқ.

Сүйсінерлігі сол, Мағжан ақталғаннан бері оны тану, таныту бағытында қыруар істер атқарылды. Солтүстік Қазақстан облысына қатысты айтсақ, Қызылжардың қақ төрінде өзінің есімімен аталатын көшеде және вокзал алаңында ақиық ақынның ескерткіші асқақтап тұр. Туған өңірі – бұрынғы Булаев ауданы енді Мағжан Жұмабаевтың есімімен аталады. Оның атында педагогикалық колледж тағы бар. Солтүстік Қазақстан Мемлекеттік университетінің бір аудиториясы аяулы ақынға арналып жабдықталған. «Мағжан оқулары», журналистерге жыл сайын берілетін Мағжан атындағы жүлде... айта берсек, Мағжанды танытуға бағытталған іс-шаралар аз емес. Осылардың бәрін қолға алмасақ та қара түнектен жарық дүниеге бұлқынып шыққан Мағжан өз биігінен аласарып қалмас еді. Бұл – бүгінгі ұрпақ үшін, болашақ үшін қажет дүние.

Мағжанды оқырман көбіне-көп лирик ақын ретінде таниды. Өлеңін жатқа оқитын айбарлы жастардың буыны ел ағасы болып қалды. Кейінгі ұрпақ та сол ізге ілесіп келеді. Ал, ақынның қайраткерлік қырын мағжантанушы ретінде өзіңізден сұрасақ. Тіпті, Мағжанды «Алаш партиясында аса белсенділікпен көзге түспеді» деп пікір айтатындар бар.

Мағжан шын мәнінде жыр әлеміндегі қайталанбас құбылыс! Оған ешкімнің дауы жоқ. Ал қайраткерлік қырына келетін болсақ, ол туралы да айтатын сөз жетіп жатыр. 1924-1925 жылдары Мәскеуде оқып жүргенде ұлтжанды қазақ жазушыларының «Алқа» деп аталатын әдеби үйірмесін ұйымдастырғаны, оның «Табалдырық» атты бағдарламасын жазып таратқаны қайраткерлікке жатпайды деп кім айта алар?! Ақын бағдарламаны қолдан көшіріп, оның 16 данасын сол кездегі көрнекті қаламгерлерге таратқан. «Әдебиетіміз», «Бұл күнге дейін төңкеріс һәм әдебиетіміз», «Әдебиеттің жалпы заңы», «Марксшілдік һәм әдебиет. Не жазуға» деген сияқты негізгі бес бөлімнен тұратын «Алқаның» бағдарламасын Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов. Мұхтар Әуезов, Смағұл Сәдуақасов, Сұлтанбек Қожанов, Сәбит Дөнентаев, Жұмағали Тілеуұлы, Елдос Омаров және басқа да қазақ зиялылары, мәдениет, әдебиет қайраткерлері қолдаған.

Осындай алмағайып кезеңде нағыз алашордашылар ұлттың жаңғыруы, өз алдына дербестік идеясының, тәуелсіздік мұраттарының туындауы негізінде ел тұтастығын көкседі. Ғұмар Қарашев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Міржақып Дулатов сынды ақындар ұлттық

айбарға айналды. Олардың ақындық дауысы Бұқар жыраудың, Мұрат Мөңкеұлының, Дулат Бабатайұлының, Шортанбай Қанайұлының жырларымен қайта үндесіп кетті. Мағжан да:

«Азамат! Анау қазақ қаным десең,
Ұжымақтан суын алар, жаным десең.
Болмаса, ібіліс бол да у алып бар,
Тоқтатам тұншықтырып қанын десең,

яки:

Ұзын Орал – күн мен түн шекарасы,
Бір жағы – күн, бір жағы – түн баласы.
Арғы жағы – көк көзді жын ұясы,
Бергі жағы – түріктің сар даласы»,– деп ашық та ашына жырлады. Түсіне білсек, ол Алаштың ұлы ақыны, қабырғалы қайраткері дәрежесіне осындай батыл өлеңдерімен де көтерілді.

Осы арада Мағжан Жұмабаевтың Алашорданың Орынборда өткен алғашқы құрылтай съезіне Ақмола облысынан қатысқан екі делегаттың бірі болғанын, алқалы жиында оқу комиссиясының мүшелігіне сайланғанын айта кету керек. Алайда, үміт ақталмады. Бас-басына би болғысы келгендер айтыс-тартыстың жетегінде кетті. Ақыры басқаларға жем болды. Мағжанның «Кедей сөзі» газетінің 1921 жылғы 12 қаңтардағы санында «Жәжеке» деген бүркеншік атпен жариялаған «Автономия кімдікі?» деген шағын мақаласы осындай сәтсіздіктерді қозғайды. Ол ел болу бағытындағы шалыс қадамдардың сырына үңіледі, оқыған азаматтардың автономия ісіне жұмыла кірісе алмағанына, олардың арасындағы алауыздықтың жойылмағанына өкініш білдіреді. «Кеше, 17-18-19 жылдарда «автономия» деп атқа мінген азаматтардың біразы қазір автономияға үмітсіз, салқын қарайды. Кіріскісі келмейді, «тілегенің осы емес пе, неге кіріспейсің?» десең, «бұл – біздікі емес, жолдастікі» дегендей. Қазіргі халдің қожасы кейбір жолдасқа жолықсаң: «Автономия – менікі, мен болмаған кісі аулақ жүрсін» дегендей. Мұның аты – ұғыспау, ұқпау ғой» деп қынжылады.

Осы деректерден Мағжанның Алашордаға жанашырлығын аңғарамыз...

Иә, Мағжанның түсінігінде, ұлт ұйыспай ел болу жоқ. Бірлі-жарым жолдастың бостандығы Алаш елінің бостандығына кепілдік бола алмайды, бостандық дәмін тұтас ел татқанда ғана автономия саясаты салтанат құрады, Алаш туы биік желбірейді. Демек, автономия «айлы, күнді, қанды отты тарихы бар; кең, бай, терең тілі әдебиеті бар; басқаларға үйлеспейтін төресі, шаруасы бар – қазақтікі. Жүз жылдар орыс ақсүйектері мен байларының тепкісінде елдігін ұмытпаған Алаштікі. «Аязды күні айналған, бұлтты күні толғанған, құрығын найзадай таянған, қу толағай жастанған «Ер қазақтың автономиясы бұл!»



Мағжан Жұмабаев ақталғаннан кейін оның өмірі мен шығармашылығын зерттеушілердің ақын ғұмырнамасын қалпына келтіруге асыққанына өзіміз куәміз. Десек те, бертінге дейін біраз жайлар назардан тыс қалып келді. Мұның 1922 жылға да қатысы бар. Елді жаппай ашаршылық жайлаған нақ осы кезде Мағжан қайда болды, немен айналысты? Осы сауалдарға толыққанды жауап беретін құжаттар Солтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағатынан табылды. Міне, осы құжаттарда көрсетілгендей, Қырғыз өлкелік Орталық атқару комитетінің 1921 жылғы 29 қарашадағы ережесі

**ТАУ СУЫНДАЙ ГҮРІЛДЕР,
АЙБЫНДЫ АЛАШ ЕЛІМ ДЕР,
АЛТЫН АРҚА ЖЕРІМ ДЕР,
МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН!**

негізінде ашыққандарға жәрдем беретін Ақмола губерниялық төтенше комиссиясы құрылады. Бұл мекеме сол жылдары губерния орталығы болған Петропавлда орналасады. Мағжан алғашында осы комиссияның төрағасы болса, кейін төрағаның орынбасары қызметін атқарады. Мағжан өзіне жүктелген міндеттерді іске асыруға жан-тәнін сала кіріседі.

Тарихи құжаттардан бұл кезде қазақтардың



жағдайы өте ауыр болғанын аңғарамыз. Мағжан осы жайларды ескеріп, аштыққа қарсы күрес комиссияларының құрамына қазақ қызметкерлерін міндетті түрде енгізу жөнінде ұсыныс жасайды. 1922 жылы маусымның 23-і күні Москваға, аштыққа қарсы күрес комиссиясының орталық комитетіне аш-жалаңаштардың Петропавлға қарай ағылуын тоқтату қажеттігін, мұндағы жағдай да өте күрделі екенін хабарласа, 29 маусымда Қостанай губерниялық ашаршылыққа қарсы күрес комиссиясына 5000 пұт астық жөнелту жөнінде нұсқау береді. Сол жылдың шілдесінде ашыққандарға көмекті күшейту мақсатында Мағжанның өзі де Петропавл, Көкшетау уездеріне іссапарға шығады. Осыған орай оның атына жазылған мандатта Жұмабаев жолдасқа ашыққандарға көмек қорына түскен азық-түліктің нақты есебін жүргізу, келеңсіздіктер байқалса оны жедел жою, аштыққа ұшырағандардың нақты санын анықтау, оларды жағдайы біршама тәуір аудандарға бекіту, халықтан ерікті түрде жиналған мал мен азық-түлікті ашыққандарға бөлу, бұл іске жергілікті ақсақалдарды тарту тапсырылады.

Қалай дегенде де Мағжанның ізіне большевиктер түсіп, ақыры 1938 жылы ату жазасына кесілді. Ақынға нақты қандай айып тағылған еді?

Кезінде Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің (қазіргі ҰҚК) мұрағатындағы 1937 жылдың 30-желтоқсанында қозғалған Мағжан Жұмабаевты айыптау жөніндегі №3881 іспен танысқан едім. Мағжанға тағылған айыптар НКВД қызметкерлері Марсельский мен Латыпов қол қойған анықтамада нақты көрсетілген: «Мағжан Жұмабаев – алашордашы... 1917 жылы Омбы қаласында «Бірлік» ұлттық ұйымының мүшесі болған, Кеңес өкіметіне қарсы күрес ұйымдастыруға қатысқан. 1922 жылы Байтұрсынов және басқалары басқарған революцияға қарсы қазақ ұлттық ұйымына жалданып Кеңес өкіметін құлату үшін белсенді жұмыс жүргізді. 1929 жылы революцияға қарсы қызметі әшкереленіп, 10 жылға сотталады, концлагерьге қамалды. 1935 жылы лагерьден оралғаннан кейін ескі контрреволюциялық байланыстарын қалпына келтіріп, революцияға қарсы белсенді іс-қимылын одан әрі жалғастырды» делінген.

Ақын тергеу изоляторында кіші лейтенант Нұржановқа берген алғашқы жауабында «Мен өзімді кінәлімін деп санамаймын» деп тағылған айыптарды мойындамайтынын айтқанмен, 1938 жылы 6-қаңтарда Қазақ КСР-нің ішкі істер халық комиссариатына өтініш жазып, 1919-1929 жылдар аралығында Бөкейхановқа жалданып, Жапонияның пайдасына шпиондық жасағанын, 1929 жылға дейін Сейфуллинмен, ал лагерьден келгеннен кейін И.Ахметовпен, Ә.Бөкейхановтың жеке хатшысы Е. Омаровпен, С.Мұқановпен байланысы болғанын мәлімдепті. Осы айтылғандардың бәрін 16-ақпанда жауап алу кезінде де растайды. Осы іс бойынша тергеуші Дмитриенко ақынның жұбайы Зылиха мен Бейімбет Майлиннен де жауап алған. Бірақ олардың жауабында ілгек боларлық ештеңе жоқ. Соған

қарамастан ақын НКВД комиссиясы мен КСРО прокуратурасының 1938 жылғы 11 ақпандағы шешіміне сәйкес кеңес өкіметіне қарсы және шпиондық қызметі үшін ату жазасына кесіліп, үкім сол жылы 19-наурызда орындалған.

Батыр Бауыржан Момышұлы соғыстан кейінгі жылдары Мағжанды көргенін айтады. Бұл оқиға шындыққа жанаса ма, әлде...

Бір кездері ел арасында осындай әңгіменің болғаны рас. Қазір оның бәрі басылды. Бауыржан Момышұлы естелігінде 1948 жылдар шамасында Сібір жерінде Мағжанды көргенін жазады дегенге келсек, соны қолымен ұстап, көзімен көрген, оқыған адам бар ма? «Мағжан 1938 жылы атылған жоқ» дегенге өз басым сенініқіремеймін. Біріншіден, ол кезде саяси айыбы бойынша өлім жазасына кесілгендердің үкімін үш күннің ішінде орындау туралы ең жоғары органның нұсқауы болған. Оны орындамау – өз басынды оққа байлау деген сөз. Екіншіден, егер Бауыржан Момышұлының қолында сондай дерек болса, Мағжанды расымен кездестірсе, ол кісі көзі тірісінде-ақ жазып, айтып кетер еді.

Атырау облысындағы Абдулла Әбдірахманов ақсақалдың да «Мағжанмен Колымада бірге отырдым» дегені жай сөз деп санаймын. Ол кісі мұндай әңгімені жасы тоқсанның үстіне шыққанда қозғады. Егер ол 1948 жылы Мағжанмен бірге отырса, Мағжан ақталып, ол туралы әңгімелер республика деңгейінде көтеріліп, бұқаралық ақпарат құралдары жарыса жазып жатқанда қайда болған? Неге ақынды көргенін айтып, оның 1938 жылы атылды дегеніне қарсы уәж айтпаған? Міне, менің көңілімде осындай сауалдар туындайды.

Ал өзім көрген ресми құжатта Мағжан Жұмабаевтың қай күні атылғаны көрсетілген. Тағы бір ойландыратын жай, Мағжан 1938 жылы атылмай 1951 жылға дейін тірі жүрсе, осы уақытта бір өлең жазбады дегенге кім сенер?! Ондай дүниелер табылған жоқ қой.

Алаш зиялылары туралы мәлім де беймәлім деректердің көбі егемендік жылдары жазылып, жарияланып жатты. Тарихшылар репрессия жылдары «қазақты қазаққа айдап салу» саясаты жүргенін айтады. Мұның салқыны Мағжан Жұмабаевты да орап өтпеген. Солай ма?

Аласапыран заманда айдарынан жел ескен ақынның ақ сөзін қара деген, сауын «жара» деген, ұлтын сүйгені үшін ұлтшылсың, Түрікстан, Тұранды жырлағаны үшін түрікшілсің деп кінәлағандар, неше түрлі атақ таққан жандар аз болған жоқ. Солардың бәрін сырттан біреулер айдап салды деген шындыққа жа-



наспайды. Мағжанды сүріндіруге, жігерін жасытуға, қоғамнан шеттетуге ұмтылғандар – өзіміздің қазағымыз. Кейбіреулерін осындай қадамдарға таптық көзқарас итермелесе, енді біреулері шын дарынды, бөлек болмысты көреалмаушылықтың отына күйді. Ертеректе аузы дуалы бір қарт: «Құтырған ит аспандағы айға да арсылдаушы еді ғой. Сол сияқты Қазақстанның аспанында бір жаңа жұлдыз жарқырай қалса, соны өшіру үшін өңеші үзілгенше арсылдай беретіндер бар. Ондайлар өзгенің беделді бетіне безеу саламын деп жүріп, өзінің мерезге айналғанын білмейді» деген екен. Ол да бар.

Ақынның «Сүй, жан сәулем» деп басталатын өлеңін жатқа оқитындар көп. Басқа-басқа оқырман осы өлеңнің тарихын білгісі келеді...

«Сүй, жан сәулем» – Мағжанның Гүлсім Камаловаға арнаған өлеңі. Ол ақынның 1922 жылдан бергі барлық жинақтарына енген.

Сүй, жан сәулем, тағы да сүй, тағы да!
Жылы, тәтті у тарады қаныма.
Бұл ләззаттың бір минутын бермеймін
Патша тағы, бүкіл дүние малына, деп басталады.

Мағжанның жүрегін жаулаған, азапқа салған Гүлсім кім? Татар қызы Гүлсім Камалова

Мағжанның бақытына қарай дейміз бе, сорына қарай дейміз бе, 1920 жылы өзінен жасы едәуір үлкен күйеуімен бірге Қызылжарға көшіп келеді. Петербургтегі ақсүйек қыздардың педагогикалық институтын тәмамдаған,



Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде мейірбике болған Гүлсім Мағжан басқаратын курсқа мұғалім болып орналасады. Математикадан сабақ береді. Өзі сұлу, өзі тәкаппар Гүлсім күйеуінен басқа жанға көз қырын да салмай, қызметіне тік келіп, тік кетеді екен. Бірде оқытушылар бөлмесіне кіріп келген Мағжан Гүлсімнің жалғыз отырғанын көреді. Бірақ бір ауыз сөз айтып үлгермейді, Гүлсімді үй күтуші әйел телефонға шақырады. Осы арада Мағжан қолма қол өлең шығарып, Гүлсімнің үстел үстінде ашық жатқан дәптеріне түсіре қояды.
«Бота көз, сиқырлы сөз, Гүлсім ханым,
Әр жерде өткізсек те өмір таңын,
Кей уақытта көзіңізге көзім түссе,
Ойнайды аласұрып неге жаным?!

Бота көз, сиқырлы сөз, ханым Гүлсім,
Көктегі Күн күлмесін, Гүлсім күлсін!
Гүлсім – Күн, көкте ақырын жүзе білед,
Сүйдіріп, күйдіргенін қайдан білсін!»
Осы екі шумақ өлең Гүлсімнің жүрегіне шоқ салған болуы керек, ертеңіне ол дәлізде қарсы жолыққан Мағжанға жылы ұшырай амандасады.

Түйіндей кетсек, осы жылдар аралығында ұлт азаматы туралы біз біле бермейтін тағы қандай тың деректерді таптыңыз?

Мағжан өмірі мен шығармашылығына қатысты тың деректер жоқ емес, бар. Дәл қазір олардың бәрін жіпке тізгендей айтып бере алмаспын. Жалпы, өзбасым Мағжанның өмірі мен шығармашылығы толықтай зерттелді деп айта алмаймын. Мағжанның халыққа жетпей жатқан құпия сырлары өте көп. Оған «Мағжан Жұмабаев» энциклопедиясын құрастырғанда тағы бір мәрте көз жеткіздім. Осы еңбекті дайындаумен 10 жыл бойы айналыстым. Осыдан бес жыл бұрын ақынның 125 жылдық мерейтойы қарсаңында жарық көрді.
Ақын қанатын еркін сермей алмай қапыда кетті, бірақ содыр саясат оның өзін де, сөзін де жоя алған жоқ. «Бұйырса, шырақ сөнбес, ұзақ жанар» деген ақынның өз сөзі ақиқатқа айналып, Мағжан халқымен қайта қауышқалы да бірталай жыл өтті. Осы уақыт ішінде біз Мағжан Жұмабаев туралы біраз жайларға қанықтық. Мағжан туралы жазылған еңбектерді кезең-кезеңге бөліп қарастырар болсақ, Мағжанның көзі тірісінде, қуғын-сүргінге ұшырап, толық ақталғанға дейін жазылған дүниелердің бір төбе екенінде дау жоқ. Нақ сол кезде анық сөзін айтып кеткендердің қатарында Жүсіпбек Аймауытовты, Мұхтар Әуезовті, Ахмет Байтұрсыновты, Сұлтанбек Қожановты және басқаларын атауға болады. Маған, әсіресе есімі елімізге белгілі ғалым,

**ҚАЖУ БАР МА ТҰЛПАРҒА,
ТАЛУ БАР МА СҰҢҚАРҒА,
ИМАН КҮШТІ ОЛАРДА,
МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН!..**

филология ғылымдарының докторы, профессор Бейсембай Кенжебаевтың естелігі ұнайды. Ұзақ та емес. «Бұл қарапайым естеліктің айырықша қадірлі болатын тағы бір себебі – оны авторы қайта құрудың шарапатынан әлдеқашан бұрын (70-ші жылы) жазған.



Ешқандай есепсіз адал жанымен жазған» (Құлбек Ергөбеков). Айтса айтқандай, естелік иесі ерекше құрметке лайық, батылдығымен аты шыққан ғалым. Оның өзі де ұлтшылдық қамытын киіп, қуғын-сүргінді көп көрген. Енді осы қоспасыз таза естелікке үңілер болсақ, Мағжанның бейнесі жарқырап алдымыздан шығады. «Мағжан сұлу еді: орта бойлы, толық денелі, бұйра қара шашты, ақ құба бидай өңді еді. Бет пішіні Абайдың белгілі суретіндегі бет пішініне ұқсайтын. Жүріс-тұрысы жарасты, сәл маңғаз еді. Осының бәрінің үстіне ол қыз мінезді еді» – деп жазады Б. Кенжебаев.

Осы айтылғандар Мағжанның шын бейнесін ашады. Олай болатын себебі, Бейсембай Кенжебаев Мағжан Жұмабаевты жақсы білген, 1922 жылы Мәскеуде Күншығыс еңбекшілерінің коммунистік университетінде оқып жүргенде оның алдынан дәріс алған. Бұл кезде Мағжан Жұмабаевтың өзі де студент болатын, ол Мәскеудегі жоғары көркем әдебиет институтында оқитын. Бейсембай Кенжебаев: «Мейлі, лекциялық сабақта болсын, мейлі, практикалық сабақта болсын, ол қағазға, кітапқа қарамайтын. Сөз арасында келтіретін мысал өлеңдер мен әңгімелерді түгел жатқа айтатын. Декламация оқып тұрған тәрізді барлық нәшін, сипатын, қимылын келтіріп айтатын» деп Мағжанның білімінің тереңдігіне, алғырлығына тәнті болады.

Осы естелік Мағжанның Абайды пір тұтқанын, оған қатты еліктегенін тағы дәлелдей түседі. Мағжан студенттерге Абай өлеңдерін оқып-үйретеді, олармен бірге Абайдың жаңа жыр жинағын талдайды. Бір кездескенде өзінің шәкіртіне аудармаға қатысты ойларын бүкпесіз білдіріп: «Басқа тілден шығарма аудару – ол шығарманы өзінікі етіп алу деген сөз, өзінікі болған соң, ол өгей бала емес, туған бала болуға тиіс. Яғни, өгей бала екені мүлде білінбеске керек. Ол үшін шығарманың тұрқы, тұлғасы аударылмай, мағынасы, рухы аударылуы қажет», дейді. Ол осылай Абайды жүрегімен ұғынған. Олардың жырларындағы үндестік те осыны дәлелдейді. Кейінгі толқын ғалымдарымыз бен әдебиетшілеріміз анау айтты, мынау жазды дегенге сілтеме жасай бермей, Мағжан әлеміне тереңірек бойласа, бүгінгі жастарды ғана емес, олардан кейінгілерді де бауырайтын дүниелердің жарқырап шығатынына сенімім зор. Мағжанды жарыса жазу үрдісі жиырмасыншы ғасырдың 90-жылдарына дөп келді. Қазір біршама саябырлаған секілді. Бұдан, әрине, ұлттың ұлы ақынына деген сүйіспеншілігі ортайып қалды деген ұғым

тумасқа тиіс.
Мағжанды қаралаған қылмыстық істе оның жас кезінде атақты академик Әлкей Марғұланмен дос болғаны айтылады. Бертін оны дәлелдейтін нақты деректер де табылды. Ақынның жары Зылиқаның Ә.Марғұланға жазған бірнеше хатын «Мағжан» журналының редакциясына белгілі әдебиетші-ғалым Серік Негимов жолдады. Олардың бәрін бұл арада келтіру артық болар, оқырманға бірін ғана ұсынайын.
«Құрметті Әлкей!
Жазған хатыңызды алдым. Бұл күнде заман өзгерді. Адамға адамның көзқарасы да мүлдем өзгерді. Сондықтан хатыма жауап келер деп ойлаған жоқ едім. Ал сіздің бір жапырақ хатыңызды алғанымда көзімнен төгілген моншақ жасқа ие бола алмадым. Бірақ, бұл менің бірінші жылауым емес қой. Сонау шалғайда қалған күндерде өзіңмен бірге жылағам, әлі де жылаудамын. Жылап-жылап көз жасым да құрыды. Жасты сүртетін ... орамалдар да шіріді. Амал қанша, тағдырдың ісі солай. Біреу мәңгі жыласа, біреулер жартылай жылайды.
Қазір сіздің академик болып, бақытты тұрмысқа ие болғаныңызды газет беттерінен көріп шексіз қуанамын... Бірақ, тым үлкен бақытқа ие болған адам өткендегісін түгелдей ұмытады ғой. Сіз де бұдан 30 жыл бұрын көрген азапты күндеріңізді ұмытқан сияқтысыз. Өйткені, хатыңыз өте салқын жазылған.
...Әйелім мен қызым көмектеседі деп жазыпсыз. Ол өте жақсы. Маған көмектесетін адам түгіл албасты да жоқ. Жыныннан айырылған бақсыдай сарнап жалғыз қалдым. Осы күнде сіздің баяғыдағы Ленинградта сырқат болып жатқан күндеріңіз де есіме түседі. Туған бауырымдай көріп, сонда күнара сізге барып тұрушы едім. Енді мен сияқты күңіренген, қуарған кемпірге... қалыңыз қалай деп ешкім назарын аудармайды. Алайда сіздің бақытыңызға бақыт жамала берсе екен деп тілеудемін. Хатыңыздың аяғында уақытты көңілмен қуанышты өткізуге тілектеспін депсіз. Бірақ, сол қуаныш қайдан келер екен деп зарығып күткеніме жыл өтті. Әлі көрінбейді.
Қош, сау болыңыз! Сәлеммен Зылиқа.
Ескерту: Сіздің профессор Форелдің атындағы ауруханада жатқаныңыз туралы анықтамасы менде. Егер менен қорықсаңыз хатты Жалтыров Сабыркейдің атына жазыңыз. Бірақ, менен қорқатын ешнәрсе жоқ. Жазалы кісі өз жазасын алып кеткен.
Келіннің аты кім, қызыңның аты кім? Оны неге хабарламағансың?
Адрес: Северо-Казахстанская обл., Конюховский район, ст.Кара-Гуга, ул.Карла Маркса, 11. Жалтырову С.»

Сіздің «Мағжан» журналын үзбей шығарып келе жатқаныңызды білеміз. Журналдың әр санындағы дерек пен дәйек ұрпаққа азық болсын!

Бұл да Мағжандай асылды ел танысын, кейінгілер білсін деген ниеттен туған іс еді. Журнал 2007 жылдан бері жарық көріп келеді. Республикаға тарайды. Өзіңіз де білесіз, қазір газет, журнал шығару оңай емес. Оларды оқитын адамдардың да қатары сиреп қалды. Соған қарамастан бұл жұмыспен айналыса бермекпіз. Менің ойымша, кітап оқудан қол үзген ұрпақтың соры қалың. Осыны түсінетін, жас жеткіншектеріміздің ұлттық құндылықтарымызға бет бұратын, Абайға, Мағжанға қарап ой түзейтін күн де туатын шығар?! Ұлы даланың төсіне мәңгілік мемлекет құрамыз десек, Алаш арыстарының өмірі мен шығармашылығына, солар қалдырған мұраға көп арқа сүйеуіміз керек.
– **Әңгімеңізге рақмет!**

Сұхбаттасқан Сәндібек ПІРЕНОВ,
Қызылжар



САРЫТОМАР САҢЛАҒЫ



ДҮЙСЕН ҚОРАБАЙҰЛЫ КӘСЕЙІНОВ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕҢБЕК СІҢІРГЕН ӨНЕР ҚАЙРАТКЕРІ, «ҚҰРМЕТ», «ПАРАСАТ» ОРДЕНДЕРІНІҢ, ХАЛЫҚАРАЛЫҚ «БОСТАНДЫҚ» СЫЙЛЫҒЫНЫҢ ИЕГЕРІ

Түркістандай таңғажайыптың абыройын асқақтатып, қасиетін киелі еткен Мағжан Жұмабаевтың жауһар поэзиясы – түркі тектес халықтар арасында алаштың әйгілі ақыны ретінде алтын қазынаға бағаланады және баланады.


ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымы 2018 жылы арда туған Алаш қозғалысының көрнекті көсемі, адуынды ақыны Мағжан Жұмабаевтың 125 жыл толуына байланысты өз құзыретінің шеңбері мен шабысы Құлагердеймыңнантұлпартұлғалыталанттың туған жері Қазақстанның Солтүстік Қазақстан облысының жұртшылығымен және әкімдігімен тізе қосып, айтулы шаралар өткізуге мұрындық болды.

Қазақтың біртуар ақыны, публицист, ұстаз, Алаш қозғалысының көсемі Мағжан Жұмабаевтың туғанына 125 жыл толуы – тек Қазақстанда ғана емес, бүкіл түркі тілдес елдерде тойланды. Марқасқа шайырдың мерейтойына орай, бүкіл түркі әлемінде 2018 жыл – «Мағжан Жұмабаев» жылы болып жарияланды.

Бас хатшысы болып, өзім тізгінін ұстап басқарған Түркі мәдениеті халықаралық ұйымы (ТҮРКСОЙ) мен асқақ ақынның кіндік қаны тамған туған топырағы солтүстікқазақстандықтардың бірлескен баянды бастамасымен Түркияның Кастамону және Анкара қалаларында «Мағжан Жұмабаев жылының» беташары ұйымдастырылып, бірқатар аса қажетті іс-шаралар өтті. (**Кастамону - 2018 жылы «Түркі әлемінің мәдени астанасы» болған қала**).

Халықаралық шараға 10-нан астам түркі елдерінің ірі өкілдерімен қатар, Солтүстік Қазақстан облысының арнайы үлкен делегациясы қатысты.

Мерейтойды мерекелеу түркі әлемінің мәдени астанасы – Кастамонуда басталды. Қала тұрғындары – түркі халықтарының тегі бір тұтастығы мен бірлігін жүрегінен өткізе жырлаған ақынның бірі де бірегейі –





қазақтың Мағжан ақынының асқақ рухын ерекше құрметпен еске алды. Ақынның рухын бір минут үнсіздікпен еске алып, ескерткішіне гүл шоқтарын қойылды.

Кастамонуданың көгілдір көжиегінен түркінің маңдайы күндей жарқыраған марқасқа Мағжан ақынның адуынды дауысы дүбірлеп естіліп тұрғандай болды...

Ардақты алаш перзенті Мағжан Жұмабаевтың туғанына 125 жыл толған мерейтойына ат басын бұрған түркі дүниесінің ақындары мен жазушыларын, саясаткерлері мен ғалымдарын, қайраткерлері мен зерттеушілерін, барлық құтты қонақтарды Кастамону қаласының әкімі өзі арнайы қарсы алды.

Қазақтың теріскейіндегі Сарытомар аймағының асыл перзенті Мағжанның жігерге толы жантебірентерлік, танымы терең шығармалары арқылы түркі тілдес ағайындардың игілігі мен бірлігі үшін жасаған ерліктері ешқашан ұмытылмайды.

Қазақстандағы Мағжан Жұмабаев мұражайының директоры Айгүл Жүнісбаева Түркияға ақынның жеке заттарын: қасиетті Құран кітабын, қолдан жасалған кілем мен Жұмабаевтар отбасына тиесілі ыдыс-аяқтарды және 1923 жылы Ташкентте басылып шыққан Мағжанның өлеңдер жинағын әкеліп, көрсетті.

Түрік ақыны әрі Мағжанның жыр жинағының аудармашысы Әли Акбас дәлірек тәржімә, мағыналы аударма жасау үшін Мағжан ақынның жан-дүниесін терең түсіну қажет болғандығын мойындап, айбоз ақынның поэзиясына ерекше таңданып, ақынның туғанына 125 жыл толуына орай түрік тілінде басылып, 26 өлеңі жинақ болып шыққандығын сүйіншіледі. Оған бірден бір мұрындық болған ТҮРКСОЙ ұйымы.

Ғылыми-тәжірибелік конференцияда ақын туралы сыр шертетін деректер көрсетіліп, қазақтың поэзиясы классигінің шығармалары ондаған тілдерге аударылғандығы хабарланды.

Ұлы датаны тойлау Түркия астанасы – Анкарада жалғасты. Мұнда ақынның мерейтойына орай халықаралық симпозиум өтті. Оның туындыларын шабытпен орындаған солтүстікқазақстандық өнерпаздарды түркітілдес көрермен жылы қарсы алып, орындаушылардың шеберлігіне шын жүректен тәнті болды.

Солтүстік Қазақстан мұрағатының директоры Сәуле Мәлікова Мағжан Жұмабаевтың 1927 жылғы қолжазбасын «Ақынның ең құнды затын өзі жанындай сүйген түркі қандастары көрсін деп Анкараға алып келдік» – деді.

Мерейтойда Анкара алаңында жиналып: «Мағжан – азаттықтың, еркіндіктің ақыны. Мағжан түркі халықтарының бірлігі үшін жанын қиған алып абыз» – деген сарында сыр бөлісіп, түркінің түрлі тілдеріндегі ақын жырларын оқыды. Түркияда ұлы ақынның атымен мектеп, көше, саябақ берілген.

Сонымен, «ТҮРКСОЙ» халықаралық ұйымының бастамашылдығымен айтулы іс-шара Түркияда бастау алып, Мағжан Жұмабаевқа зор құрмет көрсетілді. Халықаралық Түркі академиясының тікелей ұйымдастыруымен Париж қаласында орналасқан ЮНЕСКО-ның штаб-пәтерінде «Рухани жаңғыру және мәдени мұра: түркі тілі – өткеннен келешекке» атты танымдық форум ұйымдастырылып, Еуропа төрінде ұлықталды.

Анкара.

МАҒЖАН романтизмі

Қазақ әдебиетіндегі мазмұндық тереңдік, пішіндік тұрғыдағы ізденістердің жоғары сатысына баланған Мағжан шығармашылығы дәстүр мен жаңашылдықтың үйлесімі арқылы қазақ әдебиетінде тың арнаға жол салды. Мағжан шығармашылығы- зор ақындық қуаттан бастау алатын, астар мен ишараға құрылған, әдебиеттің болашақ мүмкіндіктерінің шексіздігіне дәлел болған құбылыс. Заманында Мағжан мұрасы сыңаржақ мақалаға да, әділ сынға да объекті болды.

Ақын - өз дәуірінің ұлы. Заманның бағыты әдебиетке әсер етпей тұрмайтыны белгілі. Жаңа қоғамдық жүйе тудырған мәдени-рухани, ұлттық құндылықтар жолындағы тартыстар әдебиет майданындағы суреткерлердің жаңа ізденістеріне жол ашты. Тың ой, жаңа идея, тосын образдар әлемі дүниеге келе бастады. Жиырмасыншы жылдар әдеби үдерісін жіті бақылап отырған Ж.Аймауытов «Көркем әдебиет туралы» мақаласында: «Әр заманда бір үстем пікір (идея), үстем ұран шығады. Әрине, оны ешкім ойлап шығармайды. Тұрмыс туғызады»деп, тұрмыстың әдебиеттегі бет-бағдарға ықпалын айта келіп, қазақ әдебиетінің қазір «күйректік» (сентименментализм), «сарындамалық» (романтизм) дәуірінде болуға тиіс екендігін, ендеше «санашылдықтан» (идеализм) да құтыла алмайтындығын айтады. Әлемдік әдебиеттану ғылымының негізгі нысандарының бірі болып қала беретін көркем ағым-бағыттар мәселесі қазақ әдебиеттану ғылымы үшін де аса өзекті. Аталған мәселе ауқымынан қоғамдық жағдай, оның әдебиетке әсері, көркемдік ізденіс, әдеби байланыс, ағым-бағыттардың ұлттық әдебиеттегі көрініс ерекшелігі секілді маңызды проблемалар бой көтеріп, аталған ізденістер арқылы ақын, оның заманы, көркем әлем, әдеби процесс тәрізді күрделі әдеби құбылыстарға баға беруге мүмкіндік туады.

М.Әуезовтің XX ғасырдың 20-жылдарындағы әдебиеттің бет-бағдары жайында жазған «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» атты мақаласының орны ерекше. 1922 жылы жазылған аталмыш еңбегінде жазушы әдебиеттің өткені мен бүгіні арасындағы байланысты назарда ұстау қажеттігін ескерте отырып, қазақ әдебиетінде жаңаша жаңғырып бой көрсете бастаған романтизм бағыты жайында пікір айтады. «...Ескі әдебиеттің түрлерін білу, бетін ұғу, ағымына түсіну-біздің өзіміз үшін керек. Бүгінгі әдебиетке белгілі жол салып, дұрыс бағыт береміз дегенде, жалпы қазақ әдебиетінің өткен күнін, бүгінгі қалпын һәм

**АЛАШ АЙБЫНДЫ ҰРАНЫ,
ҚАСИЕТТІ ҚҰРАНЫ,
АЛАШТЫҢ ОЛАР ҚҰРБАНЫ,
МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН!**

келешегін де түгел түсіну керек. Сонда ғана әрбір жазушы хақиқатқа жақын сөйлеуі де мүмкін. Сондықтан мен бұл мақаланы қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі деп атасам да, бүгінгі сынға салу үшін ескілікті айтпау, әдебиеттің басын айтпау, бізге атадан қалған дәулетті айтпау лайықсыз болғандықтан туып отыр» [Әдебиет тарихы] деп ой түйеді. Мақаланың маңызы - жаңалықтардың басы ескі әдебиетте жатқандығын ескертуінде.

Әуезов жиырмасыншы жылдардағы әдебиеттің даму сипатын саралай келіп, жаңа дәуір ұсынған бағытты «сыршылдық дәуір» деп атайды. «Сыршылдық» - романтизм бағытының негізгі көркем шарттарының бірі. Әуезовтің аталған терминді тосыннан таңып отырмағаны белгілі. «Әдебиет тарихы» еңбегінде жазушы қайғы-мұңнан туған шер өлеңдерді, қыз ұзату салтынан туған және дін ұғымынан туған өлеңдерді «сыршылдық салт өлеңдері» деп атайды. Адам табиғатының, жан сырының айырықша жағдайларда ғана ашылатындығын сезген жазушы қазақ әдебиетіндегі жаңа бағытқа «сыршылдық» ұғымын да кездейсоқ беріп отырған жоқ. Әуезов романтизм (сыршылдық) бағытының эстетикалық табиғатына қатысты ойын былайша тұжырымдайды: «Жаңа басталып келе жатқан әдебиет дәуірінің бұл сияқты жұрнақтарында, көбінесе құлаққа ілінетін күй - сезім күйі. Бұлардың ішінде тіршіліктің суреті, әңгімесі аз болса да, ішкі өмірдің сыры көп, адамды өз ішіне үңілтетін мұң мен шердің сарыны бар» [Әдебиет тарихы.] дейді. Ғалым сондай-ақ, «ескі әдебиеттен қалған көп сарын, кең ауданның бәрі де жазба әдебиетке келіп, тарылып, азайып отырғанын» ескертіп, жазба әдебиеттің бір беткейліктен арылуын қалайды. Әуезов пікірінен XX ғасырдың жиырмасыншы жылдары қазақ әдебиетінде романтизмнің үстемдікке ие бола бастағанын аңғару қиын емес.

Ұлт романтизмінің (қазақ романтизмі) табиғаты, оның ерекшелігі жайындағы зерттеудің зәрулігі жайында мәселе көтерген белгілі ғалым Т.Кәкішев «XX ғасырдағы қазақ әдебиетіндегі ағымдар» атты мақаласында аталған проблеманы зерттеудің жаңа жолын ұсынады. «XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің дамуында бадырайып көрінген, әлі күнге дейін тамсандырып келе жатқан көркемдік амал- романтикалық суреттеу тәсілі... «Қазақ романтизмі» деген атаудан үрікпей, оның ерекшелігін ашып, өзіміздің ұлттық таным-біліктің өресін көрсетуге тиіспіз... Ал адамзаттың көркемдік танымына тән өмірді сатиралық және символикалық арнада суреттеу тәсілдері де қазаққа еш уақытта жат болған емес. Бұл тәсілдер, әсіресе, XX ғасырда күшейе түскенін білеміз» дейді. Сондай-ақ ғалым қазақ әдебиетіне келген жаңалықтың бәрі орыс, не батыс әдебиетімен байланыстан туған деген пікірге қарсы, оның қазақ әдебиетінде ғасырлар бойы қалыптасқан тәжірибесі бар екендігін және оны тарата, бұтарлай зерттеу қажеттігін ескертеді.

Біз де мақаламызда Мағжан шығармашылығына осы қырдан барлау жасауды жөн көрдік. Мағжан романтизмі - қазақ романтизмінің синтезі. Символизм - романтикалық дүниетанымнан бастау алатын көркем-эстетикалық категория. 1927 жылы жазылған Ж.Аймауытовтың «Мағжанның ақындығы туралы» мақаласы - ұлы ақын шығармашылығындағы көркемдік арналарды теориялық тұрғыдан негіздеген құнды еңбек. Біздің ойымызша, Аймауытов мақаласындағы қысқа түйіндерде Мағжан шығармашылығын танудың қайнар көздері дәл көрсетілген. Ж.Аймауытовтың «Мағжан романтизмге салынып, көшпелі дәуірдің рухын айнаға түсіріп отыр деуге болады» [Аймауытов. 5-том.] деген пікірінде ақын романтизмінің түйіні тұр. Мағжан романтизмінде қазақ ұлтының өткенінен бастау алған болашағы, еркіндігі, жан сыры бар. Атақты «Алқа» ұйымының «Табалдырық» бағдарламасында: «Ойымызда, қиялымызда, әдебиетімізде Азия иісі аңқымауы мүмкін емес... Осы жолда қазақ ақыны кейде қазақтың күңгірт тұрмысын, прулетариатпен ортақ мақсұтын жырлаумен бірге кедей қазақтың өзінің ойын, өзінің сезімін, өзінің қиялын, өзінің ұғымын жырлауға ұмтылуға міндетті. Болмаса, қазақ әдебиеті деген әдебиеті тумақ емес» [6, 36. Әдеб. теор] деген жолдар бар. Мағжан дәл осы идеяны қолдаушылардың қатарында болғандығына еш күмән келтірмейміз.

Кеңес үкіметі тұлғалық даралықты мансұқтап, жалпылық, ортақтық сипатқа ойысуды талап етіп жатқан шақта М.Жұмабаев елдің өткен күнінің рухани тірегі болған тұлғаларды, солар кешкен ертегідей өткенді жырлайды. Мұның табиғи, тарихи себебі болатын. Мағжанның тұлғалық болмысынан, дәстүрден нәр алған ақындық даралығы оны ескі күнге жетелейтін. Осылайша, қоғам ұсынған жаңа мен Мағжан қасиет тұтқан «ертегідей ескінің» күресі ақын романтизмінің философиялық негізін құрады. Мағжан романтизмі жаңа дәуірдегі қазақтың мұңы мен шерін, арманын, көңілінің аңсарын дәл көрсетті. Алайда, жаңа заман адам жанына үңілуді мақсат тұтпады. Қоғамның жаңа құндылықтары талабымен бағалар болсақ, Мағжан поэзиясы күйреуік, жылауық поэзия болып шыға келді. Ж.Аймауытовтың «...оның сезімді жүрегі, ұшқыр қиялы «ұжмақ» сынды сәулетті, идеальный өмірді көксейді, бүгінгі жабайы тұрмысқа, сұр өмірге қанағат етпейді. Сондықтан ол торыққан ақын болып шығып отыр... Міне, осындай көшпелі дәуір басталарда адам ескіге көзін

сүзіп, жабыққан заманда, әдебиет бағыты романтизмге айналатын. Біздің Мағжан да романтизмге беріліп отыр. Ол жалғыз ақынның сезімі емес, елдің де арманы, көңілі...» деген пікірі көп жайдың сырын ашады.

Мағжан поэзиясы мен прозасын, аудармалары мен мақалаларын тұтас зерттей қарағанда олардың арасындағы нәзік байланысты, реалды өмірдің астарлы мәнін негіз еткен тұтас идеяның, ақын дүниетанымына байлаулы көркем жүйенің ерекшелігін аңғарамыз. Ақын лирикасы дәстүрлі талдауға, дайын қалыпқа салып бағалауға мүмкіндік бермейді.

Мағжан Жұмабаев - кеңестік қоғам идеологиясын мойындамай, нағыз романтик ретінде жаңаның негізі өткенде екендігін дәлелдеп өткен ақын. Мағжанның өмір мен өлім, жан мен тән, өнер мен табиғат жайындағы пікірі ерекше. Аталған категориялар арқылы ақын өмір сырын танытады. Мағжан поэзиясында Тәңірінің жиі ауызға алынуы, тәни өлімнің құдіретті өнермен байланысқан тұста мәңгілік өмірге ұласатыны, табиғаттағы үйлесімнің қоғамдағы қайшылықтарға қарсы әдейі жырлануы тегін емес. Ақын жаны - оның лирикасында. Жанымен арпалыса жүріп, өмірдің мәнін іздейді. Ақын жалғыздықты жырлайды. Кейіпкерлері де көпшілікке ұқсамайтын дара. Батыр Баянның басындағы трагедиялық хал (сезім сергелдеңіне түскен батыр), мәңгілік өмір іздеп, оны өнерден тапқан Қорқыт, «өлеңінен өмірі сұлу Ақан» трагедиясы («Ақан сері» мақаласы), ішкі сырымен арпалысқан Шолпанның қайғылы халі («Шолпанның күнәсі» әңгімесі) - ақын тұлғасынан тарайтын даралықтар. Даралық – трагедияның басы. Жалғыздық сарыны - Мағжан романтизмі мен символизмінің қайнары.

Мағжан романтизміне қатысты зерттеу жүргізген қай ғалым болмасын, ақын романтизмі қазақ әдебиетінің болашағын жарқын еткен асыл мұра екендігін айтпай қала алмайды. Оның себебі, романтикалық поэзияның мұратынан туындайтын жүрек сөзінің жүрекке жетіп, оқушыны айықпас әсерге бөлейтін табиғатында жатыр. Символданған астарлы мәнде адам жанының, қоғам қайшылығының, ақын жүрегінің шындығы бар.



Ұлжан ЖОЛДАСОВА,
Н.Оңдасынов атындағы Түркістан
мамандандырылған мектеп-интернатының
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

МАҒЖАН АҒАМ БЕРТІНГЕ ДЕЙІН ТІРІ БОЛҒАН...

Кейінгі кезде «Мағжан Жұмабаев 1938 жылы атылмаған» деген сөз шыға бастады. «Магаданда айдауда жүрген жерінен Баукең көріпті» дейді. Ол 1948 жылы болса керек, яғни, «ату жазасына кесілгеннен» 10 жылдан соң. Ал Баукеңнің өтірік айтпайтынын барша алаш жұрты біледі. Ақиқатты «біледі-ау» деген ғалымдар мен көзіқарақты мамандардан мән-жайды сұрап та көрдім. «Алаш айнасы» газетіне шыққан сол сауалнаманы көзі шалған ақынның немере қарындасы Райхан апамыз редакцияға өзі хабарласты. Жасы жетпістің жетеуіне келген кейуана ақиқатты іздеп, Магаданға дейін барып қайтыпты.

КҮТПЕГЕН ХАБАР КОЛЫМАҒА ЖОЛ ТАРТҚЫЗДЫ

- Мен Мағжанның туған інісі Қалижанның қызымын, атым Райхан, - деп бастады әңгімесін сексенге кеп калса да, ажарын бермеген апамыз, - әттең, дүние- ай, ақын ағаның өзінен тікелей ұрпақ қалған жоқ, бірақ туыс-тума, жалпы Жұмабаевтар әулетінен Мағжан ағаның бар-жоғын түгендеп жүрген Қызылжарда, яғни, Туған жерінде Тасболат деген інісінің ұлы, екеуміз ғана. Менің жасым болса мынау, 77-демін, кәрілік күн санап өз дегенін жасатып, ауру-сырқау дегендер шыға береді екен ғой. Былтыр тамыз айы, қатты ауырып жан сақтау бөлімінде жатқанмын. Сәл бетім бері қараған шақта маған Саят Жансүгіров хабарласты. Білесіздер ғой, Ілиястай ағамыздың ұлы. Екеуміз жақын дос, сырластармыз. Хабарласты да халімнің біршама жақсы екенін сөзімнен, даусымнан білген соң, «31 мамырдағы Жас Алашты оқыдың ба?» деп сұрады. Ауырып жатып, оқи алмай қалып ем, әйтпесе күнделікті баспасөзді қадағалап отырамыз ғой. Ауруханадан шыққан бойда әлгі газетті тауып оқыдым. Сөйтсем, онда Атыраудың Құлсарысында тұратын Абдолла Әбірахманов атты 92 жастағы қарт кісі кезінде өзінің Магаданда, Колыма лагерінде Мағжан ағаммен бірге отырғанын айтыпты. Әлгіні оқығанда төбемнен біреу мұздай су құйып жібергендей сілейіп отырыппын да қалыппын. Мәссаған, 1938 жылы атылып кетті деп жүрген ағамыз бертінге, 1951 жылға дейін тірі болыпты. Өз көзімен көрген адам міне тұр: «егер туыстары болса тіпті сол Мағжан жерленген жерді апарып көрсетем, көрген-білгендерімді айтар ем, ақын аманаты әлі күнге мойнымда тұр, күні ертең арғы дүниелік болып кетсем, ол аманат мойнымда кетеді, екіншіден, қиянат жасаған болып табылам» деген қария сөзінен соң өшкенім жанып, өлгенім тірілгендей егіліп жылап алдым. Ол кісіге сол сәттен бастап риза болдым, жасына қарамай бізді сонау жер түбіндегі Магаданга бастап апарғанында тіпті тәнті болдым. Тіпті 92 жастағы ол кісі түгілі, 77-дегі менің өзімнің сондай ұзақ жолға шығам дегеніме балаларым «бес минуты кем 80-десіз, ауруханадан шыққаныңыз да кеше» деп қарсы болды. Сонда да бой бермей, «мен бәрібір барамын, осыдан Мағжан ағам үшін жолда өліп кетсем, арманым жоқ», дедім. Расында жол алыс та ауыр екен, қазақ текке «ит жеккен» атамаған ғой: Мәскеуге дейін ұшақпен төрт сағат, ары қарай Магаданға дейін 12 сағат ұштық. Магаданның губернаторы қайта құдайына қараған азамат екен, әрі қарай Колымадағы лагерге дейін тағы 650 шақырым кедір-бұдыр жолдарға төтеп беретін көлік пен қасымызға жол бастаушы адам қосып берді. Әйтеуір, ит арқасы қияндағы Сусуман ауданына да жеттік қой, әупірімдеп. Ауылдың аты да қазақшаға ұқсайды екен

**МЕН СЕНЕМІН ЖАСТАРҒА.
АЛАШ АТЫН АСПАНҒА
ШЫҒАРАР ОЛАР БІР ТАҢДА,
МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН!**

өзі, Берелех деп аталады. Әбекең, Абдолла ағамыз өзі отырған лагерді көргенде жылап жіберді ғой. Бір кездері көрген азабы, тозағы есіне түскен шығар. Мағжан ағамен сол жерде отырғанын, қалай көргенін айтып берді. «Қай қиырда жүрсе де адам өз қанын іздейді екен ғой, лагерден өзім секілді қазақты кездестіргенде ауылымды көргендей, елжіреп, көзіме жас келгенін, сол сәттегі сезімді тілмен жеткізе алмаймын. Ал Мағжан ағаның бойынан ақсүйектігі білініп тұратын, яғни, қандай азап көріп, қандай жаман жерде жүрсе де тектілігі білініп тұрды дейді. Сосын танысып, тілдескенде қайта-қайта «осыдан шығып, Сәбит Мұқановтың көзіне бір қарасам ғой» деп айта берді дейді.

- Сонда Мағжан ағамыз лагерьде қашаннан бастап отырған?

- «Атылды» деп шығарған 1938 жылдан 1951 жылға дейін сол азап лагерінде жүргенге ұқсайды. Бұл деректің шындығын растайтын бір адам да бар, ол – өтірік айтуы екіталай қазақтың қаһарман батыры Бауыржан Момышұлы. 1948 жылы соғыс біткен соң да әскери тапсырмалармен жүріп сол Магадан жеріне жолы түссе керек. Сонда «осындағы азап лагерінде қазақтың бір ақыны айдауда жүр» деген әңгімені естіп, әуелі естіген әлгі деректің растығына көз жеткізу үшін, екіншіден, оның кім екенін анықтау үшін барыпты. Сол жерде Мағжан ақынды көріп, таң қалып, әрі оның аянышты халіне жаны ашып, намысы келіп, елге барысымен шығарып алуға кіріспек болады. Бірақ оны сезіп қойған сол кездегі басшылық Баукенді шұғыл әскери бұйрықпен басқа жерге жібереді де, сол бойына екеуі кездесе алмай қалады. Әбекеңнің айтуы бойынша, Мағжан лагерьде 1951 жылға дейін отырыпты. Бір күні дейді Әбекең, Мағжанның тіпті жүруге шамасы да келмей еңбектеп жүр дейді. Қасына барып хал сұраған екен, «аяқтарым ісініп кетіп, баса алмай тұрмын, еңбектемеске лаж жоқ» деп, сол еңбектеген күйі қара жұмысын істей беріпті. Қалай ауырмасын, өзі ол жердің қысы адам төзгісіз 50-60 градус суық, одан мұзды судың түбінен құм алдырып, ол құмды елетіп, алтын іздетеді екен. Ал беретін тамақтары күніне небары 400 грамм нан ғана. Ауырмай қайтсін? Сөйтіп жүргенде көп ұзамай Әбекең таңертең далаға шыққанда сондағылардың аузынан «Магжан умер» деген қаралы хабарды естіген. Жүгіре жеткенде, ең аянышты сол, оны «қазақтың сондай бір беткеұстар тұлғасы ау» деген ешкім жоқ, күрекпен алды да ары ысыра салды дейді. Жалпы лагерде кім өлсе де, олардың жансыз денесіне қарап, рәсімін жасауға ешкімнің құлқы да, мүмкіндігі болмайтындықтан, жан тәсілім еткендер сол құлаған жерінде қала береді екен. Оларды кейін барып жаппай жинап әкетіп, бір жерге топтап көме салады екен. Соны естігенде қалай жыламайын?!.

ЖОҒАЛҒАН ДӘПТЕР

- Ақынның, әсіресе, тәнінен гөрі жаны азапқа түскен шағында өлең жазбауы, іштегі ыза, намыс, мұң мен шерін тарқатпауы мүмкін емес секілді, сол лагерде өткізген жылдарында Мағжан ағамыз ештеңе жазбапты ма, Абдолла ақсақалдан сұрадыңыз ба?

- Әрине, жазған. Бір қойын дәптерге түртіп жүрген іштегі мұң мен шерін өзі көз жұмарынан біраз уақыт бұрын осы Әбекеңе беріпті. «Алматыдан біреуді көрсең, соған бер» деген екен. Ал ол кісі тағдырдың күллі шырғалаң тұсында әлгі дәптерді жоғалтып алса керек. Сол үшін ақсақал өзін өзі кешірместей кінәлап, сондай қатты қапаланады. Негізі Әбекең қолжазбаны әлдекімнің әдейі ұрлағанын айтады. Әбекең әлгі Колымада он жылдай отырған. Осы жолы бізді бастап барғанда бүгінде музейге айналған барактардан өздері кезінде жұмыс істеген қайла, күректерін көріп, «осылар біздің қанша жыл қолымыздан түспеді ғой» деп жылап жіберді. Мағжан аға жайлы айтқанда да үнемі көзіне жас алды. Өзі ширақ, тың, әйтпесе жасы жүзге жақындап қалған кісі ғой. Менің өзім сексендегі жасымда әрең бардым, ал ол кісі менен он шақты жас үлкен, бірақ соған қарамастан өзінің денсаулығы мен өмірін қатерге тігіп, ит арқасы қиянға бізді бастап барды. «Төрімнен көрім жуық адаммын, ертең кенет олай бұлай болып кетсем, бұл нәрсе өзіммен кетпесін әрі арғы дүниеде Мағжанның әруағының алдында қалай жауап берем» деп ойласа керек. Әйтпесе, жол шынында қатерлі еді. Екі мәрте ұшақпен әрі қарай да жеті жүзге жуық шақырым көлікпен кетіп бара жатқанда, үнемі жүргізушінің бетіне қарадым да отырдым. Егер сәл қалғып кетсе, біздің бір биіктен сайға құлдырап кетуіміз әбден мүмкін еді.

ЖҰРТТЫ ШАТАСТЫРҒАН – ЗЫЛИХА ЖЕҢГЕМІЗ

- «Мен Мағжан айдауда болғанда артынан 14 рет бардым» деген Зылиха жеңгеміздің сөзі шындықтан гөрі өтірікке көп жақын. Ал қазақтың барлық қаламгер қауымы, ғалымдары сол Зылиханың сөзіне имандай сеніп, тарихқа солай енгізіп жіберген. Ал шындығында жағдай тіпті басқа. Мағжан ұсталысымен, яғни, «атылысымен» көп ұзамай ол жеңгеміз бір татар полковнигінекүйеугешыққан.Ленинградтасол кісімен тұрды. Мен қанша рет Мағжан ағаның

делосын сұрап едім, «дело жоқ, жоғалған» деп маған берген жок. Сонда ол қайда? Егер өз көзіммен істі оқып шықсам, Мағжан аға лагерде қалай өмір сүрді, оған кімдер келіп-кетті, тергеудің қалай жүргізілгенін, барлығын өз көзіммен көрер едім. Мен білетін бір ақиқат - інісі Сәлімжан Мағжан ағаның артынан іздеп барып, кездескен. Сонда Зылиханы «туысқан қарындасымыз еді» деп алдап, әрең кездестірген. Сөйткен Зылиха кейін қалай ағамызға емін-еркін баруы мүмкін, бір емес 14 рет? Осы тұста қисынсыздық, яғни, «өзі жоқтың көзі жоқ» деп айтыла салған өтірік бар секілді. Сөйткен адамның сөзіне имандай ұйып, тіпті Зылиханың өзін «лагерде 14 жыл отырды» қылып шығарып жатқан ғалымдар да бар. Менің соған жаным ауырады. Шын мәнінде, Зылиха апамыз айдалған жоқ. Ең бір таң қалармлығы да сол, басқа «халық жауларының» әйелдері Сібірге айдалып, сондай ит азапты түрмені көрсе, Зылиха жеңгеміз емін-еркін өмір сүрді, ешкім оған саусағының ұшын да тигізген жоқ. Бұл да күдікті жағдай. Тағы бір күдікті жағдай ол кезде бір қаладан екінші қалаға бару деген қатаң тергеумен жүргізілді, ал Зылиха сондай еркін жүріп тұрды. Сондай-ақ ол кісіден ағамыздың қолжазбаларын, өзіндегі мұрағатын сұрап еді, «білмеймін, не до этого было» деді де қоя салды. Қалай ғана Мағжанның жары бола тұра, оның жазған дүниелерін сақтап қалуға тырыспаған? Мысалы әлгінде айтқан Мандельштамның әйелі вокзалдарда скамейкалардың астына тығылып жүріп, ақын өлеңдерін, қолжазбаларын сақтап қалған, жанталасқан, жаннан кешкен. Қазекемнің намыссыздығына күйінемін осы тұста, әлгіндей әйелді «Мағжанның сүйгені» дейді. Ал ақын аға шын мәнінде Санкт-Петербург университетін тәмамдап, мұғалімдер семинариясында өзінің қоластында оқытушы болып жұмыс істеген Гүлсімді және Жәмиланы сүйді. Жәмиламен үйленгелі тұрған шағында басына түскен түрлі жағдайлар екеуін екі жаққа айырып жіберген ғой. Әттең, ағамыздың өз кіндігінен ешқандай ұрпақ қалған жоқ.

– Қолжазбалар қалай сақталды? Мағжан атамыздың өлеңдерін бүгінгіге жеткізген кім?

- Әмина (Нұғыманова) деген қазақ қызы Қытайдан келді ғой. Сол кісі Мағжанның 1923 жылы шыққан өлеңдерін «әйелі ғой» деп Зылихаға әкеліп берген. Ал оны Хамза Абдуллин атты Мағжан ағаның шәкірті бастырып, жарыққа шығаруға көп еңбек сіңірді. Хамзаның еңбегін қалай айтсақ та жарасады: өзі Қолымадан жаңа келген, қолына қарап отырған шеттей бала-шағасы бар, алатын зейнетақысы тым аз, соған қарамастан, ұстазының әлгіндей еңбегін тығып жүріп бастырып, Алматыдағы зиялы дегендердің бәрін таратып берді. Соның біреуін маған да берген.

ЖЕТІМДІК ТАҚСЫРЕТІ БІЗГЕ ЖУА ДА САТҚЫЗДЫ

- Сіздер Мағжанның жақын туыстары ретінде қуғындалдыңыздар ма?

- Жоқ, қуғындап, бізді ешкім айдауға салған жоқ. Бірақ үнемі дәл қазір біреу алып кететіндей қорқыныш пен үрейде өмір сүрдік. Темір торға қамалмасақ та, «халық жауының» туысы деген ат жамылып, еркін жүріп-тұра алмадық. Жетімдіктің тауқыметін тарттық. Балалық шағым нағашыларымның қолында Омбыда өтті.

- Неге, әкеңіз қайда?

- Сол тұста өзі «халық жауының» туыстары не болатынын, не істеу керектерін білмей жандалбасаға көшті ғой. Менің шешем де елден «халық жауларының әйел балашағасы түгілі, туыс-тумаларын түгел қамап жатыр екен» деген сыбыс естіп, мені алып біршама жұртпен бірге Ауғанстанға қашпақ болыпты. Әкеміз қарсы болып, ешқайда кетпеу керектігін айтқан. Содан екеуі келісе алмаған болуы керек, анам жолға шыққан да, әкем елде қалып қойған. Кейін өзінің тегін қайта-қайта ауыстырып жүріп, әйтеуір Курскінің әскери қаржы институтын бітірді. Ал біз болсақ, сол қашып бара жатқанда Душанбеден ары өткізбеген соң, қайтуға мәжбүр болыппыз, әйтеуір нағашыларымызды паналаппыз ғой. Тұрмыс өте ауыр еді. Репрессия, содан көп өтпей соғыс басталды. Балалық шағымды еске алғанда үнемі көз алдыма өзімнің вокзал маңында нан мен шай сатып отырған кейпім келеді. Ол Куломзина деген теміржол станциясы еді, сонда соғысқа аттанып бара жатқан солдаттарға азық болсын деп алып шығамыз ғой. Күнелтудің көзі жалғыз сол болатын ол тұста. Өзім онға толар-толмас жастамын. «Кішкентаймын, қолымнан келмейді» дейтін әңгіме болмайтын бізде, басқа түсті, біз көндік. Кейде тіпті өзіміз жеуге нан таппай қалған да кезіміз болды, ондайда нан табу үшін пияз сататынмын вагон аралап. Бірде пиязым өтпей, әбден қорландым, өзімнің жетімдігім мен түрмыстың ауырлығын қатты сезініп, содан Ертіске кетіп өлгім келді де. Тіземе дейін суға кіріп «неге менің өмірім осылай болды екен?!.» деп налып тұрған шақта әйтеуір жүрек түбінде бір үміт оты жылт етіп, алдымыздан жарық күннің туатынын құлағыма сыбыр еткендей болды. Сосын өлім жайлы қорқынышты ойдан бас тарттым да, ілби басып үйге қайттым.

«ТЫҢДАУШЫСЫ ЖОҚ СӨЗ ЖЕТІМ»

- «Мағжанды көзбен көрдім, Колымада бірге отырдым» деген көзі тірі куәгер бар, олай болса, ендігіде ақынның өмірбаянына өзгеріс еніп, тарих қайта жазылатын шығар?

- Колымаға барып келген соң тиісті орындардың есігін қағып, «Мағжан атылған» деген деректі жоққа шығаруды, сол арқылы жалған тарихты лақтырып, шынайы дерекке жүгінуді талап еттім. Бірақ маған сонда олар «қайдағы бір жүзге келіп, алжыған қартқа сеніп, өзгерте салатын тарих ойыншық емес, оның үстіне Кеңес үкіметінің ондай деректерден қателесуі мүмкін емес» деп тыйып тастады. Яғни, не маған, не әлгі тірі куәгерге ешкім сенген жоқ, құлақ асар түрі көрінбейді. Ал мен өмір бақи өтірік айтып келген ол үкіметке сенбейтіндігімді айттым. Күні бүгінге дейін қақпаған есігім жоқ, бірақ мені адам ғой деп, айтқан сөзіме құлақ асып жатқан адам көрмедім. Басқа емес, қазақтың қаһарман батыры Баукең, Бауыржан Момышұлы Мағжан ағамызды көргенін айтты ғой. Ол кісінің өтірік айтпайтынын, ешкімнен қорықпайтын ержүрек мінезін күллі қазақ біледі, әлі күнге аңыз қылып айтады. Шынымды айтсам, бүгінде не істерімді білмей дал болып отырмын.

Мариям ӘБСАТТАР,
«Алаш зиялыларының соңғы сөзі»
кітабынан



МАҒЖАН ТУРАЛЫ МАРЖАН СӨЗ

Мағжандай ақыны бар, бір жерде тізе қосып отырған 5 миллион қазақтың тілі қа¬лай жоқ болады?!

Әлихан БӨКЕЙХАНОВ

Мағжан – сыршылдығымен, суретшілдігімен, сөзге еркіндігімен, тапқыштығымен күшті. Маржандай тізілген, торғындай үлбіреген нәзік үнді күйімен, шерлі мұңды за¬рымен күшті.

Жүсіпбек АЙМАУЫТОВ

Абай – ақылдың ақыны, ал Мағжан – ақынның ақыны...Біз Мағжаннан үйренуіміз керек.

Сәбит МҰҚАНОВ

Ағылшындар үшін Шекспирдің, орыстар үшін Пушкиннің рөлі қандай болса, қазақ халқы үшін Мағжанның рөлі сондай.

Әлкей МАРҒҰЛАН

Мағжан – қазақ поэзиясының жарық күні. Күн нұр шашса, кейбір «әдебиеттің жұл¬дызы боламыз» деп жүргендер сөніп қалады.

Ілияс ОМАРОВ

Қазақ өлеңінің Абайдан кейінгі алыптарының, айтулы алтын діңгектерінің бірі ғана емес, бірегейі – Мағжан Жұмабаев.

Зейнолла ҚАБДОЛОВ

Адам ретінде, ақын ретінде М. Жұмабаев қандай болған? Ол ешкімге ұқсамайтын өзгеше, аса талантты біртума ақын. Оның өзіне ғана тән үні, таңғажайып әуенді жыры бар, бұның қайнар көзі халық поэзиясының тұңғиық тереңінде.

Сайфи ҚҰДАШ

Мағжанды сүйемін. Европалығын, жарқыраған, әшекейін сүйемін...бүгінгі күннің бар жазушысының ішінен келешекке бой ұрып, артқы күнге анық қалуға жарайтын сөз Мағжанның сөзі. Одан басқамыздың бәріміздікі күмәнді, өте сенімсіз деп білемін.

Мұхтар ӘУЕЗОВ

Мағжан поэзиясында әуел бастан-ақ ұлт-азаттық сарын басым болды. Қай ақын әрдайым халқының жоғын жоқтайды. Халқы зар жыласа, ақын қан жылайды. Мағжан да сөйтті. Халқымен қосылып күйзелді, торығуға да салынды.

Шерияздан ЕЛЕУКЕНОВ

Мағжан Жұмабаев– жинақтап айтар болсақ, сегіз қырлы, бір сырлы аса ірі тұлға. Ол – лирик, ол – эпик, ол – аудармашы, ол – ұстаз, ол – педагог… Мағжан Жұмабаев өмірі – шабыт пен табыт, құлшыну мен тұншығудың екі арасында арпалысып өткен аласапыран өмір. Мағжанның орнын Мағжан шығармалары ғана толтыра алады.

Қадыр МЫРЗА-ӘЛІ

Мағжан Жұмабаев – Абайға тақау тұрған өте үздік ақын, ерен лирик, махаббат пен сүйіспеншіліктің төріндегі періште, тарихымыздың қилы-қилы кезеңдерін қозғаған білгір тамыршысы, оқу-ағарту, тіл мәселелерінің майталман ұстазы, дана тәлімгері. Ұлттық мәдениеттің қай саласын алсақтағы Мағжанның есіміне соқпай өте алмаймыз.

Кәкімбек САЛЫҚОВ

ҒАСЫР ҒИБРАТЫ

Әке иісі сіңген жейде

«Ерттеп мінсем бір жүйрік ұшқыр атты,
Шапсам, ұшсам сұңқардай құстан қатты,
Жалпақ дала, кең теңіз бәрін өтіп,
Қуып жетіп, қайтарсам жастық шақты...

(Мағжан Жұмабаев)

«Ата-анасы мойындарына бұршақ салып жүріп, Құдайдан тілеп алған тұлымдының маңдайынан – желден өзге ешкім шерте алмайды... – деп, бір кідірді, әңгімесінің бөгенайы бөлек Күләш Бекбауова апамыз. – Асқар тауым әкем Әуесбек Бекбауовтың көп күткен қуанышы,



тұла бойы тұңғышымын, мен. «Айдарлы ұлым, тұлымды қызым» дейтін қазақ моншақтай мөлдір періштесінің бетіне ешкімді қаратпады, «Екі қойың – бір теңге» тентек болмасам да, ағыл-тегіл әлпештеді.

Тік жүріп, сәнді киіндім; еркелеп өсіп, еркін сөйледім. Ерте гүлдеп, ерте пістім. Қанмен келген қасиет: сырбаздық, шешендік, намысшылдық қашып құтылмады, менен. Төр басынан төскейге дейінгі шаруаны төсек үстінде түгел көретін көзі қырағы, сөзі уәлі – жаулықтының сестісі де, етектінің естісі де болдым...

Есімде ерекше қалғаны – әкемнің бойындағы мейірімділік, көзіндегі жылулық, сөзіндегі тұрақтылық. Бірсөзді, уәдеге берік, сертке адал әкемнің болмысы бөлек, тұлғасы айрақша еді. Ол біреулер секілді жалаулатып, жарапазан айтып тәрбиелеген жоқ, өзінің мінез-құлық, жүріс-тұрысымен ғана ұл-қызына тәлім берді.

Жетіжылдық мектепті үздік аяқтап, Қарақұм совхозында есепші болған әкем 18 жасында Екінші дүниежүзілік соғысқа аттанады. 1944 жылы көрер жарығы таусылмаған әкем жарақатының салдарынан елге қайтып оралады. Денсаулығы біршама түзеп, Төрткүлдегі дүкендердің орталық қоймасында «қоймашылық» пен Селмак дүкенінде «дүкеншілікті» қоса атқарыпты.

Бойындағы білімге құштарлық пен білікке ұмтылыс қасиеттердің қуатымен әкем Алматы қаласына барып, «Қарғалы сауда-кооперативтік техникумында» оқиды. 1953 жылы Шымкент қаласындағы мұғалімдер институтында күндізгі бөлімде білімін жалғастырған әкем 1963-1965 жылдар аралығында Шымкент педагогикалық институтының «физика-математика» факультетінде білімін жетілдірген. Алаштың асқақ ақыны Мағжан Жұмабаев «Қарағым» атты жырында:

«Қарағым, оқу оқы, босқа жүрме!
Ойынға, құр қаларсың, көңіл берме.
Оқымай ойын қуған балаларға,
Жолама, шақырса да қасына ерме!

Кідірме, аяңдама, алға ұмтыл,
«Алам» деп көктен жұлдыз қолың серме.
«Қарманған қарап қалмас!» – деген рас сөз,
Тоқтамай істе болсаң, батып терге.

Жасынан оқу оқып, өнер қуған,
Жан жетпес көңілі жүйрік кемеңгерге.
Білімсіз, құр қалтақтап жүргенменен,
Ерте өлген, көмілулі қара жерге...» – депті...

Әкемнің ең алғашқы ұстаздық қызметі Шаян ауылынан басталып, 1958 жылы Ордабасы ауданында жалғасын табады. Десе де, қазақтың бастан кешірген зұлматтары көп қой, расы, менің әкемнің де тағдыр жолы бірсыдырғы емес: аштықты да, соғысты да белден кешті...

Сол қасыреттердің жалғыз мысалы ретінде



қазақтың қабырғалы оқымыстысы Мекемтас Мырзахметұлының: «1932-1933 жылдары ашаршылық болды. Аштықтан қиналған соң, түс кезінде жездеміздің үйіне қарай жолға шықтық. Анам сонда қарындасымды бауырына алып, мені қолымнан жетелеп, аштықтан бұралып әрең жүрді. Жол өнбей, ауылға жақындаған шақта қас қарайып кетті. Бір кезде бізді үш қасқыр қамап, топырақ шаша бастады. Мен қорыққанымнан анамның етегіне тығылдым. Анам қолын сермеп, ышқына айғайласа да, қасқырлар қаймықпады. Содан анам қарындасымды жерге қойып, мені арқалай жөнелді. Қасқырлар қарындасыма қарай бас салған болу керек, «шар» еткен дауысы естілді. Біз сол уақытта аман-есен құтылып үлгердік. Кейін барып қарасақ, қарындасымның шашынан басқа ештеңе қалмапты. Бұл – қасірет. Ашаршылық кезінде қазақ даласында осындай қасыреттер қадам басқан сайын болды. Мен оны өз көзіммен көрдім...», – деген ауыр сөздері жеткілікті...»

***

Иә, әр қазақ секілді ашаршылықтың тауқыметін көрген әрі өмір жолында абыройлы қызметтер атқарған Әуесбек Бекбауов атамыздың ұлт жолындағы елеулі еңбегінің тереңінде қанына сіңген тектілік тұрды. Әуесбек Бекбауовтың нағашы атасы Нұрымбет Арыс өзені тасып, арғы бет пен бергі беттегі халық түйықталып қалғанда, көпір салдырыпты.

Дін жолына түсіп, 1800 жылы қажылыққа барып, «Нұрымбет қажы» атанған қасиеті кемел нағашы қасиетті Мекке қаласында қалуды ұйғарып, елге жиналған серіктеріне аманаттап: «Менің қызым Қантай – Бекбаудың қалыңдығы, сол кісіге ұзатыңдар» – деп, Ыстамбұл қаласынан сары самаурын, қантқайшы, көркі көз тартқан жібек көрпе-төсек беріп жіберген екен.

Күләш апамыздың әжесі он жеті құрсақ көтергенімен, сол кездегі елді жайлаған ауруға төтеп бере алмай, бір ғана қыз бен ұл аман қалады. Тоз-тозы шыққан халық. Аштықтан бір-бірін аямаған жұрт. Азық іздеп, иен далада иесіз қалған ел...

Шынында, айтуға тіл жетпейтін қатал кезең еді...

Әуесбек атамыздың анасы азық іздеп, үдерген көшке ілесіп, төрт жасар қызын қайын ағасына тастап, ұлын қолтығына қысып, Тәшкенге жол тартады. Мақсат – тар құрсағын кеңейткен жалғыз ұлын аштықтан аман алып қалу. Ана тілегі қабыл болып, ұлы аман қалғанымен, елге оралғанда, алдынан қайынағасының жылап шыққанын көргенде, жағдайды түсінеді...

«Жан аға!
Шықтым өлімнен,
Халімді менің көрсейші...
Жаның нұрға көмілген,
Нұрыңнан ұшқын берсейші!» (Жамбылға) – деп, Мағжан Жұмабаев жырламақшы, қатал заман өз дегеніне жеткен екен...

1955 жылы Әуесбек атамыз Фатима Панзабекқызымен бас қосады. Күләш апамыз



туған отбасы туралы толғай сөйледі: «Анамның тұрмыста көрген тауқыметі аз емес: бес жасында анадан жетім қалды. Өгей ананың қолында тәрбиеленген анам білім жолына түсе алмады. Әкеме тұрмысқа шыққаннан сауда саласында жұмыс жасап, жалғыз өзі бірнеше дүкендердің жұмысын қадағалады. Анамның осылай кәсіпті меңгеріп, дөңгелетіп алып кетуіне арғы атасы Серікбай болыстан ауысқан дарындығы деп білемін.

Елді жайлаған ессіз ашаршылықты еңсеріп,

сұрапыл соғыстың тауқыметін тартып, аман оралған әкемнен бес ұл, үш қыз қалды. Ошақтың тұңғышы мен – 1956 жылдың 14 желтоқсанында қазіргі Бәйдібек ауданында дүниеге келдім. Табиғатымда шығармашылық қабілетім бар, бірақ, әке жолын ұстап, мұғалім болдым. Умра қажылығын өтеп келдім.

Анам қазір шүкір тоқсанның үстінде. Қарашада барлық ұл-қыздары, немерелері, шөберелері, ағайын-жұрты, құда-жекжаты жиналып, тоқсан жылдықты тойладық.

Ерболым – Алматы қаласындағы Туберкулезді зерттеу ғылыми институтының хирургі. Денсаулық сақтау саласының үздігі. Ғабитым – кәсіпкер.



Ғазиза қызым – «Қазақстан дәуірі» газетінде журналист болып қызмет атқарды.

Әкемнің екінші баласы Мұхтар мен жұбайы тағдырдың жазуымен өмірден ерте өтті. Артында бір ұл, бір қыз қалды: Абай –полиция қызметкері, Дина – кәсіпкер.

Әкемнің үшінші баласы Асқар – өмірін елге қызмет етуге арнады, Қарақұм ауылы әкімінің орынбасары болды, қазір – әртүрлі салада қызмет атқарып жүрген Әсет, Айбек, Қазыбек, Нұрбек есімді төрт ұлдың зейнеткер-әкесі.

Асыл әкемнің екінші моншақты қызы – Нағима Қожа әулетіне келін. Үлкен ұлы Жомарт – медицина саласында, екінші ұлы Мұса – білім саласында. Үшінші ұлы Мұхаммед – Астана қаласындағы оңалту орталығында; Уәлихан баласы (жұбайымен) – Бирма мемлекетіндегі Мьянма қаласында Кембридж университетінің филиалында мұғалім.

Бесінші бала Бөріхан – Испаниялық беделді бір компанияда IT-програмист. Ғылым жолындағы Саттардың баласы Қайсар –Мәскеу мен Лондонда оқып, Атырауда жұмыс істейді. Мәскеуде білім алған қызы Гауһар– төл кәсібін дөңгелетіп отыр.

Осындай жайсаң ұрпақ жайлы толғанғанда, адуынды ақын Мағжан Жұмабаевтың:

«...Түріктің кім кеміткен музыкасын,
Фараби тоғыз ішекті домбырасын
Шерткенде тоқсан тоғыз түрлендіріп,
Жұбанып, кім тыймаған көздің жасын?!» – дегені еріксіз еске түседі. Өмір – өкінішсіз емес қой, Саттардан кейінгі Бақытжан жиырма бірінде дүниеден өтті...

Отбасындағы қыздың кенжесі Жәмила – екі ұл тәрбиеледі: Дархан – түрік компаниясында экономист, Нұрхан – Тұран университетінің Экономика факультетінде оқиды. Жолдасы Нұрманмен бірге Жәмила Әуесбекқызы Умра қажылығын өтеп келді.

Анамның қолында үйдің ұл кенжесі Русланның атын өзім қойғанмын. Бүгінде ердің жасына жеткен інімнің Әмина, Ибрагим, Мәриям, Анар, Рәбия есімді ұл-қыздары – мектеп қабырғасында білім алып жатқан жас бүлдіршіндер.

Киелі топырақтың бір қаһарман перзенті, менің ардақты әкем Әуесбек Бекбауовтың есімі ел есінде екендігі, ұмытылмайтыны сөзсіз.

«Ғаламның сұлулары татымайды,
Анамның күліп тұрған бейнесіне.
Әлемнің әтірлері тең келмейді,
Әкемнің иісі сіңген жейдесіне...» – деп, ақ сүт берген анамыз бен арқамыздағы қарт Қаратаудай қуатты қорған әкеміздің қадірін біліп, қасиетін ұққан ұлтпыз... Бәрін түсінемін, Мағжан ақын (Жұмабаев) айтпақшы:

«Жоқты күтпе.
Оқ қайтпас – бір атқан соң,
Қайтып татар нәрсе емес – бір татқан соң,
Ізі жоқ іздеп табар, құр қаңғырма,
Күнбатыстан Күн шықпас – бір батқан соң!»

«Әкесі бар баланың – жебесі тастан өтеді» дейді ғой Бұқар жырау, құдайдан сұрарым: әкетайымның жаны Жәннатта шалқығай!»

***

Әкесі туралы сөз қаузағанда жанарына мөлтіл жас тұнған Күләш Бекбауова апам: ««Ұстаздық» деген ұлы қызметтің жолында жүріп, талай қазақ балаларының сауатын ашқан әкем Әуесбектің биыл туғанына 100 жыл толады. Осыған орай, Түркістан облысының Ордабасы ауданындағы Қарақұм жалпы білім беретін мектепте «Әуесбек Бекбауов атындағы математика кабинеті» ашылып, математика пәнінен аудан оқушылар арасында олимпиада ұйымдастыру жоспарланып отыр. Ел игілі жолында ерен еңбек еткен ғасыр құрдасындай Әуесбек Бекбауовтың рухына бағышталып, ұл-қыздары арнайы ас береді. Қабыл болсын!» – деп, омыраулатып сөйлегенде, лезде көзінің оты жанып шыға келді...

Қыздың жаны, ананың жүрегі – терең сезімтал, бай болмысты бөлек қой. Көз алдыма алпыстың асқарынан асқан Күләш апам әкесінің даладай дархан пейіліне – бұрымды қыз-баладай еркелеп отырғандай көрінді...

Гүлсім ЕЛУБАЙ.

RUHUN ŞAD OLSUN BÜYÜK ŞAIR



DR. YAKUP ÖMEROĞLU
AVRASYA YAZARLAR BİRLİĞİ BAŞKANI

Mağcan Cumabay ismini ilk ne zaman duydum hatırlamıyorum ama bu güzel ismi öğrendiğim ilk günden bu yana o isim benim gönlümde sıcacık bir iklime sebep oldu. Onu yakından tanıdıkça da sevgim ve saygım arttı. Belki bu sıcaklık, onun şiirlerinde ve fikirlerinde kendimizi buluşumuzdandır. Türkiye'den Türk Dünyasına bakanlar, o kutlu beldeleri gönülden sevenler Mağcan'la tanıştıklarında o diyarlardan aynı sevgi ve samimiyetle Anadolu'ya bakan bir gönülle karşılaşırlar. Gönül

dünyamızdaki bu büyük kucaklaşma Mağcan'ı o sıcak iklimin sembolü yapıverir. Türkiye'den başka diyarlarda da dili bir, tarihi bir, kültürü aynı Türklerin yaşadıklarını ve onlarla bu bağlarımızı kuvvetlendirmemiz gerektiğini dile getirirken aynı şeyleri Kazakistan bozkırlarında yaşayıp Türkiye ve diğer Türk illeri için söyleyen bir büyük şairle karşılaşmak sizi nasıl bahtiyar etmez ki? Ve bu şair en güzel, en uzun ve estetik değeri en yüksek Turan şiirini yazmış olsun. Mağcan'ın Türkistan şiiri, bugüne kadar yazılmış en güzel ve en büyük Turan şiiridir. Biz Anadolu'dan ötelere bakıp Türk ellerini karşılıksız bir aşkla sevmeye razıyken, aynı samimi duygularla Anadolu'yu, Anadolu Türklerini seven, bizler için kaygılanan, dertlenen ve "Uzaktaki Kardeşime" diyerek seslenen bir koca yürekle karşılaşmanın sevincidir bu büyük şairi tanımak. Elbette Mağcan bu konuda yalnız değildir ama bütün o geniş camianın içinde Mağcan'ın yeri çok yüksekte durur.

Bu yüksek yer, aynı fikirlere sahip olmaktan öte büyük bir şair olmasıyla da ilgilidir. Onun daha 17 yaşında yazdığı mısraları hocası Tatar alim Alimcan İbrahim, Kazak Kızı romanının girişine alır. O genç yaşında o yüksek söyleyiş hocasını ve okuyan herkesi etkilemiştir. Mağcan yalnızca Kazak geleneğini yüksek seviyede devam ettiren bir şair değildir. Onun için modern Kazak şiirinin kurucusudur ifadesini rahatlıkla kullanmak mümkündür.

Geleneğin ustaca kullanımının yanı sıra Kazak şiirine yeni söyleyişler, yeni tarzlar getiren bir şairdir Mağcan.

Mağcan Cumabay, yalnızca şair olsaydı ve ömrünü başka bir şeyle ilgilenmeden sadece bu güzel şiirleri yazmakla geçirmiş olsaydı bile yine de büyük bir saygıyı hak ederdi.

Onun şiiri, mücadelesinin bir parçası, mücadelesi şiirinin omurgasıdır. Mağcan'ı Kazak istiklali ve Türklük ideali mücadelesinden ayırarak değerlendirebilmek mümkün değildir. Çünkü onun şiiri ve düşünce dünyası bu mücadelenin içinde şekillenmiş, ömründe yaşadığı güzellikler ve yaşadığı haksızlıklar hep milleti uğrunda giriştiği mücadeleden ötürü olmuştur. Onun haksız yere hapsedilmeleri ve haksız yere katledilmesi de bu büyük fikirler içindi. O davasının adamıydı. Bolşevik ihtilalinden sonra Moskova'ya gidişi zalimlerin takibatından kurtulma çabasıydı. Sonra Türkistan Cumhuriyetinin başkenti Taşkent'e gelip orada yaptığı çalışmalar adeta mücadelesinin devamı niteliğindeydi. Bolşevik ihtilali sonrasında otonom da olsa Türkistan adıyla bir cumhuriyet kurulabilmişti. Üstelik bu cumhuriyetin adının kısaltmasını TÜRK Otonom Sovyet Sosyalist Cumhuriyeti koyabilmişlerdi. TÜRK OSSC'nin eğitim bakanlığında Mağcan'ın da içinde bulunduğu komisyon Türk Dünyasında ortak alfabe meselelerini tartışacak kadar kendinden emindi. Taşkent merkezli Türk OSS Cumhuriyetinin karışmasından sonra doğduğu Kızılcar'a gelip öğretmenlik yaparak hayatına devam ettiği dönemler hep mücadelesini sürdürmekteydi. Mağcan kendisine yapılan onca baskı, zulüm ve işkenceye rağmen hatta hayatına mal olacak olsa bile ne arkadaşlarını ne de mücadelesini hiç satmadı. Bu bakımdan da Mağcan, Kazak millî hareketinin içinde mücadelesine sadakati bakımından da saygıyı en üst düzeyde hak etmektedir.

Mağcan Cumabay ömrünü adadığı mücade- lesini yalnızca aksiyon adamı olarak geçirmez. O Kazak Millî Hareketinin sanat felsefesini ve eğitim anlayışını ortaya koyan aydındır. Kazak Millî Hareketi Alaş içinde eğitim komisyonunda görevlendirilmesinin ardından başlayan süreç onun Kazak çocukları için bir eğitim kitabı yazılması ile taçlanır. Mağcan'ın eğitim kitabı Kazaklar için bir millî eğitim modeli önermekteydi. Yazıldığı dönemde uygulama imkanı bulamayan bu görüşler, millî ve insanî değerlerin eğitimin içinde yaşatılmasını önemseyen eğitimciler için hala çok kıymetli fikirler ileri sürmektedir. Mağcan eğitimle birlikte Kazak aydınlarına bir sanat ve edebiyat felsefesi de önermektedir. Onun Kazak edebiyatının yolunu çizdiği manifestosu başta büyük Kazak yazar Muhtar Avezov olmak üzere dönemin pek çok aydını tarafından desteklenmiştir. Bolşevik ihtilalinden sonra kaleme alınmış bu manifesto bir bakıma sosyalist yönlendirme ve baskılara da bir başkaldırı olarak da değerlendirilebilir. Burada ileri sürülen görüşler o kadar kıymetlidir ki, Sovyet edebiyatının yol haritasını çizen Gorki dahi Mağcan'a saygı duymaktadır. Nitekim Mağcan'ın birinci hapsedilmesinin ardından Gorki, bu büyük şairin serbest bırakılması için gayret eder ve Mağcan'ın cezası bitmeden serbest bırakılmasını sağlar.

Ancak bu büyük destek bile Mağcan'a çok rahat nefes aldırmaz. İkinci tutuklanmasından sonra şeklen kurulmuş bir mahkeme ile yargılanıp saçma suçlamalarla idama mahkum edilir. Hükmü yoğun bir tipinin altında icra ederler. Şair henüz 45 yaşındadır.

İdamı sonrasında Mağcan adını anmak dahi yasaklanmıştır. Mağcan adı kendinden önce Kazaklar arasında yoktur zaten. Bu yüzden Mağcan denildiğinde kastedilen büyük şair Mağcan Cumabay'dır. Kazak şiir geleneğinde asırlarca halk şiirleri ezberlenerek nesilden nesile nakledilmiştir. Kitabı basılamayan adı anılamayan şairin şiirlerini, o büyük belleğine yazar Kazak, ezberler ezberden okur yıllarca.

Nihayet Kazakistan bağımsız olur işte o gün Mağcan da yeniden doğar. Doğduğu kasabaya onun adı verilir, öğretmenlik yaptığı okul artık Mağcan mektebidir. Caddeler onun adına açılır, törenler onun için yapılır. Kazak halkı ve Kazakistan devleti büyük evladını bağrına basmıştır. Yalnız Kazakistan mı? Onun Uzaktaki Kardeşim diye seslendiği Türkiye Türkleri de, ilk kitabı Çolpan'ı yayınladığı Tataristan Kazan Tatarları da onu en samimi duygularla kucakladılar. Kırgızlar, Azerbaycanlılar şiirlerini yayınladı. Başkurtlar onu kendi hemşerileri gibi yeniden hatırlıyorlar. Türkiye Türkleri onu zaten hiç unutmamışlardı. Onu yıl dönümlerinde anıyorlar şiirlerini okuyorlardı. Şimdi Ankara'nın en güzel parklarının birinde yeşillikler içinde onun büstü şehre değer katıyor. Mağcan şiirlerinin Türkiye'nin büyük şairi Ali Akbaş tarafından Türkçeye çevrilmesi, okurlarının zevk içinde güzel şiirleri okuma imkanı veriyor.

Farkında mısınız bağımsızlık döneminde Mağcan yeniden doğuyor. Mağcan Cumabay'ın şiirinin güzellikleri, fikirlerinin ışıltıları yalnız Kazakistan'ı ve Kazakları değil bütün Türk Dünyasını yeniden kaplamaya başlıyor. O güzellikler ve ışıltılar insanların gönülleri sıcacık iklimlerle dolduruyor, birbirine yaklaştırıyor.

O da bunu yapmak istemişti. Evet, Mağcan başardı.

Ruhun şad olsun büyük şair!

АЛАШТЫҢ ЖАРЫҚ ЖҰЛДЫЗЫ

Замана көші жылжыған сайын кезінде дүниені дүр сілкіндірген ғаламат оқиғалардың да ақырындап ізі өше бастайды. Сондай-ақ сол оқиғалардың бел ортасында жүрген тарихи тұлғалардың да аты ұмытылуға айналып немесе бір кездегі халықтық салмағы жеңіл тартып, қоғамдық аренадан төмен түсіп, сырғи бастайтыны байқалады. Бірақ уақыт сынына төтеп бере алатын, көмескі тартпақ түгілі, жылдан-жылға, күннен-күнге бейнесі жарқырай түсетін, шын мәніндегі халықшыл, ақиқаттың өзіндей нағыз алашшыл біртуарларымыздың жөні бөлек. Солардың ішіндегі бірегейі – Алаштың ірі қайраткері Мағжан Жұмабаев.

Мағжан ақын дегенде қай қазақтың жүрегі бұлқынбайды?! Алаштың Мағжаны дегенде кімнің көңіл көкірегі селт етпейді?!

Ұлы ақынды тек әдебиеттің еншісіне балап, оқулық аясымен ғана өлшесек, өте әділетсіздік, тіпті қиянат болар еді. Мағжан Бекенұлы Жұмабаев – белгілі бір шектеулерге көнбейтін, шу бастан өз саласының сызығынан асып, мемлекеттік тұғыр биігіне көтерілген, ұлттық шеңбердегі аса көрнекті тұлға. Кез келген қабілетті, дарынды адам өз саласының жарық жұлдызы бола алады, әйтпесе, өз мамандығының қас шебері ретінде биік нәтижелерге қол жеткізе алады. Бірақ солардың ішінен суырылып шығып, ұлттық қайраткер бигіне көтерілетіндері сирек. Мағжан – осындай дара болмысты сиректер қатарында тұр. Сөзіме дәлел ретінде және тікелей өз мамандығыма қатысты айтарым: әдебиетші болмасам да әдебиетті осы Мағжандай ақындар арқылы сүйдім, сонымен бірге заңгер ретінде одан көп тағылым алдым, үлгі-өнеге үйрендім.

Ол қандай өнеге дегенге келетін болсақ, бұған бірер сөзбен жауап беру де қиын болар.

Біріншіден, Мағжан ақын маған елін сүюдің, адал қызмет етудің ғажайып өнегесіндей болып көрінеді. Тіпті алқымына жаналғыштың қанжары қадалып тұрса да, алашына адалдықтан, сертінен таймай өткен жан. Екіншіден, ақынның Отаны – туған жеріне деген ұстанымы әшейін көзсіз сүйіспеншілік емес, ол – елінің тарихын түп-тамырына дейін терең зерттеген, бітім-болмысын айқын танып, ажыратқан қайраткер. Оның бір ғана «Түркістан» атты атақты жыры осы сөзіміздің айқын дәлелі. Осы өлеңде, меніңше, елін өртене сүйген ақынның ыстық махаббатымен бірге, оның тарихына деген құрметін анық сезініп отырамыз:

Тұранда түрік ойнаған ұқсап отқа,
Түріктен басқа от болып жан туып па?
Көп түрік енші алысып тарасқанда,
Қазақта қарашаңырақ қалған жоқ па?
Арыстан елге отан болған Тұран,
Тұранда қазағым да хандық құрған.
Қазақтың қасқа жолды Қасым ханы,
Тұранның талай жерін билеп тұрған…

Мағжанның нақ осы, туған халқын түбін танып, тірілтуге, құрметтеп аялауға шақырған шығармашылығыимпериялықбольшевистікпартияны қатты шошытты. Өйткені олардың басты мүддесі – тұңғиық терең тарихты текті жұрттың тамырына балта шауып, өз идеяларының құлына айналдыру болатын. Осыны аса білімді Мағжан жақсы түсініп, түрік Алаш тарихын оятып, халқына рух берді. «Сенің осындай асқақ тарихың, қасиетің бар, құл-құтанға айналатын жөнің жоқ!» – деп жар салды.

Бұл Тұран ежелден-ақ алаш жері,
Тұрансыз тарқамаған алаш шері.
Тұранның топырағында тыныштық тапқан,
Алаштың арыстаны – Абылай ері…
Шер батса кім іздемес туған елін,
Тұлпар да көксемей ме туған жерін?
Арқаның ардагері – қалың алаш,
Тұран да, біле білсең, сенің жерің!..

Мағжанның бұл жырларында жай ғана отаныңның тарихын құрметтеуге шақыру бар десек қателесеміз. Бұл сөздердің астарында «тамырыңды танып, өрісіңді ізде, текті жұрттың ұрпағы екеніңді біліп, болуға қақың жоқ, ұрпағыңның келешегін ойла, ұлт болып, ел болып көтерілуіңді ойла!» деген күрескерлік сарынын аңғару қиын емес. Осы биік рухты, жұртымыздың арғы-бергі тарихы тұнып тұрған «Түркістан» өлеңінің ең соңғы түйінді шумағының өзінде үлкен салмақты ой жатыр:

Ертеде Оқыс, Яқсарт – Жейхун, Сейхун,
Түріктер бұл екеуін дария дейтін.
Киелі – сол екі су жағасына,
Болмаса, барсаңшы іздеп бабаң бейтін!

«Бабалар бейітін іздеудің» ой астары да түсінікті, Мағжан түркінің қарашаңырағын ұстап қалған жұрт деп асқақтататын қазақ халқы империяның қысымымен көп жерінен айырылды. Жалпы Мағжан ақынды алаш жұртының жоқшысы деуіміз әділетке өте жақын анықтама екендігі сөзсіз. Отаршыл империяның қиянатқысымын, отарындағы жұртына көрсетіп отырған зәбірін дәл сондай деңгейде ашына жырлап, өткір сынаған шығармашылық өкілі кемде-кем. Сондықтан да оған кеңестік саяси идеология тарапынан «пантүрікшіл», «панисламшыл» деген ауыр айыптар тағылды. Ал

бұл бағыттар ұға білгенге Мағжанның ең биік азаматтық ұстанымдары болатын. Шын мәніне келгенде, Мағжанның «ұлтшылдығы» бәрінен де асып түсті, өйткені ол ұлтының мұңын көздегенде, бері жақтағы алаш аясымен шектеліп, қазақтық ауқымда ойламай, түрік баласының ежелгі салтанаты асқан дәуірін аңсады, берідегі Шыңғыс хан мен оның ұрпақтарының, Алтын Орданың дүрілдеген заманын асқақтатып қоймай, арыдағы көне сақтар мен ғұндардың осы күндердегі мейманасы тасыған астамшыл империялардың төбесінен қараған, өр кеуделі Ұлы дала перзенттері Ер Түріктің қаһарман рухын оятты. Мағжан поэзиясының құдыреттілігі осында жатыр. Және ең бастысы – мұның бәрі негізсіз емес еді, Мағжан асқан білімділікпен, тарихи зерделілікпен әрі Ұлы даланың төл баласына тән өрлікпен, қайсарлықпен жарқырата танытты. Оған дәлелдеріміз толып жатыр: олар – ақынның барша азаматтық ұстанымын айқындайтын, паспорты мен визиткасы дерліктей жоғарыдағы сөз еткен атақты «Түркістан» және сондай-ақ «Пайғамбар», «Күншығыс», «От», «Жер жүзіне», «Тез барам», «Алыстағы бауырыма», «Мен кім?» деген өлең-жырлары Мағжан ақынның нағыз азаматтық кредосы дерліктей, буырқанған асау ағысты, өр намысты әрі қайнаған ашу-ыза, кекке толы рухы жоғары құдыретті жырлар еді. Мен, әрине, әдебиетші болмағандықтан, ақынның барлық тақырыптарда жазған шығармаларын тегіс қамтиын деп алдыма мақсат қойған жоқпын, әйтпесе, жинағын парақтай отырғанда, оның махаббат, туған жер, балалық, жастық шақ туралы, жар мен балаға арнаған әдемі жырлары көзге түспей қалмайды ғой. Дегенмен маған барлық уақытта да маңызын жоймайтын жоғарыда аталған биік азаматтық рухты, ұлттық ұстанымын айқындайтын, әрі елінің арғы-бергі тарихына, ата-бабалар жолына айрықша құрмет-ілтипатын танытатын өршіл жырлары өзгеше әсер береді. Және бұл жырларында ұрпаққа үлкен өнеге берер қуат, асқан тағылым жатыр деп есептеймін.

Әрине, сонымен бірге елі мен жерін, оның тарихын құрметтейтін кез келген азамат ақынның «Батыр Баян» поэмасын айналып өте алмас. Бұл дастан жайында кезінде фильм түсіріліп, сүйсініп көрдік, жалпы поэма қазақ тарихындағы маңызды кезең – қалмақ-жоңғар шапқыншылығы туралы өте сәтті жазылған шығарма деп ұғамыз. Дастанның адамды жетектеп отыратындай тартымды, оқиғалары қызықты баяндалуы өз алдына, мұнда Мағжанның жоғарыда ерекше атап өткеніміздей, аса білімдар, терең қазыналы тарихшы, зерттеуші әрі өлкетанушы екенін айқын танытардай мазмұнды қырлары өте мол. «Тарихыңды таны!» деп ұрпаққа ұлағат айтқанда, әрине, ең алдымен, ұсынылуға тиіс еңбектер осылар болуға тиіс қой деп пайымдаймын. Және сонымен бірге бұл поэмада ел мен жерді сүюдің ғажайып үлгісі бар деп бағалаймын. Ақын біздің еліміздің аса көрнекті сұлу өлкесі Көкшетауды, оның ішінде айнадай жарқыраған айдынды Бурабай өлкесін айрықша шабытпен жырлағандығына тәнтімін. Өзім де бұл өңірде қызмет етіп, табиғатын сүйіп, елі мен жерін қадірлеп қалғандықтан, бұл поэманың сиқырлы қуатынан ләззат аламын, демаламын. Әсіресе, табиғат сипаттары жаныңды нұрландырады.

«Батыр Баян» дастанына қайталай үңіліп, ақынның әртүрлі үздік қырларына сүйсінесің, оқи қалсаң, бал татқандай тамсанар нәрлі жырларынан сусындап, мейірің қанады.

Өзім де Көкшенің табиғатына іңкәр, ғашық жандардың бірі болғандықтан, оның экология мәселесін қозғаған тұстары да ойға қалдырады, ақынның махаббаты туған жеріне жанашыр, қамқор ниетімен бағалырақ болатынына көзің жете түседі:

Ақынның бұл өлеңінің ойға қалдыратыны сол, ол «туған өлкеңді танып-біліп, сүйіп қана қойма, жеріне жанашыр бол, аңына қамқор бол!» деген үлкен жүректі ойын білдіреді. Бұл жолдардан ақынның ойы мен идеясын ғана емес, азғантай ғұмырын қуғын-сүргінмен, немесе, тас қабырғаның ар жағында сарғаюмен өткізген жалынды асау ақынның өзекті өртер өкініші мен мұң-шерін, сағынышы мен қапалы көңілін айқын тануға болардай. Осыншалық ұлы жүректі ақынның ауыр азапты тағдырына жаның күйзеледі. Әрі сол ауыртпалықты тағдырына мойып, рухын сындырмаған, өршелене қарсы тұра алған ғаламат ерік-жігерінің, қайсарлығының алдында басыңды иесің.

Иә, бәріміз де туған жер мен ел тағдырына жайбарақат қарай алмаспыз, өзімізше сүйіп, өзімізше толғанармыз, бірақ алмағайып, аумалы- төкпелі заманда өмір сүріп, қуғын-сүргінді тағдырды бастан кешкен, ақыр аяғында нағыз жалындаған жемісті жылдарында зұлмат заманның құрбандығына айналған асау ағысты, өр дауысты ақынның өзгеше сүйіспеншілігін, өжеттігі мен табандылығын мойындауға мәжбүрміз. Ел мен жерді беріліп сүюдің, оған адал қызмет етудің, жолына басын тігудің бұдан жарқын үлгісін табу қиын болар.

Бірін артық, бірін кем деп салыстыра бағалап, асылық сөз айтпайық, Мағжанды айбынды Алаш жұртының ақмаңдай арыстары Әлихан мен Ахметтерден, Міржақып пен Жүсіпбектерден, Әлімхан секілді алыптар тобынан – ардақты аяулы тұлғаларымыздың қатарынан табамыз. Олардың бәрі де Мағжан секілді, ғазиз бастарына төнген қауіпті жақсы сезініп біле тұра, қиянатшыл империямен арыс тандай алысып өткен асыл текті арыстарымыз болатын. Қайран арыстарымыздың рухы мен идеялары мәңгі өшпей, өлмей жасай берсін деп тілейік!

Досжан ӘМІР

ТҮРКІСТАН МУЗЫКАЛЫҚ ДРАМА ТЕАТРЫНДА «МАҒЖАН» СПЕКТАКЛІ С АХНАЛАНДЫ







Жас драматург Алмас Нүсіптің ақын, ғалым, аудармашы, Алаш қозғалысының қайраткері Мағжан Жұмабайұлы жайындағы туындысы алғаш рет былтыр күзде сахналанды. Сахналық қойылымда қазақ даласын аштық жайлаған кезеңде Мағжанның кеңес үкіметінің озбыр саясатына қарсы күресі бейнеленген. Онда ұлы ақын әділетсіздікпен, солақай саясаттың қолшоқпарына айналған шолақ белсенділермен күреседі. Қазақ халқының басына түскен нәубетке қабырғасы қайыса отырып қарсы шығады. Идея авторы және театрдың көркемдік жетекшісі Айнұр Көпбасарованың айтуынша, көрермен спектаклде Мағжанды жаңа қырынан таниды.

Айнұр Көпбасарова, театрдың көркемдік жетекшісі:

- Біз Мағжан Жұмабаевті лирик ақын ретінде ғана білеміз. Оның қоғамдағы ауыртпалық, ашаршылық кезіндегі елден жылу жинап, қаншама қазақтың аман қалуына, қазақ халқының тағдырындағы ең қиын нәубеттің бірінде өзінің қоғам қайраткері екендігін, белсенді жұмысын біз біле бермейміз. Сондықтан бұл спекталь сол қиын-қыстау кезеңдегі қазақ арыстарының бейнесін толықтыратын спектакльдердің бірі деп айтуға болады. Қойылымды Италиялық режиссер Davide Livermore сахналады. Ал Мағжан бейнесін белігілі, талантты әртіс Еркебұлан Дайыров сомдады. Өзге рольдерді Зарина Кармен, Али Марат сынды елімізге танымал әртістер ойнады. Яғни, актерлердің дені – жастар. Бірақ соған қарамастан жас әртістер бірнеше мәрте геноцидке ұшыраған қазақ халқының ауыр тағдырын, елі үшін басын қатерге тіккен жас Мағжанның бейнесін көрерменге жеткізе білді.

Еркебұлан Дайыров, актер:

- Бұл спектакль Мағжан атамыздың махаббатынан гөрі ұлы депрессиясына арналды деп айтса болады. Бұл спектакльдің ерекшелігі сонда. Мағжанның да ерекшелігі сонда. Біз өзіміздің қайраткеріміздің шынайы қазақтың баласы екенін көрсеттік. Шындығына келген кезде, дәл осы аштық, үлкен нәубеттің ортасында Мағжан атамыз құралақан отырмаған. Қойылымды тамашалаған көрермендер «спектакль – шынайылығымен, елі үшін азап шеккен Алаш қайраткерлерінің сын сағатта сынып кетпей, ұлтқа адал қызмет етудің ерен үлгісін көрсете білуімен құнды», - дейді.

Ж. Жұмабек



Ерлерді ұмытса да ел, сел ұмытпас,
Ерлерді ұмытса да ел, жел ұмытпас,
Ел үшін жаннан кешіп, жауды қуған,
Ерлерді ұмытса да ел, шөл ұмытпас.
Ел үшін төккен ерлер қанын жұтқан,
Ерлерді ұмытса да ел, жер ұмытпас.
Арқаның сөлі, желі, шөлі, белі
Ерлерді ұмытпаса, ел де ұмытпас!

Мағжан Бекенұлы